



РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ ЖУРНАЛ

«МӘДЕНИЕТ. ҒЫЛЫМ. ҚОҒАМ»

РУХАНИ МӘДЕНИЕТ

РУХАНИ ӨМІР

АДАМ МЕН ҚОҒАМ

БІЛІМ

ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ

ИДЕЯЛАР

ТАРИХ

ҚОҒАМДЫҚ САНА

ӘДЕБИЕТ

СӘУЛЕТ

ЕСКЕРТКІШТЕР

АДАМЗАТ

Астана - 2024



РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ
ЖУРНАЛ
«МӘДЕНИЕТ. ҒЫЛЫМ. ҚОҒАМ»

Выпуск №2-3. 2024 год
Издается с августа 2022
Периодичность: ежеквартально.
Тираж: 1000 экз.

СВИДЕТЕЛЬСТВО о постановке на учет
периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого
издания №KZ34VPY00052088, город
Нур-Султан, дата выдачи 15.07.2022

Мнение авторов материалов может
несовпадать с позицией редакции.
За точность публикуемых сведений и цитат
ответственность несут авторы материалов.
Редакция оставляет за собой право
редактировать материалы.
Редакция не рецензирует и не возвращает
рукописи.
Плата за публикации рукописей в журнале
«Мәдениет. Ғылым. Қоғам» не взимается.

Гонорары авторам статей не
выплачиваются.

Учредитель и издатель:
«Центр сближения культур»
Научно-исследовательский институт
культуры Казахстана»
Комитета культуры Министерства культуры
и информации Республики Казахстан.
Почтовый адрес редакции: 010000,
город Астана, район Алматы, проспект
Тәуелсіздік, 54

Бас редактор:

МУНАЛБАЕВА УМУТКАН ДАУРЕНБЕКОВНА

Редакционная коллегия:

СУЛЕЙМЕНОВ ОЛЖАС ОМАРОВИЧ –
поэт, народный писатель Казахстана,
лингвист-исследователь, тюрколог,
видный государственный и
общественный деятель

ОРСАРИЕВ А.А. – главный научный
сотрудник РГКП «Государственный
музей «Центр сближения культур»
Научно-исследовательский институт
культуры Казахстана»

БАТУРИНА О.В. – кандидат
искусствоведения, профессор кафедры
истории и теории изобразительного
искусства КазНАИ им. Т.Жургенова,
член Союза Художников РК, эксперт
ЮНЕСКО по сохранению культурного
наследия

ЖУСИП Н.Б. – казахстанский
журналист, общественный деятель,
заслуженный деятель Казахстана,
Депутат Сената Парламента Казахстана

ГАРКАВЕЦ А.Н. – Доктор
филологических наук, тюрколог

КАБУЛЬДИНОВ З.Е. – доктор
исторических наук, профессор

КУЛЬШАНОВА А.А. – доктор
исторических наук, профессор

ЕНСЕНОВ К.А. – ведущий научный
сотрудник Института истории
государства КН МОН РК, Кандидат
исторических наук

КРУПКО И.В. – руководитель
отдела конференций и выставок
Международного центра сближения
культур под эгидой ЮНЕСКО, PhD

АННАКУЛИЕВА Г.А. – кандидат
экономических наук, академик МАИН,
доцент UIB

«МӘДЕНИЕТ. ҒЫЛЫМ. ҚОҒАМ»
ЖУРНАЛЫНЫҢ МАҚСАТЫ:

- Мәдениеттерді жақындастыру саласындағы жаңа ғылыми мақалаларды, инновациялық әзірлемелерді, тарихи құжаттарды және өзекті ғылыми басылымдарға рецензияларды жариялау;
- Шетелдік ғалымдар мен мемлекет қайраткерлерінің мақалаларын журналда жариялауға тарту арқылы ғылыми қоғамдастық құру;
- Жас ғалымдардың шығармашылық және жарияланымдық белсенділігін арттыру;
- Оқырман аудиториясын мәдениеттану ғылымдары саласындағы жаңа жетістіктермен таныстыру;
- Магистранттар мен докторанттардың диссертациялық зерттулерінің нәтижелерін апробациялауға қолдау көрсету;
- Қазақстандық гуманитарлық ғылымдарды әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялау;
- Қазақстандық ғылыми мектептің әлемдік ғылыми қоғамдастықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- «Жаңа Қазақстан» стратегиясы шеңберінде мәдениет саласындағы негізгі ережелерді іске асыруға ықпал ету;
- Халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес жарияланымдардың жоғары ғылыми және кәсіби деңгейін қамтамасыз ету;
- Журналдың миссиясы – мәдени және философиялық ғылымдар туралы дәстүрлі идеяларды синтездеу. Бүгінгі таңда мәдениеттерді жақындастыру және мәдениетті тарихи талдау мен мамандандыру мәселелері бұрынғыдан да өзекті. Осыған байланысты, журналда елеулі орын алатын антропология Қазақ және жалпы адамзаттық мәдениеттің қайталанбас ерекшелігіне, сондай-ақ коммуникация жүйесі ретінде осы мәдениеттер әзірлеген символдар мен белгілерге, сондай-ақ өзін-өзі қабылдау тәсіліне назар аударады.

ЗАДАЧИ ЖУРНАЛА
«МӘДЕНИЕТ. ҒЫЛЫМ. ҚОҒАМ»:

- Публикация новых научных статей, инновационных разработок, исторических документов и рецензий на актуальные научные издания в сфере сближения культур;
- Формирование научного сообщества за счет привлечения к публикациям в журнале статей зарубежных ученых и государственных деятелей;
- Повышение творческой и публикационной активности молодых ученых;
- Ознакомление читательской аудитории с новейшими достижениями в области культурологических наук;
- Поддержка магистрантов и докторантов в апробации результатов их диссертационных исследований;
- Интеграция казахстанских гуманитарных наук в мировое научное пространство;
- Повышение конкурентоспособности казахстанской научной школы в мировом научном сообществе;
- Способствовать реализации в сфере культуры в рамках стратегии «Жана Казахстан»:
- Обеспечение высокого научного и профессионального уровня публикации в соответствии с требованиями международных стандартов;
- Миссия журнала – синтез традиционных представлений о культурологических и философских науках. Сегодня, как никогда, актуальны вопросы специализации исторического анализа культуры и сближения культур. В этой связи, антропология, которой мы надеемся отвести в журнале заметное место, обращает внимание на неповторимое своеобразие казахской и общечеловеческой культуры, а также выработанных этими культурами символов и знаков как системы коммуникации, а также способа самовосприятия.





МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРІ АИДА БАЛАЕВАНЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевқа ақпарат, мәдениет, креативті индустрия, азаматтық қоғам, дін, этносаралық қарым-қатынас, жастар және отбасылық-демографиялық саясат салаларында қабылданып жатқан шаралар туралы мәлімет берілді. Аида Балаева ведомствоның жетекшілік ететін салаларын дамытуға қатысты жоспарын айтты.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы министрлікке мәдени-тарихи нысандардың инфрақұрылымын дамыту, шығармашылықты қолдау, Қазақстанның мәдениетін шетелде дәріптеу секілді бірқатар нақты міндет жүктеді. Бұдан бөлек, креативті индустрияны институционалдық тұрғыда қолдау және аталған саланы жедел дамыту жұмыстарын жандандыру тапсырылды.

13 мамыр



**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ
ҚАЗАҚСТАН-СИНГАПУР
РЕКТОРЛАРЫНЫҢ
«ҒЫЛЫМ МЕН ЖОҒАРЫ
БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ
ӘРІПТЕСТІКТІҢ
ЖАҢА ШЫҢЫ» АТТЫ
ФОРУМЫНА ҚАТЫСТЫ**
24 мамыр

«Бүгінгі форумның екі ел ынтымақтастығы үшін маңызы зор. Бұл шара Қазақстан мен Сингапурдың білім және ғылыми-зерттеу салаларындағы ықпалдастығын бұдан да жоғары деңгейге шығаруды көздейді. Кеше Сингапурдың Президентімен және Премьер-министрімен ғылым, білім, халықаралық байланыстар сияқты екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелері бойынша өте мазмұнды келіссөздер жүргіздім. Қазақстанның барынша ашық, тұрақты нарықтық экономикаға көшуі қарқынды және орнықты білім беру стандарттары мен цифрлық трансформацияны қажет етеді», – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда шетелдік жетекші университеттердің филиалдарын ашу, халықаралық институттармен бірлесіп ұдайы зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін елімізге дәйекті тәсіл қажет екенін айтты.

«Соңғы бірнеше жылда біз беделді 19 университетпен стратегиялық альянс құрдық. АҚШ, Ұлыбритания, Ресей және Германия университеттері елімізде өз филиалдарын ашты. Сондай-ақ, Қытай, Түркия, Италия және басқа да мемлекеттердің университеттері Қазақстанға қызығушылық танытып отыр», – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев кеше Қазақстан мен Сингапурдың тиісті ведомстволары арасында Жоғары білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылғанын айтты.

«Бұл динамика басқа да бірқатар құжатты қабылдау, соның ішінде Наньян технологиялық университетімен Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою арқылы жалғасады. Бұл меморандум Қазақстан үшін маңызы зор су ресурстарын басқару саласындағы ынты-



мақтастыққа бағытталған. Су – ауыл шаруашылығынан өнеркәсіпке, денсаулық сақтаудан қоршаған ортаға дейінгі өміріміздің барлық аспектісіне әсер ететін өте маңызды ресурс. Су ресурстарын тиімді басқарудың орнықты даму мен экономикалық тұрақтылық үшін мәні зор», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстанның «Болашақ» бағдарламасы арқылы Сингапурға зерттеушілер мен ғалымдарды жіберуге ниетті екенін айтты. Оның айтуынша, аталған бағдарлама жүзеге асырыла бастағаннан бері 12 мыңнан астам қазақстандық студент әлемнің үздік университеттерінде білім алу мүмкіндігіне ие болды. Оның ішінде 72 отандасымыз Сингапурда оқыған.



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНДА ЖАС ҒАЛЫМДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

31 мамыр

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық ғылым академиясының таяуда ғана күрделі жөндеуден өткен «Ғылым ордасы» ғимаратын аралап көріп, ғылыми қауымдастықпен кездесті.

Академик Қаныш Сәтбаев негізін қалаған қазақ ғылымының қара шаңырағына «Qazaq Stroy» құрылыс компаниясы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізген. Жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары барысында тарихи ғимараттың бастапқы архитектуралық келбетін сақтауға айрықша мән берілген. Мысалы, ғимараттың көптеген элементтері – қасбеті, едені, мәрмәр баспалдақтары, ішкі және сыртқы безен-



дірулері бұрынғы үлгіге сай реставрациядан өткен. Бұдан бөлек, инженерлік желілер мен жиһаз-жабдықтар толықтай жаңартылып, ауа баптау, өрт қауіпсіздігі жүйелері орнатылған. Қазіргі кезде 6 павильонда жөндеу жұмыстары толықтай аяқталған. Ал қалған алтауында реконструкциялау жұмыстары қысқа дейін бітеті деп жоспарланып отыр.

«Бүгінде алпауыт елдердің арасында барлық салада бақталастық өршіп тұр. Біз осы күрделі кезеңде экономиканың жаңа үлгісіне көше бастадық. Әділ, инклюзивті әрі бәсекеге қабілетті экономика құруға кірістік. Ғылым мен инновация оның басты тірегі болуға тиіс. Біз көшке ілесетін емес, көшті бастайтын елдердің қатарында болуымыз керек. Бір сөзбен, ғылыми әлеуетімізді арттыру қажет. Жалпы, осы бағытта біраз шаруа атқарылып жатыр. Мен Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында бірқатар нақты тапсырма бердім. Барлық мәселе менің тікелей бақылауымда. Қазір «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заң жобасы Парламентте қаралып жатыр. Кеше Сенат оны бірінші оқылымда мақұлдады. Бұл – өте маңызды әрі көптен күткен құжат. Ғылымды басқару жүйесін жетілдіру керек. Ғалымдарға әлеуметтік қолдау көрсету мәселесі де маңызды. Сондықтан Заңда ғылыми қауымдастықтың мүддесі барынша ескерілетін болады», – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде ғылым мен жоғары білім салаларын да-

мыту үшін қабылданып жатқан кешенді шараларды атап өтті. Нақтырақ айтқанда, білікті кадрлар әзірлеуге арналған грант саны соңғы жылдары бір жарым есе көбейді. Қазақстанда әлемнің беделді 12 жоғары оқу орнының филиалы жұмыс істеп тұр. Көп ұзамай тағы бірнешеуі ашылады. Зерттеу жұмыстарымен айналысатын университеттер көбеюде. Технология парктері және инжиниринг орталықтары ашылып жатыр. Жыл сайын 500 ғалым шетелде тағылымдамадан өтеді. Министрлік жас ғалымдарға мыңдаған грант бөліп жатыр. Президенттің пікірінше, мұның бәрі – ғылымды дамытуға оң ықпалын тигізетін шаралар.

Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев цифрландыру, энергетика, атом энергетикасы, мұнай химиясы, геологиялық барлау, машина жасау, медицина, фармацевтика, биотехнология, ауыл шаруашылығы салаларын ілгерілетуге назар аударып, жол-көлік инфрақұрылымын дамыту, су ресурстарын тиімді басқару, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайларды болжау және оның алдын алу секілді маңызды міндеттерге кеңірек тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, алдағы екі жылда жас ғалымдардың зерттеуіне бөлінетін грант саны тағы да көбейетінін, ол үшін бюджеттен 18 миллиард теңге бөлінетінін мәлімдеді. Сондай-ақ нақты шаралар арқылы еліміздегі ғылымды және жалпы ғалымдар қауымын қолдау жұмысы алдағы уақытта да жалғасатынын жеткізді.

Шара соңында Президент жас ға-

лымдарға әлеуметтік тұрғыдан қолдау көрсету – мемлекеттің міндеті екенін атап өтіп, ғылымның түрлі саласында еселі еңбек етіп жүрген он азаматқа салтанатты түрде пәтер сертификаттарын табыстады.



ПРЕЗИДЕНТ ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙДЕГІ ӨНЕР ТУИНДЫЛАРЫ КӨРМЕСІН ТАМАШАЛАДЫ

6 маусым

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы Ұлттық музейге арнайы барып, отандық және әлемдік бейнелеу өнері туындыларының көрмесімен танысты.

Президентке өнертанушы Ольга Батурина қазақстандық талантты қылқалам шеберлерінің туындылары жинақталған «Дала кескіндемесі: рәміздер, бояулар, бейнелер» атты көрмені таныстырды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа әйгілі италиялық суретші Леонардо да Винчидің «Әдемі ханшайым» (La bella principessa) картинасының түпнұсқасы көрсетілді.

Танымал туындының көрмесі Ұлттық музейдің 10 жылдығына орай Италияның «Scripta Manent» баспасымен бірлесе ұйымдастырылған. Жоғары Ренессанс дәуіріне жататын бұл құнды жәдігер Еуропадан тысқары жерге алғаш рет шығарылып отыр.



МИЛЛИАРДЫ ИНВЕСТИЦИИ И ГОРОД МЕЧТЫ: ЧТО ТОКАЕВ ОБСУЖДАЛ В СИНГАПУРЕ



Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев совершил официальный визит в Республики Сингапур, встретился с президентом страны Тарманом Шанмугаратнамом и выступил на казахстанско-сингапурском бизнес-форме.



ОТКРЫТЬ НОВУЮ ГЛАВУ

В Сингапур президент Казахстана прибыл ранним утром 23 мая. Как сообщила пресс-служба главы государства, Касым-Жомарта Токаева встретил президент Сингапура Тарман Шанмугаратнам. Токаев оставил запись в книге почётных гостей. После официальной церемонии Касым-Жомарт Токаев и Тарман Шанмугаратнам направились в зал переговоров.

На встрече Токаев обратил внимание на то, что это первый визит президента Казахстана в Сингапур за более чем 20 лет. При этом он отметил, что хорошо знает эту страну, поскольку успел поработать здесь дипломатом в 70-е годы. Касым-Жомарт Токаев назвал Сингапур надёжным партнёром Казахстана.

«Сегодня в нашей стране есть более

140 сингапурских компаний и совместных предприятий, а общий объём сингапурских инвестиций в казахстанскую экономику уже превысил 1,7 миллиарда долларов. Думаю, объём взаимной торговли вскоре превысит два миллиарда», сказал президент Казахстана.

Касым-Жомарт Токаев заявил, что наша страна намерена открыть новую главу в двустороннем сотрудничестве, ориентированном на доверительный политический диалог, а также динамичные торговые и инвестиционные связи.

На встрече лидеры Казахстана и Сингапура обсудили инвестиционные связи и сотрудничество в сферах образования и развития человеческого капитала.

После переговоров глав двух госу-



дарств Касым-Жомарт Токаев встретился с премьер-министром Сингапура Лоуренсом Вонгом. Президент поздравил премьера с недавним назначением на должность.

Лоуренс Вонг подчеркнул, что Сингапур может послужить своеобразным гейтом для Казахстана в расширении взаимодействия со странами АСЕАН, а Казахстан может содействовать сближению Сингапура со странами ЦА.

Стороны обсудили взаимодействие в разных сферах, среди них – зелёная энергетика, транспорт и логистика, цифровизация, финансы, АПК, добыча и переработка важного сырья, электронная коммерция.

Президент и премьер также затронули реализацию проекта AlatauCity в Алматинской области с участием сингапурской компании Surbanajurong и партнёрство PSA International и КТЖ. Цель последнего – нарастить потенциал Транскаспийского маршрута.

Собеседники договорились укреплять взаимодействия в сфере образования и на-

уки. После этого Токаев пригласил премьера Вонга посетить Казахстан с визитом.

Завершил встречу обмен меморандумами и соглашениями. Среди них – меморандумы о взаимопонимании между правительствами двух стран, между двумя министерствами внутренних дел, между министерствами юстиции Казахстана и Сингапура по вопросам сотрудничества в сфере охраны прав интеллектуальной собственности и по правовому сотрудничеству. Меморандум о сотрудничестве заключён между Министерством науки и высшего образования Республики Казахстан и Министерством образования Республики Сингапур. Кроме того, ***подписано соглашение между Казахстанским институтом стандартизации и метрологии и компанией EnterpriseSingapore о сотрудничестве в распространении и переводе сингапурских стандартов.***

ВЛОЖЕНИЯ И ПРЕДЛОЖЕНИЯ

В рамках официального визита Касым-Жомарт Токаев выступил на казахстанско-сингапурском бизнес-форуме.

Говоря о Казахстане, президент отметил, что наша страна – это динамично развивающаяся экономика с массой возможностей. Многие экономические реформы в Казахстане основываются на опыте Сингапура.

«Есть реформы, направленные на развитие свободного рынка, стимулирование инноваций и переход к экономике, основанной на знаниях. Они соответствуют высоким международным стандартам, в том числе стандартам ОЭСР. Вскоре мы запускаем новый инвестиционный цикл, стратегическая цель – привлечь 150 миллиардов долларов прямых иностранных инвестиций к 2029 году», поделился Токаев.

Отметив высокую ценность прочных партнёрских отношений с Сингапуром, президент обратил внимание на то, что в прошлом году объем двусторонней торговли составил 1,8 млрд долларов. Общий объем сингапурских инвестиций в Казахстан превысил 1,7 млрд долларов.

«Считаем, что в ближайшие годы эти показатели могут удвоиться. В этой связи для развития двустороннего партнёрства крайне важна прочная правовая база. Мы ратифицировали Межправительственное соглашение о поощрении и взаимной защите инвестиций, обеспечивающее высокий уровень защиты обоюдных инвестиций», сообщил он.

Глава государства обозначил ряд перспективных направлений сотрудничества. В качестве первой задачи он назвал сектор городского развития. Президент считает амбициозным проектом строительство совершенно нового интегрированного инновационного мегаполиса в Казахстане – AlatauCity.

«Проект задуман как "Сингапур Центральной Азии" и призван стать ведущим международным бизнес-хабом. Отведённая территория площадью в тысячу

квадратных километров будет развиваться в режиме Специальной экономической зоны. С удовлетворением хотел бы отметить, что мастер-план проекта разработала сингапурская компания SurbanaJurong. После завершения форума я намерен дополнительно обсудить этот вопрос со всеми заинтересованными сторонами», сказал Токаев.

Ещё один важный момент, который затронул президент, – готовность Казахстана обеспечить поставки в Сингапур критически важного сырья и природных ресурсов.

«С учётом того, что мировой спрос на редкие металлы к 2040 году вырастет в четыре раза, Казахстан, располагающий примерно пятью тысячами неразведанных месторождений, может стать надёжным партнёром для совместного развития такого потенциала. Мы возлагаем большие надежды на долгосрочное сотрудничество с компанией Indogata, которая заинтересована в разведке медных и фосфатных месторождений в Казахстане», подчеркнул Касым-Жомарт Токаев.

Кроме того, он призвал сингапурские компании к расширению партнёрства в производстве экологически чистой энергии, к передаче технологий и опыта в этой сфере.

Отдельно президент отметил важность сотрудничества в сфере транспортной инфраструктуры. В пример он привёл партнёрство между казахстанской компанией КТЖ и сингапурской компанией PSA International, нацеленное на расширение потенциала Транскаспийского международного транспортного маршрута.

«Это самый короткий и устойчивый маршрут из Центральной и Восточной Азии в Европу. Считаем, что сингапурские компании и финансовые институты могут извлечь значительную выгоду, изучив возможности для бизнеса и инвестиций в этой области. Я также приветствую приватизацию нашей авиакомпании QazaqAir вьетнамской компанией SOVICO Group, это позволит

активизировать авиасообщение между Казахстаном и странами АСЕАН», добавил Касым-Жомарт Токаев.

Следующим вопросом, на котором остановился президент, стало сельское хозяйство. Он предложил сингапурским компаниям создать совместные агроинновационные центры, а также работать в сферах развития высокоточного земледелия и более эффективного использования водных ресурсов.

Также президент полагает, что большие возможности для взаимодействия имеются в биотехнологической отрасли и медицине. Ещё одним перспективным направлением, способствующим повышению производительности и экономическому росту, он назвал цифровой сектор. По словам Касым-Жомарта Токаева, Казахстан, следуя примеру Сингапура, стремится стать ведущим технологическим и IT-хабом на Евразийском континенте. В частности, наша страна нацелена на масштабное сотрудничество в таких областях, как R&D-проекты, стартапы, образование для создания новых комплексных IT-проектов, особенно в области искусственного интеллекта.

В заключение Касым-Жомарт Токаев обратил внимание на конкурентные преимущества Международного финансового центра «Астана» в привлечении инвестиций.

возобновляемые источники энергии, агробизнес, здравоохранение, должно демонстрировать отход от традиционных отраслей, основанных на потреблении ресурсов», сказал Касым-Жомарт Токаев.

Он отметил, что создание зелёного, устойчивого и инклюзивного города требует интенсивной координации политики и инвестиционных условий. Поэтому правительство Казахстана создало свободную экономическую зону (СЭЗ) Alatau площадью около тысячи квадратных километров.

Напомним, профессор и нобелевский лауреат Рае Квон Чунг считает, что Алатау может стать самым экологически чистым и продвинутым городом в мире.

На казахско-сингапурском бизнес-форуме прошла церемония подписания ряда соглашений о сотрудничестве, меморандумов и деклараций между флагманами бизнеса двух стран. В их числе – соглашение о стратегическом сотрудничестве между АО «Казпочта» и SingPost, Меморандум о дальнейшем сотрудничестве между АО «НК «Қазақстантеміржолы», PSA KZ PteLtd, KPMC Ltd и G-transServiceи другие.

Orda.kz

ГОРОД – СКАЗКА, ГОРОД – МЕЧТА

Проект AlatauCity на бизнес-форуме обсудили отдельно, рассматривая его как катализатор экономики для всего региона Центральной Азии. Для казахстанской стороны этот проект стал флагманским.

«Продуманная инфраструктура, применение инновационных технологий при строительстве жилья, акцент на перспективные отрасли – всё это критически важные элементы, обеспечивающие успех AlatauCity как проекта устойчивого развития. Развитие инновационных секторов, таких как IT, стартапы, исследования и разработки, устойчивое производство,


ИНТЕГРАЦИЯ И ДОВЕРИЕ: ЭКСПЕРТ О ВИЗИТЕ ПРЕЗИДЕНТА КОРЕИ В КАЗАХСТАН



Состоялся двухдневный государственный визит в Казахстан президента Республики Корея Юн Сок Ёля. Стороны подписали множество документов по сотрудничеству в области развития инфраструктуры, производства, финансов, энергетики, автомобильной промышленности, медицины.

Визит президента Кореи был во многом долгожданным – не зря президент Касым-Жомарт Токаев назвал его историческим. И тому есть много причин, считает экономический обозреватель Тулеген Аскарков.

Во-первых, в Казахстане живет большая 120-тысячная корейская диаспора, которая вносит огромный вклад в развитие страны. Во-вторых, Корея занимает четвертое место во внешнеторговом обороте РК и входит в десятку крупнейших иностранных инвесторов нашей страны. Есть и третий момент:



"Казахстан необыкновенно богат природными ресурсами, а Республика Корея – лидер по обрабатывающей промышленности, инновациям и технологиям. Это оптимальный тандем для решения самых амбициозных проектов".

Тулеген Аскаргов

Отметим, что и для корейского лидера поездка в Центральную Азию очень значима – не даром Юн Сок Ёль взял с собой больше 50 "капитанов" корейского бизнеса. Влиятельная корейская газета The Korean Times так описала эту поездку:

"Это первая зарубежная поездка Юна в Центральную Азию с момента вступления в должность в мае 2022 года. Визит поможет создать новые бизнес-возможности для корейских компаний в сфере энергетики, важнейших полезных ископаемых, инфраструктуры и других областях, а также диверсифицировать сотрудничество в новых областях, таких как реагирование на изменение климата и экспорт технологий".

The Korean Times

В целом, наше сотрудничество и так очень целостное и органическое, хотя Казахстан

и Корея не являются географическими соседями, продолжает Тулегенов. В Казахстане функционируют более 700 корейских компаний. Это Samsung, Hyundai, Kia, Lotte, Posco и так далее.

"С большим удовольствием мы, финансисты и экономисты, восприняли новость о появлении корейского банка на основе компании BNK Finance Kazakhstan. Это будет не просто банк, а представитель международного финансового гиганта. Уже известно, что новый банк займется кредитованием МСБ, торговым и проектным финансированием, корпоративной поддержкой и так далее. Это усилит конкуренцию в банковской сфере и позволит привлечь дополнительные средства для развития экономики".

Тулеген Аскаргов

Также Тулеген Аскаргов отметил реальное воплощение и действенность многовекторной экономической политики Казахстана на примере строящейся корейской фирмой Doosan парогазовой электростанции в Туркестане мощностью 1 тыс. МВт.

Doosan Group занимает седьмое место в мире по выпуску землеройной и дорожно-строительной техники, в



группу входят 25 дочерних организаций в Корее и 86 зарубежных филиалов в 35 странах мира. В 2020 году компания уже реализовала в Казахстане проект газотурбинной электростанции в Атырауской области мощностью 310 МВт. Теперь идет строительство большего объекта, в нем участвуют свыше 2 тыс. человек.

"Таким образом наша страна показывает открытость для всех партнеров. Россия строит электростанции на востоке страны, Корея запускает энергетические проекты на западе и юге. Мы готовы работать со всеми".

Тулеген Аскарлов

Важнейшим направлением сотрудничества станет разработка литиевых месторождений. Корейский институт геологических исследований и минеральных ресурсов уже провел разведку в Восточно-Казахстанской области. Осталось приступить к добыче редкоземельного металла для электромобилей.

"При этом будет использована формула "инвестиции и технологии в обмен на сырье", то есть, не исключено, что в скором времени мы увидим казахстанско-корейские электрокары".

Тулеген Аскарлов

Добавим, дело здесь не только в одном литии. В рамках визита Юн Сок Ёля был подписан меморандум о взаимопонимании в сфере партнерства по критическим минералам и металлам. Это соглашение между Министерством торговли, промышленности и энергетики Республики Корея и Министерством промышленности и строительства Республики Казахстан.

Цель меморандума – создание в РК химико-аналитической лаборатории для анализа критических минералов и металлов, и проведения научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ. Будут изучаться возможности добычи таких металлов, как никель, кобальт, тантал, вольфрам, бериллий, ниобий, титан, рений, фосфор, конечно, литий.

Помимо этого, подписаны документы о еще нескольких проектах.

Samsung Electronics планирует начать в Казахстане производство бытовой техники. GL Ralpa хочет построить биофармацевтический завод, очень скоро ожидается запуск завода полного цикла KIA с объемом инвестиций в 200 млн долларов, будет налажен трансферт технологий в нефтедобывающую промышленность, Казахстану будут предоставлены корейские

сельскохозяйственные технологии – умные фермы и так далее.

Наконец, еще один итог визита – запуск дипломатической стратегии Кореи в Центральной Азии K-SilkRoad и поддержка ее Казахстаном.

"Корейский Шелковый путь" – выгодный проект для Казахстана. Это модернизация инфраструктуры, расширение торговли и глобального сотрудничества. И в конечном итоге – это сохранение мира и стабильности в огромном регионе".

Тулеген Аскар

В целом же во время визита Юн Сок Ёля в Астану было подписано больше десятка документов. Это:

- Соглашение о сотрудничестве в области развития энергетической отрасли;
- Соглашение о сотрудничестве в нефтегазовой и нефтехимической отрасли;
- Меморандум о взаимопонимании между Министерством энергетики Республики Казахстан и Министерством торговли, промышленности и энергетики Республики Корея по всестороннему сотрудничеству в сфере электроэнергетики;
- Меморандум между Министерством промышленности и строительства Республики Казахстан и Министерством торговли, промышленности и энергетики Республики Корея о всестороннем сотрудничестве в области критических минералов и металлов;
- Меморандум о взаимопонимании между Министерством национальной экономики Республики Казахстан и Министерством экономики и финансов Республики Корея по сотрудничеству в области обмена знаниями и развития;
- Меморандум о взаимопонимании между Министерством науки и высшего образования Республики Казахстан и Министерством науки и информационно-коммуникационных технологий Республики Корея по сотрудничеству в области науки и технологий;
- Меморандум о взаимопонимании между Министерством экологии и природных ресурсов Республики Казахстан и Лесной службой Республики Корея по

сотрудничеству в сфере лесного хозяйства;

- Меморандум о взаимопонимании между Агентством Республики Казахстан по делам государственной службы и Министерством по управлению персоналом Республики Корея по сотрудничеству в сфере управления персоналом на государственной службе;

- Меморандум о взаимопонимании между Министерством труда и социальной защиты населения Республики Казахстан и Министерством труда и занятости Республики Корея в сфере занятости и труда;

- Меморандум о взаимопонимании между Агентством Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка, Комиссией по финансовым услугам Республики Корея и Службой финансового надзора Республики Корея в области банковского надзора;

- Меморандум о взаимопонимании между Министерством экологии и природных ресурсов Республики Казахстан и Министерством окружающей среды Республики Корея по сотрудничеству согласно 6-й статье Парижского соглашения.

Остается добавить, что Казахстан стал второй страной, которую Юн Сок Ёль посетил в ходе своего "политического турне" по Центральной Азии. 10 июня корейский президент вместе с супругой побывал в Ашхабаде, затем в Астане, а оттуда отправился в Ташкент. При этом в Казахстане лидер Кореи пробыл больше всего.

zakon.kz

ӘЛЕМ НАЗАРЫН АСТАНАҒА АУДАРҒАН ҰЙЫМ



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЙЫМҒА ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУІ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАНДЫ

Астана қаласында 3-4 шілде күндері Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына (ШЫҰ) мүше елдердің саммиті болып өтті. Аты айтып тұрғандай, Астанадағы Тәуелсіздік сарайында Қазақстан Республикасының төрағалығымен өткен бұл жиынға Қазақстан, Шараға ШЫҰ-ға қатысушы елдердің – Қазақстан, Әзербайжан, Иран, Үндістан, Қатар, Қытай, Қырғызстан, БАӘ, Пәкістан, Ресей, Тәжікстан,

Түркия, Өзбекстан және Түрікменстанның көшбасшылары қатысты. Сонымен қатар, ШЫҰ бақылаушы мемлекеттері ретінде Беларусь және Моңғолия басшылары шақырылған. Сонымен қатар, саммитке ШЫҰ Бас хатшысы және ШЫҰ Өңірлік терроризмге қарсы құрылымының Атқарушы директоры қатысты. ШЫҰ-на төраға болғандықтан, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Тәуелсіздік



сарайында әрбір делегатты жеке қабылдады. Алыстан ат арылтып келген қонақтарға жеке-жеке құрмет көрсетілді. Жылы жүздесулер мен емен-жарқын әңгімелер – әлемдік келелі проблемаларды шешуге жол ашқаны айқын аңғарылды. Астанаға алғашқылардың бірі болып Индияның Сыртқы істер министрі, Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, Пәкістан Ислам Республикасының Премьер-министрі жеткенін айта кетуіміз керек.

СІМ ресми өкілі Айбек Смадияровтың айтуынша, саммитке БҰҰ, ШЫҰ, ШЫҰ ПАТС (Террорға қарсы өңірлік құрылымы), ТМД, ЭЫҰ, АӨСШК, ҰҚШҰ, АҚИҰ және ЕЭК диалог бойынша халықаралық серіктес ұйымдарының бірінші басшылары келген.

Айта кетейік, былтыр ШЫҰ-ға бірден бес мемлекет, соның ішінде Бахрейн, Кувейт, Мальдив аралдары, Мьянма және Біріккен Араб Әмірліктері диалог серіктестері ретінде қосылды.

Бұл жолғы басқосудың бір ерекшелігі, ШЫҰ саммиті алғаш рет «ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысы» және «ШЫҰ+» кездесуі форматында өтті. ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары

кеңесінің отырысы барысында Астана декларациясы, 20 шешім, мемлекет басшыларының 3 мәлімдемесі, оның ішінде «Әділ бейбітшілік, келісім және даму үшін әлемдік бірлік туралы», «ШЫҰ-ны жетілдіру туралы» бастамасы қабылданды.

Тағы бір жаңалық, ШЫҰ-ға мүше елдер басшылары қатарына Беларусьті қосу жайын, терроризммен бірлесе күресудің жолдары талқыланды. Жиын кезінде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев сөз сөйлеп, ұйымның достық, тату көршілік, тең құқықтық және өзара қолдаудың, яғни «шанхай рухы» негізінде жұмыс істейтін мемлекетаралық қатынастың тиімді тетігіне айналғанын айтты. Бұған қоса жиында Ауғанстандағы қауіпсіздік мәселесі, Қазақстан ұсынған инвестиция қорын құру механизмдеріне ерекше назар аударылды.

Қазақстандық саясаттанушы Талғат Қалиев Астана саммитінің басты айырмашылығы оның ауқымдылығында, себебі, 16 мемлекет басшысы мен БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш қатысуында деп бағалайды.

«Антониу Гутерриштің келуі де іс-шараның маңыздылығын көрсетеді. Осыншама көп мемлекет басшыларын жинайтын жиын жиі



бола бермейді. Мұнша көшбасшылардың келуі Қазақстанға деген құрмет пен Қазақстанның тамаша дипломатиялық табысын көрсетеді», – дейді Талғат Қалиев.

Саясаттанушы әлемдік бұқаралық ақпарат құралдарының назары Қазақстанға ауатынын және Астана саммитінде маңызды шешімдер қабылдануы немесе күтпеген бағытта қадамдар жасалуы мүмкіндігін жасырмады.

Саммит аясында маңызды келіссөздер, мысалы, БҰҰ Бас хатшысы мен Ресей президенті Путин арасында Украина дағдарысы бойынша өтуі мүмкін. Путиннің Қытай төрағасы Си Цзиньпинмен және Түркия президенті Реджеп Ердоғанмен де кездесуі жоспарланған, бұл да жаһандық күн тәртібіне әсер еткені сөзсіз.

ШЫҰ – ӘСКЕРИ БЛОК ЕМЕС, АШЫҚ ҰЙЫМ

Беларусь мемлекеті ШЫҰ-ға қосылғанын айттық. Олай болса қазір ШЫҰ құрамында кімдер бар екенін нақтылап түсіндірейік:

1) БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты 2 мүшесі бар. Олар: Қытай мен Ресей.

Қасым-Жомарт Тоқаев Астанадағы ШЫҰ саммитін кейінгі бірнеше жыл ішіндегі жоғары деңгейде өтетін аса маңызды халықаралық форумдардың бірі деп сипаттады.



2) 4 ядролық держава бар. Олар: Қытай, Ресей, Үндістан мен Пәкістан. Бұған Иранның потенциалды ядролық державалығын тағы қосыңыз.

3) Әлемде халқы ең көп 2 мемлекет бар. Олар: Қытай мен Үндістан.

4) БРИКС-ке мүше 3 мемлекет бар. Олар: Қытай, Ресей мен Үндістан.



5) G20-ға мүше 3 мемлекет бар. Олар: Қытай, Ресей, Үндістан.

ШЫҰ-дағы 9+1 мемлекетте жер халқының 45 пайызы өмір сүруде (3 миллиардтан көп адам). Әлемдік ЖІӨ-нің 1/4-і әлемдік сауданың 15 пайызы осы ұйым мүшелеріне тиесілі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Астанадағы ШЫҰ саммитін кейінгі бірнеше жыл ішіндегі жоғары деңгейде өтетін аса маңызды халықаралық форумдардың бірі деп сипаттады.

«Саммитке дүниежүзі халқының жартысына жуығы тұратын мемлекеттердің басшылары, сондай-ақ ықпалды халықаралық ұйымдардың жетекшілері, соның ішінде БҰҰ Бас хатшысы қатысады. Мұндай ауқымды шараның өткізілуі еліміздің жаһандық аренадағы беделінің зор екенін көрсетеді. Еліміз биыл ШЫҰ-дан басқа тағы бес халықаралық құрылымға төрағалық етіп отыр. Бұл – қазақ дипломатиясының тарихында бұрын-соңды болмаған жетістік», – деген еді Мемлекет басшысы БАҚ саласы қызметкерлерін құттықтау рәсімінде.

Саммитте Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес жөніндегі ынтымақтастық бағдарламасы қабылданады.

Бұдан басқа, ШЫҰ-ның есірткіге қарсы стратегиясын талқылау жоспарланып отыр.

Саммиттің басты мазмұндық лейтмотиви ШЫҰ аясында Қазақстан ұсынған «Әділетті әлем мен келісімді жақтайтын дүниежүзілік бірлік туралы» бастамасы болмақ. Ол сенім шараларын нығайтуға, әлемнің барлық елінің тұрақты дамуын қолдауға бағытталған. Бұл бастама ШЫҰ елдерінің жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті дамыту жөніндегі шынайы ниеттері мен шешімін көрсетеді, – деп түсіндірді ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ Азия зерттеулері бөлімінің бас сарапшысы Әлия Мұсабекова.

Мақтанышпен айтуымыз керек, 2024 жылы Қазақстан бірнеше халықаралық ұйымға, соның ішінде ШЫҰ-ға төрағалық етті. Астана саммиті Қазақстан мемлекетінің соңғы саммитте қабылдаған төрағалықтың кезеңін аяқтайды. Шанхай ынтымақтастық ұйымы Қазақстан үшін маңызды ұйым, өйткені Қазақстан оның негізін қалаушылардың бірі болды. «Шанхай бестігі» 1996 жылы шекаралас аудандардағы қарулы күштерді өзара қысқарту мәселелерін шешу және «Шекара аймағындағы әскери салада сенімді нығайту туралы келісімге» қол қою үшін



құрылған болатын.

«Барлық шекаралық мәселелер шешілді. Айтпақшы, Қытаймен шекара мәселесі Ресей империясы әлі пайда бола қоймаған 17 ғасырда шешіле бастады. 60-жылдардағы оқиғалар, шекаралас аудандардағы кеңес-қытай қатынастарының шиеленісуі есімізде. Кейіннен ШЫҰ құрылған «Шанхай бестігінің» пайда болуы көптеген мәселелерді шешті және елдер арасындағы ықтимал қақтығыстарды жойған маңызды сәт болды», – дейді белгілі саясаткер Эдуард Полетаев.

2001 жылы ұйымның негізгі құжаттарының біріне айналған ШЫҰ Хартиясына қол қойылды. Сондай-ақ «Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес жөніндегі Шанхай конвенциясы» мен «ШЫҰ құру туралы декларация» маңызды құжаттар болып табылады. Бүгінгі таңда ұйымға 3,4 миллиардтан астам халқы бар 9 мемлекет кіреді, сонымен қатар 3 бақылаушы ел мен 14 диалог бойынша серіктес бар.

Сонымен бірге, ШЫҰ әскери-саяси ұйым емес, бірақ терроризм және экстремизммен белсенді түрде күресіп жатқанын мәлімдейді дейді сарапшы.

«ШЫҰ өзінің бірегейлігін іздеуде: бұл

әскери блок емес, ашық ұйым. Бірақ құрамында 2 ядролық держава, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2 тұрақты мүшесі, әлемдегі ең ірі 2 мемлекет – Қытай мен Үндістан, сонымен қатар БРИКС тобына кіретін елдер бар. Ұйым айтарлықтай қуатты және гуманитарлық ынтымақтастықты ілгерілетуді қоса алғанда, экономикалық бастамаларды дамытып жатыр. Алайда, оның қызметінің нысандарын нақты анықтау оңай емес, өйткені олар айтарлықтай кең, бірақ сонымен бірге тар бағытта емес», – деді Полетаев.

ҰҚШҰ әскери-саяси ынтымақтастықты жүзеге асырса, Еуразиялық экономикалық одақ еркін сауданы дамытуға бағытталған экономикалық бірлестік болса, онда ШЫҰ қызметін екі сөйлеммен бағалау мүмкін емес. Дегенмен, ШЫҰ өзінің ауқымы мен қамтуы жағынан айтарлықтай салмақты ұйым екені рас.

Саясаттанушы, «Еуразиялық мониторинг» аналитикалық зерттеулер орталығының директоры Әлібек Тәжібаев ірі саммиттің Қазақстанда өтуі еліміздің әлемдік саяси сахнада айтарлықтай өскенін көрсетеді деп айтты. Бұл Қазақстанның дипломатиялық ұстанымын нығайтып, оның халықаралық



келіссөздер мен ынтымақтастық алаңы болуға қабілеттілігін көрсететінін мәлімдеді.

Саммит сондай-ақ Орталық Азия аймағындағы негізгі ойыншы ретінде Қазақстанға назар аударады. Сонымен қатар, Тәжібаев елдің бай табиғи ресурстары мен инфрақұрылымының, соның ішінде «Жаңа Жібек жолы» сияқты бағыттарының дамуына негізделген экономикалық және стратегиялық ықпалын атады. Ол сондай-ақ Қазақстанның белсенді сыртқы саясатын, халықаралық ұйымдарға белсенді қатысуын және Ресей, Қытай, АҚШ және ЕО сияқты жаһандық ойыншылармен қарым-қатынасты қолдайтынын мәлімдеді.

ҚЫТАЙ БАНКТЕРІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРҒА МИЛЛИОНДАҒАН ДОЛЛАР НЕСИЕ БЕРМЕК

Қазақстан Даму Банкі (БРК) Қытайдың қаржы институттарымен бірқатар инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін жеңілдетілген несиелер алу туралы келісімдерге қол қойды. Бұл келісімдер Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммиті

қарсаңында Астанада өткен қазақстандық-қытай іскерлік кеңесінің аясында 2 шілдеде жасалды.

China Construction Bank Астанада БРК-ге 500 миллион доллар көлемінде жеңілдетілген несие береді. Бұл қаражат инвестициялық жобаларды қаржыландыруға бағытталады, бірақ нақты жобалар туралы мәліметтер берілмеген.

Сонымен қатар, Қытай Мемлекеттік Даму Банкі БРК-ге 250 миллион доллар және 2 миллиард қытай юанында жеңілдетілген несиелер береді. Бұл қаражат республикалық маңызы бар автожолдарды қалпына келтіру сияқты инвестициялық жобаларды қаржыландыруға жұмсалады. Жоба Қазақстанның барлық аумағында жүзеге асырылады және аймақтардың көлік-логистикалық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл мақсатта БРК «ҚазАвтоЖол» компаниясына 450 миллиард теңге көлемінде несие желісін ұсынды.

Бұдан бөлек, БРК, China Power International Holding және Алматыдағы Қытайдың Сауда-өнеркәсіп банкі арасында Ақмола облысында жалпы қуаты 220 МВт болатын жел электр станциясын салу жобасы бойынша



синдикатталған несие беру туралы ниет келісіміне қол қойылды. Синдикатқа сондай-ақ Азия инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі қатысады деп жоспарлануда.

Бұл инвестициялық жоба бес жел электр станциясын: Борей ЖЭС (100 МВт), Energo Trust ЖЭС (50 МВт), Софиевская ЖЭС (39 МВт), Арқалық ЖЭС (17 МВт) және JasiJel Energy ЖЭС (14,95 МВт) салуды көздейді. Бұл станциялар аймақты экологиялық таза электр энергиясымен қамтамасыз етіп, атмосфераға зиянды шығарындыларды азайтады. Жоба Қазақстанның 2060 жылға қарай елдің жалпы энергобалансындағы жаңартылатын және баламалы энергия көздерінің үлесін 80%-ға дейін жеткізу жоспарына сәйкес келеді.

Тағы бір маңызды құжат – БРК, Shijixianghe Asia Pte. Ltd. және Қазақстан Астық Консорциумы арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум. Бұл меморандум жылына 1 миллион тонна астықты терең өңдеу инвестициялық жобасын жүзеге асыруды көздейді. Жоба жоғары сапалы өнім өндіруді және оны халықаралық нарықтарға экспорттауды мақсат етеді.

БРК ұлттық институт мәртебесіне ие және шикізаттық емес салалардағы жеке

инвестициялық жобаларды, сондай-ақ мемлекеттік инфрақұрылымдық жобаларды орта және ұзақ мерзімді төмен пайыздық несиелер беру арқылы қаржыландырады. Оның жалғыз акционері – Қазақстанның Экономика министрлігіне тиесілі «Бәйтерек» холдингі.

ІСКЕРЛІК КЕҢЕСТІҢ НӘЖИЖЕСІ ҺӘМ САММИТТИҢ ЖАБЫЛУЫ

Астанада «Шанхай ынтымақтастық ұйымы» Саммиті аясында Қазақстан-Қытай бірлескен іскерлік кеңесі өтті. Биыл 7-ші рет өтіп жатқан кеңеске Қытайдың өнеркәсіп саласындағы алпауыт компаниялары қатысты. Маңызды жиынға Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды арнайы қатысып, маңызды келіссөздер жүргізді. Іс-шара қорытындысы бойынша қытайлық бизнесмендермен жалпы құны 1 млрд 615 млн АҚШ долларын құрайтын 4 ірі инвестициялық жоба бойынша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Атап айтсақ, Түркістанда бес жұлдызды қонақүй кешені мен аквапарк және бейнебақылау камераларын шығаратын зауыт салынбақ.



Жобаның жалпы құны 270 млн АҚШ долларын құрайды. Қазіргі таңда арнайы экономикалық аймақтан 11,8 гектар жер учаскесі нақтыланған. Онда 18 қабатты қонақүй, аквапарк және вилла кешені бой көтереді деп жоспарлануда. Ал ауқымды инвестициялық жоба «Chian Chuangshi Construction Group» компаниясына тиесілі.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев ШЫҰ-ның алдағы Астана саммиті «Көпжақты диалогті нығайту – орнықты бейбітшілік пен дамуға ұмтылу» деген тақырыппен өтетінін айтқан еді. «Шанхай ұйымының негізгі мақсаттарының бірі – аймақтағы бейбітшілікті, қауіпсіздік пен тұрақты дамуды қамтамасыз ету. Мұны аталған күн тәртібі анық көрсетеді. Бұл саммит әлемдік архитектурада өте маңызды орын алатын ортақ ұйымымыздың тарихына жаңа парақ болып енеді. Шанхай ынтымақтастық ұйымына бүкіл әлем көз тікті. Қызметімізге

басқа державалар қызығушылық танытады, көптеген сұрақ қояды. Мен 1996 жылы сәуірде ШЫҰ құруға қатыстым. Ол кезде бұл ұйым «Шанхай бестігі» аталатын. Содан бері Шанхай ынтымақтастық ұйымының рухы қалыптасты. Біз Азиядағы, Еуразия құрлығындағы, жалпы әлемдегі бейбітшілікті, қауіпсіздікті сақтау жолындағы ықпалдастығымыздың негізгі қағидаттарын дәйекті түрде нығайтып келеміз. Бұл – өте дұрыс қадам! – деді Президент.

«ШЫҰ плюс» форматында өткен отырыста ҚХР төрағасы, Түркия, Беларусь, Ресей, Өзбекстан, Моңғолия, Тәжікстан елдерінің Президенттері сөз сөйледі. Олардың ресми сөз сөйлеуінен кейін Қасым-Жомарт Тоқаев конструктивті диалог үшін алғыс айтып, саммитті жапты. «Бүгін сіздер ұсынған ауқымды бастамалар Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясындағы

жан-жақты ынтымақтастық пен тұрақты дамуға ықпал етеді деп ойлаймын. Конструктивті диалог орната білген сіздерге алғыс айтамын. Сөз соңында ұйымға төрағалық ететін ҚХР басшысы Си Цзиньпиннің жұмысына сәттілік тілеймін. Осымен Астанадағы Шанхай Ынтымақтастық ұйымының саммитін жабық деп жариялаймын», – деді Тоқаев.

ЖАҢА ДӘУІР АЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ БАС БІРІКТІРУІН ҚАЛАЙДЫ

«Біз Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының болашағына оптимистік көзқараспен қараймыз. Біз қазір қол қоятын құжаттар ШЫҰ аясындағы ынтымақтастықтың жаңа бетін ашатынына, ұйымымыздың жүйелі және жан-жақты дамуына ықпал ететініне сенімдімін», – деп атап өтті ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде.

Астанада жалауын көтерген Шанхай ынтымақтастық ұйымының 24-ші саммитінен 33 мемлекеттен келген 150 шетелдік БАҚ-тың 700 өкілі ақпарат таратты. Бұл туралы ҚР Президентінің кеңесшісі – Баспасөз хатшысы Берік Уәли әлеуметтік желідегі өз парақшасында жазды. «Әріптестеріміздің ыңғайлы жұмыс істеуі үшін 3 баспасөз орталығы Тәуелсіздік сарайында, Бейбітшілік және келісім сарайында және Ұлттық музейде жасақталған. Бүгінгі маңызды халықаралық іс-шараға 200-ге жуық отандық журналист тіркелді. Атап айтқанда, 13 телеарнадан, 28 интернет ресурстан, 6 басылымнан келген әріптестеріміз саммиттен ақпарат таратып отыр», – делінген жазбада.

Қазақстандық саясаттанушы және қытайтанушы Әділ Кәукенов саммитті қорытындылай келе, басты жаңалықтардың бірі тек қатысушы елдер ғана емес, бақылаушылар, сондай-ақ серіктестер қатысқан «ШЫҰ плюс» форматы екенін мәлімдеді.


Әділ Кәукеновтың пікірінше, Тәуелсіздік Сарайы 10 мыңға жуық қонақты қабылдаған. Саммитке ұйымның негізгі мүше мемлекеттерінің басшылары, оның ішінде тек ШЫҰ ұйымына кірген Беларусь, Әзірбайжан,

Түркия, БАӘ, Моңғолия және Түрікменстан сияқты диалог бойынша серіктес елдердің көшбасшылары, ШЫҰ органдары мен түрлі халықаралық ұйымдардың басшылары белсенді қатысқан.

«Кулуарлар тақырыбы мәселемен сәйкес келді: «көпжақты диалогты нығайту – тұрақты бейбітшілік пен дамуға ұмтылу». Барлығын геосаяси плиталардың алшақтығына қарамастан бейбітшілік пен түсіністікке қалай жетуге болады деген сұрақ алаңдатқан болатын. Бұған дейін Тәуелсіздік Сарайында ШЫҰ мемлекет басшылары кеңесінің отырысы өткен болатын. Оның алаңында ұйымға қатысушылар арасындағы ынтымақтастықты одан әрі кеңейту және ілгерілету бойынша кең ауқымды мәселелер қаралды және ШЫҰ-ның болашақ даму бағыттары белгіленді. Отырыс қорытындысы бойынша қатысушылар 25 түрлі құжат қабылдады», деді саясаттанушы.

*Нағашыбай Қабылбек
gazdauiri.kz*

ҒЫЛЫМ





СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЖАС ҒАЛЫМДАРЫ НАНОПЛЕНКАЛАР ЖАСАУДЫҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІН ӘЗІРЛЕУДЕ


2 МАМЫР

Сәтбаев университеті жанындағы физика-техникалық институтының бір топ жас ғалымдары қалайы диоксиді негізінде наноөлшемді наноқұрылымды пленкаларды синтездеудің отандық әдісін әзірлеу үстінде.

Зерттеу нәтижелері замануи технологияларда ауқымды түрде қолданыла отырып, инновациялық материалдар өндірісін бір қалыпқа келтіруге мүмкіндік береді.

Жаңа золь-гель технологиясын қолдану ғалымдарға материалдар бөлшектерінің өлшемін және құрылымын бақылауға мүмкіндік берді, яғни салыстырмалы түрде аз шығындармен пленка жабындарына әртүрлі қасиеттер бере алады, әрі олардың функционалдық сипаттамаларын жақсартып, қолданулы аясын кеңейтеді.

«Бұл жобаның нәтижелері Қазақстанда газ датчиктерін, отын жасушаларының мембраналарын, коррозияға және мұздануға қарсы жабындарды, сенсорлық экрандар мен күн панельдерін өндіруге мүмкіндік береді», - деп атап өтті жоба етекшісі, PhD доктор, Сәтбаев университеті физика-техникалық институтының аға ғылыми қызметкері Екатерина Бондарь.



КАРТОГРАФИЯ ЖӘНЕ ГЕОДЕЗИЯНЫ ДАМУҒА: ҚАЗҰУ-ДАҒЫ ЖАҢА ЗЕРТХАНА

10 МАМЫР

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Тұрақты даму және табиғатты ұтымды пайдалану орталығында Цифрлық картография және қолданбалы геодезия зертханасы ашылды.

Зертхана замануи жоғары технологиялық жабдықтармен, атап айтсақ радиоқабылдағыш құрылғысы бар DJI Mavic 3 Multispectral квадрокоптері, GNSS қабылдағыштар, георадарлар, электрондық тахеометрлер, қолданбалы ГАЗ бағдарламалар және басқалармен жабдықталған. Басты мақсаты – Қазақстан экономикасының аграрлық, құрылыс, тау-кен салаларының міндеттерін шешу үшін картография және геоинформатика кафедрасының ғалымдары, оқытушы-профессорлар құрамы және білім алушыларының жинақталған ғылыми-зерттеу әлеуетін әске асыру. Сондай-ақ зерхана инжинирингтік қызметтер, ғылыми-зерттеу жобаларына, ГҚ және МҚБ байқауларына қатысу, консалтингтік және білім беру қызметтері бағыттары бойынша міндеттерді шешуге бағытталған.



АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҚЫЗДАР ЭКИПАЖЫ АЛҒАШҚЫ РЕЙСІН ЖАСАДЫ

13 МАМЫР

Тарихи экипаж құрамында нұсқаушы ұшқыш Аделина Луценко мен студент Екатерина Степина болған. Нәзік жандылар Теспат 2002JF бір қозғалтқышты оқу-жаттығу ұшағында аспанға көтерілді.

«Негізінен кез келген басқа ұшу кезіндегідей сезімде болдым. Оқу кезінде менің де нұсқаушыларым қыздар болған еді. Осыған қарамастан, академияның алғашқы әйел экипажы болғандықтан, өзімді мақтан тұтамын. Сонымен қатар, осы тарихи оқиға тек 2024 жылы болғаны өкінішті», - деп бөліседі Аделина.

Қазіргі уақытта жас нұсқаушыға екі студент тіркелген. Бикеш оларға ұшу тәжірибесі бойы аспанды қалай бағындыруды үйретпек.



ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СТУДЕНТТЕР ҚЫТАЙДА ӨТКЕН «HUAWEI ICT COMPETITION» ЖАҒАНДЫҚ БАЙҚАУЫНДА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

28 МАМЫР

23-26 мамырда Шэньчжэнь қаласында (Қытай Халық Республикасы) «Huawei ICT Competition Global Final 2023-2024» байқауы өтті. Байқауға Қазақстан, Ирак, Оман, Сауд Арабиясы, Пәкістан, Иордания, Ливан, БАӘ, Бахрейн, Кувейт, Катар, Малайзия, Таиланд, Кения, Мысыр, Қытай және басқа да елдердің 2000 жоғары оқу орындарынан 170 000-нан астам студент қатысты.

Huawei ICT Competition – АКТ саласындағы ең ірі және ең беделді халықаралық білім беру платформаларының бірі. Байқау өз елдерінің цифрлық экономикасының дамуына елеулі үлес қоса алатын дарынды студенттерді анықтауға және қолдауға бағытталған. Huawei АКТ жарысы сонымен қатар АКТ мамандарының жаһандық қауымдастығын құруға көмектесетін әртүрлі елдерден келген қатысушылар арасында білім алмасу мен мәдени өзара әрекеттесуге ықпал етеді.

«Computing» бағыты бойынша әлемнің түкпір-түкпірінен келген 36 команда арасында 1-орынды қазақстандық команда – Yessenov University «Ғылым және технологиялар» факультетінің студенті Утебай Оралбай мен Алматы энергетика және коммуникациялар университетінің студенті Жияков Николай жеңіп алды.

Ал «Cloud» бағытынан 37 команданың арасынан 1 орынға еліміздің атынан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен SDU университеттерінің студенттері ие болды.



НИДЕРЛАНД ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ МНУ СТУДЕНТТЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

30 МАМЫР

Нидерланд Премьер-министрі Марк Рютте Қазақстанға сапары аясында Maqsut Narikbayev University (MNU) студенттерімен кездесті. Аталған іс-шара Нидерланд Корольдігінің Қазақстандағы елшілігінің қолдауымен ұйымдастырылды. Рютте мырза кездесу барысында Нидерландының Еуропадағы рөлі, Қазақстанмен екі жақты ынтымақтастығы, өзінің саяси тәжірибесі, инновация, мәдени алмасу және экономикалық мүмкіндіктері сияқты түрлі салаларға қосқан үлесі туралы айтып берді.

Бұл кездесудің негізгі масаты Нидерланд Корольдігімен ынтымақтастықты дамыту және студенттерге Нидерланд Премьер-министріне өз сұрақтарын қоюға мүмкіндік беру.

Студенттер, оқытушылар және университет қонақтары аталған іс-шараға аса қызығушылық танытып, біздің заманымыздың ең тәжірибелі саясаткерлерінің бірімен кездесуге және екіжақты қарым-қатынастарды дамытудың маңызды халықаралық мәселелері мен преспективалары туралы тікелей білудің бірегей мүмкіндігіне ие болды.

Сондай-ақ бұл кездесу университеттің академиялық өміріне елеулі үлес қосты, халықаралық байланыстарды нығайтуға ықпал етті және Қазақстан мен Нидерланды арасындағы одан әрі ынтымақтастық үшін жаңа белестерді ашты.



ELSEVIER

АЛҒАШ РЕТ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ІРІ ELSEVIER ПЛАТФОРМАСЫНА ШЫҒАРЫЛДЫ

11 МАУСЫМ

Қазақстан, Орталық Азия және ТМД елдерінде алғаш рет «Eurasian Journal of Physics and Functional Materials» ғылыми журналы Digital Commons платформасында шығарыла бастады. Elsevier әлемдегі ең ірі ғылыми баспалардың бірі және дүниежүзіндегі ғылыми журналдардың барлық мақалаларының төрттен бірін шығарады. Ғылыми басылымның барлық мақалалары Scopus халықаралық ғылыми деректер базасына да енгізілген. Журнал ядролық физика, жоғары энергия физикасы, баламалы және сутегі энергетикасы, т.б. саладағы ғылыми зерттеулердің нәтижелері туралы материалдарды қамтиды.

«Elsevier компаниясы журналды базаға қосу және электрондық нұсқасын шығару туралы бізге ұсыныспен өздері шықты. Elsevier платформасында «Eurasian Journal of Physics and Functional Materials» журналының жариялануы журналдың ғана емес, Қазақстанның бүкіл ғылыми қоғамдастығының дамуы үшін жаңа преспективалар ашды. Бұл Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-да және Қазақстанда жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеулер сапасының халықаралық деңгейін мойындау», - деп атап өтті журналдың бас редакторы, ЕҰУ «Еуразиялық физика-энергетикалық зерттеулер және жоғары технологиялар институты» ҒЗИ директоры Қайрат Күтербеков.



БАКУДЕ ХІ ТҮРКІ ӘЛЕМІН ЗЕРТТЕУ СИМПОЗИУМЫ ӨТТІ

17 МАУСЫМ

Іс-шараны Баку Еуразия университеті Түркияның Нийде Омер Халисдемир университетімен және Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетімен бірлесіп ұйымдастырды.

«Симпозиум аясында дәстүрлі түрде ұйымдастырылып жүрген «Түбі бір түркіміз» фестивалі бауырлас мемлекеттер достығының нығаюымен қарым-қатынасының артуына, жастарымызға түркілік мұраны сезіндіруге бағытталған маңызы зор іс-шара. Жүргізіп жатқан зерттеулеріміздің түркі әлемінің келешегіне өлшеусіз мұра қалдыратынына сенімдіміз», - деді проректор.

Халықаралық симпозиумның мақсаты – тіл, әдебиет, тарих, философия, ғылым, білім, мәдениет, экономика, халықаралық қатынастар және басқа да салалардағы өзекті мәселелерді талқылау үшін түркі әлемінің ғалымдары мен зиялыларын біріктіру.



МАХАМБЕТ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒАЛЫМДАРЫ ӨСІМДІКТІҢ ЖАҢА ТҮРІН ТАПТЫ

20 МАУСЫМ

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті «Индер-2024» халықаралық ғылыми экспедициясын өткізді. Экспедиция жұмысына Василий Татищев атындағы Астрахань мемлекеттік университетінің іргелі биология кафедрасының профессоры Алексей Лактионов, Ресей Ғылым Академиясының Орал бөлімшесінің ботаникалық бағының эксперименттік экология және өсімдіктерді бейімдеу зертханасының меңгерушісі Михаил Князев қатысты.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының ботаника, зоология және экология мамандары Индер тұз күмбезді ауданының табиғи кешенінің экожүйесі мен биоәртүрлілігіне бірлескен зерттеулер жүргізді. Ғалымдар экспедициялық далалық жұмыстар барысында биотоптарды сипаттай отырып, ботаникалық, биогеографиялық және геоботаникалық зерттеулер жүргізді.

Экспедицияның негізгі мақсаты Қазақстанның Батыс Қазақстан және Атырау облыстарында жаңа трансшекаралық ерекше қорғалатын табиғи аумақты құру үшін табиғи экожүйелерге антропогендік әсері аз аумақтарды таңдау болды. Ботаникалық зерттеулердің нәтижелері бойынша «Астрагалус (Astragalus L.)» тұқымдасының ғылым үшін жаңа өсімдіктүрі табылды. Бұл жаңалық Қазақстанның биоалуантүрлілігін сақтау мен зерттеудің маңыздылығын атап өтіп, ғылымға елеулі үлес болып табылады.

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ





**«ASTANA MUSICAL» ТЕАТРЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОМЕДИЯЛЫҚ
ТЕАТР ФЕСТИВАЛІНДЕ ҮЗДІК
ДЕП ТАНЫЛДЫ**

5 МАМЫР

Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымның «ASTANA MUSICAL» театры сахналаған «№13» спектаклі Халықаралық II «Сәлем» комедиялық театр фестивалінде «Үздік комедиялық спектакль» номинациясы бойынша үздік атанды.

Биыл фестиваль Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы-драматург Сәкен Жүнісовтың 90 жылдығына арналды.

«Сәлем» фестиваліне еліміздің танымал театрлары, одан бөлек Әзірбайжан мемлекеттік «Пантомим» театры, Түркияның Ыстанбұл мемлекеттік театры қатысты.

«ASTANA MUSICAL» Рэй Кунидің «№13» комедиясын ұсынып, қазылар алқасының жоғары бағасын алды.



**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ
КИНО ОРТАЛЫҒЫ АЛҒАШ
РЕТ «MARCHE DU FILM»
КИНОНАРЫҒЫНА ҚАТЫСУДА**

15 МАМЫР

Ұлттық киноны қолдау орталығы алғаш рет 77-ші халықаралық Канн кинофестивалі аясында «Marche Du Film» кинонарығына қатысып жатыр.

Қазақстандық делегация қатысушыларға «KazakhCinema» стендін ұсынды. Стендте қазақстандық киноөндіріс, Ұлттық киноны қолдау орталығының қызметі, сондай-ақ болашақ жобалар туралы мәліметтер көрсетілген.

KazakhCinema Қазақстан шетелдік фильмдер өндірісін субсидиялау жүйесін (рибейт) танымал етуге назар аударады. Оның құқықтық негізі Қазақстан Республикасының «Кинематография туралы» Заңының қабылдауымен қамтамасыз етілген.

«Marche Du Film» нарығына қатысудың мақсаты – бірлескен киноөндірісті дамыта отырып, шетелдік серіктестерді тарту, сондай-ақ отандық фильмдердің танымалдығын арттыру.

Айта кету керек, Қазақстан жыл сайын Халықаралық кино нарығына қатысып келеді. «Marche Du Film» 1959 жылы құрылған және әр жылда Канн кинофестивалімен қатар өтеді.



ҚЫТАЙДА ҚР ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙІ ҚОРЫНЫҢ КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ

18 МАМЫР

Халықаралық музей күні аясында Сиань қаласындағы Шэньси тарихи мұражайында «Чаньаннан бастап: Дүниежүзілік мәдени мұра тізіміне енгеніне 10 жыл толғанын мерекелеу» көрмесі ашылды.

Экспозиция б.з.д. II ғасырдан б.з.д. XVI ғасырға дейінгі кезеңді қамтиды және Жібек жолы бойындағы қала құрылысы, діни нанымдар, сауда және бейнелеу өнеріне арналған.

Көрме 2014 жылы Қазақстан, Қытай және Қырғызстан бірлесіп, Чанъань – Тянь-Шань дәлізіндегі Ұлы Жібек жолының ЮНЕСКО мәдени мұра тізіміне енгізілгенін еске алу мақсатында ұйымдастырылды.

Сонымен қатар іс-шара барысында «Цинь және Хан өркениеті» халықаралық симпозиумы өтті, онда Ұлттық музейдің Қазақстан тарихы бөлімінің басшысы Айнұр Ақжасарова «Ұлы Жібек жолы мұрасы» тақырыбында баяндама жасады.



ҚАЗАҚСТАНДА «ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫНЫҢ ЖАЗБА МҰРАЛАРЫ» КӨРМЕСІ ӨТТІ

27 МАМЫР

Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы 2024 жылғы археографиялық экспедициялар нәтижелері бойынша есеп беріп, еліміздің тарихына қатысты көне деректер көрсетілген «Ұлы дала тарихының жазба мұралары» атты көрмесін ұйымдастырды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында еліміздің тарихын зерттеу мен насихаттауға, тіл мәселесіне, ономастика, тарихи мұралар мен тарихи тұлғаларға, табиғи және тарихи мекендерге ерекше назар аударды. Сонымен қатар, тарихи-мәдени жәдігерлерді, олардың көшірмелерін Қазақстанға қайтару жұмыстарын жандандыру да аса маңызды екенін атап өтті.

Іс-шараға Орталық мемлекеттік орган, ҚР Парламентінің Мәжіліс депутаттары, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы, кітапханалар мен архив өкілдері және қоғам қайраткерлері қатысты.

Көрмеде Ұлыбританиядан әкелінген 15 қолжазба мен архивтік құжаттың көшірмелері және республика аумағында анықталған 150-ден аса көне қолжазба мен сирек құнды кітаптар көрмеге қойылды. Олардың ішінде түркі-ислам мәдениетінің құнды ескерткіші, алғаш түркі тіліне аударылған қасиетті Құран кітабы (X-XII ғғ.), Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссауи, Сүлеймен Бақырғани

АҚПАРАТТАР АҒЫМЫ

еңбектерінің көшірмелері, XI ғасырдағы парсы тарихшысы Гардизидің «Зейн-әл-ахбар» қолжазбасы, т.б. бар.

Сонымен қатар, «ULY DALA MURASY» ғылыми-танымдық журналының жаңа нұсқасы және шетелдерде анықталған көне деректер бойынша «Шетелдік қорлардағы құнды жазба мұралары» атты каталог-альбомының тұсауы кесілді.



ҚАРАҒАНДЫЛЫҚ 10 ЖАСАР КРЕАТОР АВТОРЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕР ЖАЗАДЫ

1 МАУСЫМ

Платон Начаевтің әңгімелері түрлі оқиғалар мен кейіпкерлерге, сүйікті қаласы Қарағандыға және оның тарихына арналады.

Кітапта жас автор тереңнен от тауып, залым рухтармен күрескен кішкентай әрі батыл шопан Аппақ туралы жазады. Кейіпкер достарымен бірге шынайы, адал достық пен туған жерге деген сүйіспеншілік ғажайып тудыратынын дәлелдейді.

Оқушы Қарағанды туралы, адамдарға қала салуға көмектескен сиқырлы ағаштар туралы жазады. Осы таңғажайып оқиғалардың тағы бірінде қар барысы сияқты батыл кейіпкерлер мен протезі бар ақбөкен Олимпиадаға бару арманын орындайды. Кішкентай автор өз жұмысының иллюстрацияларын жасанды интеллект арқылы жасайды.

«Менің кейіпкерлерім көпке үлгі болып,

шабыт сыйлап, әлем арманшыл жандарға, болашақ сәулетшілерге, экологтарға, зерттеушілер мен чемпиондарға толғанын қалаймын», - дейді Платон Нечаев.

Жас жазушы кітаптарының тұсаукесері балаларды қорғау күніне арналған жазғы жәрмеңке аясында өтті.



СҮЙІНШІ ЖАҒАЛЫҚ: «ТАҢБАЛЫ» ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІНДЕ СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН ТИЫН ТАБЫЛДЫ

19 МАУСЫМ

«Таңбалы» ғылыми қызметкерлері халықаралық тарихи-археологиялық экспедиция өткен қоғалы алқабында қазба жұмыстары кезінде сенсациялық жаңалық ашты. Қазақстанда алғаш рет өте сирек кездесетін тиын табылды.

Түркі-соғды ерте ортағасырлық нумизматика саласындағы мамандардың пікірінше, бұл монета VII ғасырдың ортасынан бастап қолданылған. Экспедиция зерттеу жүргізген Қоғалы алқабының ескерткіштері VII-VIII ғасырлардың алғашқы жартысында Жетісу жерін мекендеген батыс түріктердің мәдениетіне жатады.

Қазір «Таңбалы» ғылыми-реставрациялық зертханасында бірегей артефактқа қатысты алғашқы консервациялық жұмыстар жүргізілуде.

Археологиялық қазба жұмыстары әлі де жалғасып жатыр.



«ҚАЗАҚКОНЦЕРТ» ӘРТИСТЕРІ ҚЫТАЙДА ӨНЕР КӨРСЕТТІ

22 МАУСЫМ

Қытайдағы Қазақстан Республикасының Туризм жылы аясында Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының әртістері Дэчжоу мен Ланфан қалаларында өнер көрсетті.

Іс-шараға Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Елмұра Жаңаберген, Ардақ Балажанова, Салтанат Ахметова, Медет Чотабаев, Мәдениет қайраткері Ерболат Шалдыбеков, халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаты Әділхан Макин, сондай-ақ «Гүлдер» және «Астана сазы» ансамбльдері қатысты.

Өнерпаздар дәстүрлі және замануи ұлт мәдениеті мен руханиятын таныстырып, отандық композиторлар мен халық әндерін шырқап, қазақтың киелі қара домбырасы мен қылқобыз арқылы ұлттық өнерімізді Қытай жұртшылығына паш етті.

Аталмыш іс-шара бейбітшілік пен келісімді мақсат тұтқан көрші халықтардың екіжақты қатынасының дамуына, ұлттар достығы мен сыйластығының артуына серпін береді.



ҚАЗАҚСТАНДА ТҮРІКМЕНСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ БАСТАЛДЫ

25 МАУСЫМ

Астанада Түрікменстанның Қазақстандағы мәдениет күндері басталды.

Бірінші іс-шара түрікмен ақыны Мақтымқұлы Пырағының «Ат исларин» шығармасына негізделген режиссер Арслан Еуебердиевтің «Истарян» көркем фильмінің көрсетілімі болды.

Салтанатты ашылуға екі елдің мемлекеттік органдарының өкілдері, шығармашылық және ғылым саласындағы зиялылар, сондай-ақ қоғам қайраткерлері қатысты.


ҚР Мәдениет және ақпарат вице-министрі Ербол Әліқұлов өз сөзінде Мақтымқұлы Пырағының айшықты орынын атап өтіп, оның рухани мұрасы күллі түркі әлеміндегі достық пен бейбітшілікті насихат ететінін атап өтті.

Мәдениет күндері аясында ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовтың «Мақтымқұлы» кітабының тұсаукесері өтті. Сол күні Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрында Түрікменстанның халықтық қолданбалы өнері мен музей құндылықтарының көрмесі және гала-концерт өтті.

Сәрсенбіде режиссер Хекім Алаовтың «Қызыл алма» көркем фильмінің көрсетілімі, «Ақылгөй» моноспектаклінің қойылымы және Түрікменстан ұлттық киімдерінің көрсетілімі өтті.

27 маусымда екі елдің өнерпаздары Гала-концертте өнер көрсетіп, мәдениет күндерін аяқтады.

БІЛІМ





ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУШЫЛАР БАЛҚАН ТҮБЕГІНДЕГІ ЕҢ МЫҚТЫ ЖАС МАТЕМАТИКТЕРДІҢ ҮШТІГІНЕ КІРДІ

2 МАМЫР

Болгарияның Варна қаласында математикадан 41-ші Балқан олимпиадасы аяқталды. Оған 22 елден 130-дан астам оқушы қатысты. Білім додасында біздің оқушыларымыз жалпы командалық үшінші орынды жеңіп алды. Ұлттық құрама қоржынында 1 алтын, 3 күміс және 2 қола бар.

Алтын: Жан Даутов – Қостанай қаласындағы «Білім-инновация» мектеп-лицейінің 11 сынып оқушысы;

Күміс: Әмірлан Аманжолов – Алматы қаласындағы РФММ 10 сынып оқушысы; Мирон Юркевич – Алматы қаласындағы Haileybury Almaty халықаралық мектебінің 12 сынып оқушысы; Марғұллан Шарел – Тараз қаласындағы «Білім-инновация» мектеп-лицейінің 10 сынып оқушысы;

Қола: Тимур Мұрат – Алматы қаласындағы РФММ 10 сынып оқушысы; Әмір Сахипов – Алматы қаласындағы РФММ 10 сынып оқушысы.

Жетекшілері – PhD докторы, профессор, КВТУ-нің академиялық сұрақтар жөніндегі проректоры Асылбек Исахов және математикадан республикалық, халықаралық олимпиадалардың жүлдегері Қанат Сатылханов.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРІ «АЛТЫН БЕЛГІГЕ» ҮМІТКЕР ОҚУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

18 МАМЫР

Оқу жылының аяқталуының қарсаңында Ғани Бейсембаев «Алтын белгіге» үміткерлермен кездесу өткізді. Үздік оқу үлгерімімен ерекшеленген 7 мыңнан астам мектеп бітірушіге министр өзінің ақыл-кеңесін айтып, бағыт-бағдар берді.

Ғани Бейсембаев мектепте алған білімінің болашақта кәсіби табысқа жетудің мықты іргетасына айналарына сенімділік білдірді.

«Білім – бұл кез келген табыстың іргетасы. Сендердің биік мақсаттарға жетуге деген талаптарың мен табандылықтарың қуантады. Мектеп қабырғасында белсенді болып, өздеріңізден кейінгі оқушыларға үлгі бола білгендеріңіз үшін алғысымды білдіремін. Биылғы жылы 186 мың мектеп бітіруші өмірлеріндегі жауапты сәтке қадам басқалы отыр. Әрқайсыларыңыз алдағы емтиханды сәтті тапсырып, өз мақсаттарыңызға қол жеткізесіздер деп сенемін. Сіздерге білім жолында үнемі ізденіспен талпыныс, табыс пен сәттілік тілеймін», - деді Ғани Бейсембаев.

Айта кету керек, биылғы жылы жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестатына 7000-нан астам білім алушы үміткер болып отыр.

АҚПАРАТТАР АҒЫМЫ



ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУШЫЛАР REGENERON ISEF ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ИНЖЕНЕРЛІК КӨРМЕДЕ БЕДЕЛДІ МАРАПАТТАРҒА ИЕ БОЛДЫ


19 МАМЫР

11-17 мамыр аралығында Лос-Анджелесте оқушыларға арналған дүниежүзілік ғылыми-инженерлік Regeneron ISEF 2024 конкурсы өтті. Қазақстанның үш оқушысы беделді марапаттарға ие болып, 100% нәтижеге қол жеткізді.

Жобадағы жетістіктері үшін Әбілмансұр Рахметуллаев, Саяжан Жақсығалиева және Әлихан Жарболов түрлі санаттар бойынша үздік деп танылып, жобадағы еңбегін бағалау дипломдарына ие болды.

Сондай-ақ дарынды жас ғалымдар Король Абдулазиз және оның серіктестері қоры атынан «Маухиба» арнайы сыйлықтарына ие болды. Оларға Король Фахд мұнай және минералдар университетінде оқу үшін толық қаржыландырылған білім гранттары табысталды.

Айта кету керек, Regeneron ISEF – 70-тен астам елден 2000-ға жуық қатысушының басын қосып, оларға өздерінің инновациялық әзірлемелерін көрсетуге және дүние жүзіндегі әріптестерімен тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін ауқымды шара.



АБАЙ ӨҢІРІНІҢ ЖАС РОБОТШЫЛАРЫ ҚЫТАЙДА ӨТКЕН ЧЕМПИОНАТТА БЕДЕЛДІ МАРАПАТҚА ИЕ БОЛДЫ

21 МАМЫР

18-19 мамырда Шанхайда FIRST Tech Challenge жаһандық робототехника лигасы аясында The CaoLu Cup Teenage Robot Design and Build Invitational Tournament жабық ұлттық чемпионаты өтті. Оған Қытайдың 300-ге жуық мықты роботшылары мен Қазақстаннан шақырылған «Тенгри» командасы қатысты.

Ел намысын Абай облысы Семей қаласындағы №5 Шәкәрім атындағы көпсалалы гимназияның 7-сынып оқушылары: Осман Қуанышбек, Темірлан Абылайхан, Балжан Найманғазина, Нұркен Төлеубек, Нұртөре Мақсатов, Радмир Жеңісбек, Досжан Сәбит және Алан Ермекбаев қорғады. Команда жаттықтырушысы – Айдос Тұрсынбеков. Екі күндік байқаудың қорытындысы бойынша қазақстандық оқушылар «Motivate Award» номинациясында жеңіске жетті.

«Біздің оқушылар Қытайдың үздік командаларымен сайысқа түсті. Бұл үлкен тәжірибе алмасу болды. Балалар жас ерекшелігіне және тілдік қиындыққа қарамастан, робот ойынында өте жақсы өнер көрсетті. Шәкірттеріміздің табандылығын мақтан тұтамын», - дейді жаттықтырушы.



БАТЫР БАЛАЛАР: ҚР ОҚУ-АҒARTУ МИНИСТРЛІГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУШЫЛАРДЫ МАРАПАТТАДЫ 29 МАМЫР

Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында елордаға еліміздің барлық өңірлерінен өз жетістіктерімен ерекшеленген балалар, балалар қозғалысының көшбасшылары және түрлі жағдайларда адам өмірін арашалап қалған батыр балалар жиналды. Олардың әрқайсысы жоғары бағаланып, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің алғыс хатымен марапатталды.

Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан мемлекет тарапынан балалардың қауіпсіздігі мен жайлы ортада өмір сүруі, білім мен тәрбие алуы үшін барлық жағдайдың жасалып отырғанын айтты.

«Биыл біз Балаларды қорғау күні қарсаңында дәстүрлі түрде талантымен дараланған және шешуші сәтте батырлық танытқан балаларды жинадық. Мемлекетіміздің, халқымыздың, ата-аналарыңның үкілеген үміті өздерің. Бүгінде мемлекет балаларымыздың тәрбиеленуіне, білім алуына және дамуына қолайлы жағдай жасауда. Өңірлерде мектептер, балабақшалар, мәдени және спорттық нысандар құрылысы қарқынды жүруде, заңнамалық база жетілдіруде, педагогтердің біліктілігі арттырылуда. Балалар – әрқашан біздің қорғауымызда. Тек білім алуға, биік белестерді бағындыруға және адал, әділ тұлға болуға ұмтылу керек, өйткені еліміздің болашағы сендердің қолдарыңда», - деп атап өтті Еділ Оспан.



ҚАЗАҚСТАНДА АЛҒАШ РЕТ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «IBO-2024» ОЛИМПИАДАСЫ ӨТЕДІ 24 МАУСЫМ

Биология пәнінен әлемдегі ең беделді халықаралық олимпиада биыл алғаш рет Қазақстанда өтеді. Үкіметте «IBO-2024» атты білім додасын ұйымдастыру мәселелері пысықталды.

«International biology olympiad» әлемдегі топ-7 пәндік жарыстардың қатарына кіреді. Қазақстандық оқушылар бұл сайысқа 28 жыл бойы тұрақты қатысып келеді. Осы уақыт ішінде олар 70-тен астам түрлі наградаларға ие болды: 2 алтын, 20 күміс, 54 қола медаль. Осындай жетістіктерді ескерген халықаралық ұйымдастыру комитеті олимпиаданы Астанада өткізуді ұйғарды. Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспанның айтуынша, биылғы додада ел намысын 4 дарынды оқушымыз қорғайтын болады.

«Елордада өтетін халықаралық олимпиадаға 81 елден 305 оқушы мен олардың 275 жетекшісі келмек. Жарыс талаптарына сай, ұйымдастыру және ғылыми комитеттер құрылып, арнайы www.ibo2024.kz сайты әзірленген.

Демеушілер есебінен теориялық және тәжірибелік кезеңдерге қажетті құрылғылар сатып алынды. Олимпиада кезінде 80-нен аса волонтер қолдау көрсетпек», - деді Еділ Оспан.



Какие специальности будут востребованы в 2024-2025 учебном году?



2024-2025 оқу жылында қандай мамандықтар сұранысқа ие болады?

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАНДАЙ МАМАНДЫҚТАР СҰРАНЫСҚА ИЕ БОЛАДЫ?

26 МАУСЫМ

Еліміздің техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында құжаттарды қабылдау басталды. Жаңа оқу жылында мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша 145 мың абитуриент қабылданады деп жоспарлануда. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, 10 мың адамға көп деп хабарлайды ҚР Оқу-ағарту министрлігі.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы техникалық, яғни геология, машина құрастыру, энергетика, IT, металлургия, көлік және т.б. мамандықтар бойынша көбейтілді.

Сонымен қатар, биыл үшінші жыл қатарынан колледж абитуриенттерді жұмысқа орналастыру міндеттемесімен кәсіпорындардың өтінімдері бойынша қабылдауда. Бұл жыл сайын еңбек нарығының сұранысына сай мамандықтарға 10 мың студентті қабылдауға мүмкіндік береді.



Ақтөбелік оқушылар галактиканың 3D моделін жасап шығарды

АҚТӨБЕЛІК ОҚУШЫЛАР ГАЛАКТИКАНЫҢ 3D МОДЕЛІН ЖАСАП ШЫҒАРДЫ

1 ШІЛДЕ 24 Ж

Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математика лицей-интернатының 10-сынып оқушылары Мерей Саламатқызы мен Даниал Жақсылық спиральді галактиканың компьютерлік және электрлік моделін әзірледі.

Даниал мен Мерей – көптеген ғылыми зерттеу жарыстарына қатысып жүрген жас өнертапқыштар. Осындай додалардың бірінде спиральді галактиканың компьютерлік және электрлік моделін жасау туралы идея туады.

«Спиральді галактикалардың пайда болуының перколяциялық процестерді модельдеу әдістерін зерттеп және олардың физиканың әртүрлі салаларында көрінуінің әмбебаптығын көрсеттік. Бұл жобадан Монте-Карло әдісі арқылы Шульман мен Сейден ұсынған галактикалардың пайда болуының перколяциялық процесі модельденіп, галактикалардың перколяциялық эволюциясының компьютерлік моделі жасалды. Бағдарлама замануи графикалық құралдарды қолдана отырып, Visual Basic for Application тілінде Excel ортасында есептелді», - дейді жас өнертапқыштар.

Атап өту керек, оқушылар республикалық ғылыми жобалар конкурсының II орын жеңімпаздары, сондай-ақ Астана қаласында өткен «Ғылым әлемін ашамыз» халықаралық ғарыштық зерттеулер жарысының жүлдегерлері.

30 ЛЕТ НЕУДОВЛЕТВОРЕННОГО ОЖИДАНИЯ И ОШИБОК — В КАКИХ УСЛОВИЯХ НАЧАЛОСЬ ПРЕЗИДЕНТСТВО КАСЫМ-ЖОМАРТА ТОКАЕВА



Новому Главе государства пришлось принять управление страной в неблагоприятных стартовых условиях. На его плечи легла ответственность за 30 лет неудовлетворённого ожидания и накопившиеся ошибки. О сложном периоде становления Президента Касым-Жомарта Токаева рассказал в статье, опубликованной в газете «Время», спикер Сената Парламента РК Маулен Ашимбаев.



Ашимбаев отметил, что период 2010-х годов остался в истории Казахстана неоднозначным. По телевизору ежегодно объявляли об открытии новых заводов по госпрограмме форсированной индустриализации, однако это не привело к ожидаемому росту индустриализации. Спикер подчеркнул, что в тот период государствовало себя как «плохой менеджер», само создав среду для коррупции и злоупотреблений. К тому моменту модернизация уже имеющихся объектов была заморожена или законсервирована, что привело к изнашиванию инфраструктуру. Квазигоссектор вытеснил частные компании, а вся поддержка предпринимательства оказывалась формальной.

Как пишет спикер Сената, происходила монополизация всех значимых экономических и политических сфер. Начали проявляться признаки голландской болезни – легких денег от нефтяной ренты: коррупция, nepotизм, повсеместный правовой нигилизм, сворачивание здоровых рыночных отношений, замененных интересами нескольких олигархических групп, сросшихся с госаппаратом.

В такой ситуации экономика перестала быть эффективной, инвестиции в основной капитал снизились, просело кредитование бизнеса. Появилось множество компаний, существовавших только за счет государственных субсидий. Все это привело к застою, ко-

торый не остался незамеченным обществом. Напряженность внутривластной ситуации требовала выхода, и им стала смена верховной власти.

Новому Главе государства пришлось принять управление страной в неблагоприятных условиях. На его плечи легла ответственность за 30 лет неудовлетворенного ожидания и накопившихся ошибок, – подчеркнул Ашимбаев.

Спикер вспомнил, что даже несмотря на выборы в стране сохранялся некий режим «двоевластия», так как представители властных элит все еще надеялись сохранить старые порядки и оглядывались на своих предыдущих руководителей.

Чтобы снять напряженность уже в апреле 2019 года было объявлено о проведении внеочередных президентских выборов в июне того же года. Предвыборная программа Президента была ориентирована на выстраивание диалога с обществом в концепции «слушающего государства». Получив гарант кредита доверия, новый Глава государства начал работу по исправлению всех ошибок предшественника.

Процесс либерализации экономики ведется с тех пор. В мае 2024 года Президент подписал Указ, направленный на свободу предпринимательства, развитие конкуренции и сокращение государственного участия



в экономических процессах. Ашимбаев особенно выделил последний пункт, который, по его словам, станет ключом к открытию рынка Казахстана. Это значит, что до 2028 года все субъекты с государственным участием будут приватизированы, а на создание новых объектов квазигоссектора наложен мораторий. Стержнем новой экономической модели станет средний бизнес.

– До сих пор внимание государства было нацелено на поддержку двух полюсов – крупного, а также малого и микробизнесов. Между тем растущий средний бизнес, активно осваивающий новые рынки, в состоянии стабильно обеспечивать рабочие места, давать ощутимый страновой экономический эффект и поддерживать здоровую конкурентную среду, – считает сенатор.

Он настаивает на том, что рыночные реформы окажут мультипликативный эффект, потянув за собой изменения не только в экономике, но и в жизни общества. Увеличение доли среднего класса снизит уровень бедности и нагрузку, инновации и медицины.

Затронет эта цепочка и политические изменения. Казахстан уже отошел от суперпрезидентской к президентской форме республики. Шаги по оздоровлению изжившей себя системы идут полным ходом.

– Долгое время казахстанцев убеждали, что сила государства – в единоначалии, в

твердой руке, ведущей народ через опасности и мировые кризисы к светлому будущему. В нынешних условиях нарастающей глобальной турбулентности есть соблазн повторить те же лозунги о необходимости твердой руки и концентрации власти. Однако Президент Касым-Жомарт Токаев с самого начала сделал другой выбор и, несмотря на все испытания и угрозы, твердо держится выбранного пути, – подчеркнул спикер.

Ашимбаев пояснил, что если раньше изменения в стране навязывались сверху вниз, то теперь они исходят снизу в виде социального запроса. Сильный Казахстан в современных реалиях ему видится как открытая власть, равенство перед законом, свободная конкуренция в бизнесе и политике, обратная связь между государством и народом.

– Сегодня, в условиях глобального шторма, когда мир раздирают непримиримые противоречия, только единство нации поможет сохранить страну. Поддержка Президента Касым-Жомарта Кемелевича Токаева – поддержка тренда на демократическое развитие Казахстана. А это главное условие нашего процветания. Сейчас и навсегда, – заявил спикер Сената.

*Международное информационное
агентство «Казинформ»*

«ФОРМУЛА ТОКАЕВА» И ПУТИ РЕФОРМИРОВАНИЯ КАЗАХСТАНА – МНЕНИЯ ЭКСПЕРТОВ

РАЗБОР СТАТЬИ МАУЛЕНА АШИМБАЕВА «ЛОГИКА РЕФОРМ»

Эксперты Сабина Садиева и Диас Макенов поделились своим мнением о статье спикера Сената Маулена Ашимбаева «Логика реформ».

Садиева подчеркивает, что вопрос о том, что такое «Новый Казахстан», остается актуальным и многозначным, и в статье Ашимбаев стремится дать на него ответ.

«Ашимбаев использует известные лозунги, утверждая, что «новый» Казахстан – это «справедливый» и «слышащий», но также акцентирует внимание на важности новых правил управления. В статье он акцентирует «Новый Казахстан» как страну, которая переходит от старой управленческой парадигмы к новой демократической модели, сосредоточенной на экономическом благополучии для всех граждан. Цитата: «Суть можно сформулировать как смену старой управленческой парадигмы на открытую демократическую модель – экономическое благополучие для всех граждан», – пишет эксперт в своем телеграм-канале.

Садиева подчеркивает, что в статье Ашимбаев делает акцент на приоритете политики над экономикой. Политическая трансформация и подотчетность остаются важнее экономического развития. Эксперт отмечает, что экономика Казахстана достаточно адаптивна и способна подстраиваться под новые институциональные условия.

«Ашимбаев также затрагивает проблему «потерянного десятилетия» когда наблюдалась монополизация ключевых экономических и политических сфер, коррупция и неравенство. Садиева согласна с тем, что прошлые ошибки, такие как неэффективные программы помощи бизнесу и людям, должны быть признаны и исправлены. Она подчеркивает, что признание проблем – это только первый шаг, и важно понять, что будет дальше», – рассуждает Садиева.

Она также отмечает, что реформы при президенте Касым-Жомарте Токаеве становятся откликом на социальный запрос, а не навязываются сверху. Садиева добавляет, что

модернизационный проект Токаева – это не только создание «новой модели управления», но и решение внутренних проблем и внешнего давления. Проект включает в себя множество системных решений, таких как выборность акимов, усиление маслихатов и развитие местного самоуправления.

Садиева заключает, что проект Токаева ориентирован на создание политической конкуренции и децентрацию власти, что соответствует новому общественному запросу и вектору политических реформ.

Эксперт Института анализа социально-политических процессов Диас Макенов, комментируя статью Маулена Ашимбаева, акцентирует внимание на ключевых аспектах статьи и их значении для дальнейшего реформирования в стране.

Макенов отметил, что статья Ашимбаева представляет собой ретроспективный анализ состояния государственного управления и выдвигает современную стратегию реформ. В частности, Ашимбаев в своей статье формулирует «формулу Токаева», отражающую итоги пяти лет руководства и стратегию дальнейших изменений.

«Ашимбаев открыто критикует управленческие подходы прежнего руководства, указав на их недостатки и перекосы. Как отмечает Макенов, статья подчеркивает, что прежняя модель, основанная на идее «Сначала экономика – потом политика», привела к значительным проблемам, таким как коррупция, nepotизм, правовой нигилизм и имущественное неравенство. Этот подход, по словам Ашимбаева, исчерпал себя и стал причиной «потерянного десятилетия», когда экономический рост замедлился, а социальный договор стал неполноценным», – пишет эксперт.

Он также отмечает роль президента и новых моделей управления.

Ашимбаев утверждает, что глава государства Касым-Жомарт Токаев выступает идейным вдохновителем и гарантом комплексного реформирования. Макенов подчеркивает, что с 2019 года началась работа по созданию новой модели управления, ориентированной на политическую конкуренцию, децентрацию власти и справедливое распределение доходов. Уже реализованы четыре пакета политических реформ, которые, как отмечает Ашимбаев, запустили «цепную реакцию» в государственной и общественной жизни страны.

«Успешность реформ зависит от участия и поддержки общества. Казахстан, по его словам, находится на «исторической развилке», где важно выбрать верный путь, чтобы обеспечить постепенную трансформацию принципов государственного управления. Важно, чтобы общество предоставило максимальный лимит доверия власти и воспринимало реформы как часть нового общественного договора», – подчеркивает Макенов.

Эксперт заключает, что эволюционный путь реформ предполагает медленное, но стабильное изменение принципов управления, чтобы избежать резких колебаний и сохранить стабильность в стране.

Liter.kz



ЖЕКСЕНБАЙ БИБІГҮЛ НҰРҒАЛИҚЫЗЫ

Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының депутаты

30 МАМЫР

БІЗ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ БАҚЫЛАУДЫҢ ТИІМДІ ЖҮЙЕСІН ЖАСАУЫМЫЗ КЕРЕК

Сенатордың айтуынша, көптеген аймақтарда бұл мәселе барғансайын өткір болып отыр және Үкіметтің жедел араласуы мен қатаң бақылауын қажет етеді.

«Тарихи-мәдени мұра объектілерін қоғау және сақтау бойынша шұғыл іс-қимыл салалық бағдарламасын әзірлеуді ұсынамыз. Онда су тасқынынан зардап шеккен археологиялық ескерткіштер аймақтарын анықтау керек. Археологиялық ескерткіштер мен басқа да тарихи-мәдени мұра объектілерінің жай-күйін бағалайтын көшпелі экспедиция жасақтау маңызды болып отыр. Су тасқынынан зардап шеккен тарихи-мәдени мұраобъектілерінің тізімін жасау керек. Жағдайы төтенше деп бағаланған ескерткіштерге авариялық-құтқару

ру археологиялық жұмыстарын қолға алу керек»,- деді сенатор.

Депутат осы саладағы жағдайды жақсарту үшін Үкіметке бірқатар шараларды жүзеге асыруды ұсынды. Сенатордың ұсынысында археологиялық зерттеулерді цифрландыру және бүкіл еліміз бойынша археологиялық жұмыстар мен экспедициялар туралы деректерді жинақтайтын сайт жасау да бар. Сенатор сонымен қатар саланың қоғамдық бақылауын күшейту үшін бюджет және қаржы есептерін жариялауды ұсынды.

«Алыс-жақын шетелдегі тарихи жәдігерлерімізді жинастыру үшін дипломатиялық арнайы жұмыстарды қолға алу маңызды. Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау бойынша үйлестіру жұмыстарын вандализммен күрестің маңызды міндеттерінің бірі ретінде айқындап, жәдігерліктер контрабандасы бойынша жазаны қатаңдату қажет», - деді депутат

Сенатор депутаттық сауалында архео-

логиялық жұмыстарды лицензиялау мәселесін де назар аударды. Сонымен қатар тиісті бақылаудың жоқтығы және жауапкершілігі төмен адамдар мен саладан тыс ұйымдардың көбейіп бара жатқанына адаңдаушылық білдірді.

6 МАУСЫМ

СЕНАТОР БИБІГҮЛ ЖЕКСЕНБАЙ БІР РЕДАКЦИЯДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛІНДЕГІ БӨЛІМ КОНТЕНТТЕРІ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙ ЖҮРГЕНІН АЙТТЫ

Сенатордың айтуынша, редакцияларда қазақ және орыс тілді журналистер ынтымақтастығы аз.

«Еліміздің екі негізгі тілінде шығатын БАҚ бір-бірімен өзара әрекеттеспейді Қазақ тілінде шығатын БАҚ орыс тілді басылымдар жазып жатқан проблемаларды, ал қазақ тілді журналистер көтерген мәселелер орыс тілді БАҚ-тарда қозғалмай жатқанын көріп жатырмыз. Әрине бұл халықтың толыққанды ақпарат алуына кері әсерін береді»,- деді сенатор

Ақпарат BAQ.KZ сайтынан алынған

ҚАЗАҚСТАН АЭС САЛУДЫ ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚТЫҚ ШТАБ ҚҰРА- МЫНДА АСТАНАЛАҚ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Бүгінде еліміздің электр энергия жетіспеушілігі экономиканың, ауыл шаруашылығының дамуына, ірі өнеркәсіптік нысан-

дардың ашылуына және тағы басқа салаларға кедергі келтіруде. Астана қаласы бойынша 70 мыңға жуық НЕЕТ санатындағы жастар бар. Олардың жұмыспен, кәсіппен, табыспен қамтамасыз ету үшін бір Астанада қаншама технопарктер салу керек. Әзірге шағын өндіріс, цех ашуға қажетті электр қуатына кәсіпкерлер сұранысы айлап емес, жылдап қанағаттандырылмайлы.

Осы және өзге де мәселелер АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штаб мүшелерінің елордалық халықпен кездесуде айтылды.

Қазақстанда атом электр станциясын (АЭС) салу – еліміздің энергетикалық қауіпсіздігі мегн тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды қадамдарының бірі. Қазіргі уақытта еліміздің энергетикалық қажеттіліктерін дәстүрлі көздері – көмір, газ және су электр станциялары өтейді. Алайда, бұл көздер ұзақ мерзімді тұрақтылыққа кепіл бола алмайды. Дәл осы себепті АЭС салу мәселесі бүгінгі күннің басты назарында тұр.

Бүгін Астана қаласындағы «Эндохирургия» клиникасының ұжымымен кездесуде көтерілген негізгі сұрақтар мен мәселелер туралы:

Қазақстан – әлемдегі уран қоры бойынша алдыңғы қатарда тұрған елдердің бірі. Бірақ, бұл қорды тек қазба ретінде пайдалану аздық етеді. Біз оны атом энергетикасы арқылы елдің ішкі қажеттіліктерін, қанағаттандыруға пайдалана аламыз. АЭС-тің негізгі артықшылықтарының бірі – оның тұрақты және мол энергия көзі екендігі. Атом электр станциясы жыл бойы үздіксіз жұмыс істей алады және ауа арайы жағдайына тәуелсіз.

Сонымен қатар, көмірқышқыл газын шығаруды азайту мақсатында жасыл энерге-

тикаға көшудің бір бағыты – атом энергетикасы. АЭС-тің қоршаған ортаға әсері дәстүрлі жылу электр станцияларымен салыстырғанда әлдеқайда төмен. Сондықтан, климаттық өзгерістермен күресу үшін атом энергетикасы тиімді шешім болуы мүмкін.

Халықаралық тәжірибе

Әлемдік тәжірибеге назар аударсақ, көптеген елдер атом энергетикасын белсенді түрде пайдаланып жатыр. Мәселен, біздің көршілеріміз Қытай мен Ресейде атом электр станцияларының саны өте көп. Қытайда 18 электр станциясы жұмыс істеп тұр, жалпы қуаты 50,8 ГВт болатын 54 өнеркәсіптік ядролық реакторлар бар. Қазіргі уақытта Қытайда тағы 14 реактор салынып жатыр, ал болашақта шамамен 30 реактордың құрылысы жоспарланған. Ресей де атом энергетикасында көшбасшылардың бірі. Өзбекстанда да екі жаңа реактордың құрылысы қарқынды түрде жүргізілуде.

Бүгінде әлемде 35 елде 500-ге жуық ядролық реактор жұмыс істейді, ал тағы 60 мемлекет өздерінің атом энергетикасы бағдарламаларын дамытып жатыр. Бұл көрсеткіштер АЭС-тің әлемде қаншалықты маңызды рөл атқаратынын және Қазақстанда осы бағытта даму керектігін көрсетеді.

Атом энергетикасы Қазақстан үшін жаңа мүмкіндіктер

АЭС тек қана энергетикалық қауіпсіздікті арттырып қана қоймай, еліміздің ғылыми және техникалық әлеуетін де көтереді. Бұл салада жаңа мамандарды даярлап, халықаралық стандарттарға сәйкес технологиялар енгізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, атом

энергетикасы ел экономикасына инвестиция тартудың жаңа жолы бола алады.

Жалпы, АЭС салу Қазақстанның энергетикалық болашағын нығайтуға және климаттық өзгерістермен күресуге үлес қосады. Халықаралық тәжірибе мен еліміздің табиғи ресурстарын ескере отырып, атом энергетикасы Қазақстанның тұрақты дамуына оң әсер етеді.

Бибігүл Нұрғалиқызының Facebook парақшасынан



ҚҰТТЫҚАДАМ АСҚАР СЕЙДАХМЕТҰЛЫ

Қазақстан Республикасының Сингапур Республикасындағы, Австралия Одағы мен Жаңа Зеландиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі

Қазақстан Елшісі Сингапур Парламентінің Спикерімен нәтижелі келіссөздер жүргізді

Қазақстан Республикасының Сингапурдағы Елшісі Асқар Құттықадам Сингапур Парламентінің Спикері Си Киан Пенгпен нәтижелі кездесу өткізді, бұл Сингапур мен Қазақстан арасындағы екіжақты қатынастарды нығайтудағы бетбұрыс болды.

Жоғары деңгейдегі кездесу екі ел арасында жылдар бойы қалыптасқан тұрақты байланыстарға арналды. Елші Құттықадам мен Спикер Си Еуразиялық экономикалық одақпен Еркін сауда туралы келісімнен, өткен жылы қол қойылған негізгі Келісімнен туындайтын ынтымақтастықтың көп қырлы нысандарын талқылады. Екі көшбасшы да әртүрлі салаларды қамтитын мемлекеттік және жеке секторларда осы келісімнен туындаған мүмкіндіктерді пайдалануға міндеттеме білдірді.

Кездесудің негізгі сәттері Қазақстан мен Сингапур азаматтары арасындағы терең өзара түсіністік пен мәдени байланыстарға ықпал ететін тұлғааралық алмасуды тереңдету жөніндегі стратегияларды талқылау болды. Сонымен қатар, көшбасшылар өсу мен өзара байыту әлеуетін мойындай отырып, екі ел арасындағы туризмді дамыту мүмкіндіктерін қарастырды.

Сондай-ақ, Елші Құттықадам сингапурлық тарапты Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалар туралы хабарда ретіп, Парламент тегі өзгерістерге толық шолу жасады. Ол дипломатиялық байланыстарды нығайтудағы ашық диалогтың маңыздылығын атап өтіп, Си Спикерінің жылы және достыққа былдауы үшін алғысын білдірді. Екі көш басшы екі жақты қатынастардың болашақ траекториясына және Қазақстан мен Сингапурдың азаматтары мен экономикасына оң ықпалына қатысты оптимизм білдірді.



Сингапур лекциялары – академиялық топтар, саясаткерлер, дипломаттар мен жас ғалымдар үшін мемлекеттер басшылары мен әлемдік деңгейдегі көрнекті саясаткерлердің ұстанымдарын тікелей тыңдауға мүмкіндік беретін алаң.



Мемлекет басшысы «Қазақстан және орта державалардың рөлі: қауіпсіздікті, тұрақтылық пен орнықты дамуды ілгерілету» атты тақырыпта дәріс оқыды

1980-жылдардан бері Юсоф Исхак институты (ISEAS) ұйымдастырып келе жатқан Сингапур лекциялары – академиялық топтар, саясаткерлер, дипломаттар мен жас ғалымдар үшін мемлекеттер басшылары мен әлемдік деңгейдегі көрнекті саясаткерлердің ұстанымдарын тікелей тыңдауға мүмкіндік беретін алаң.

Қасым-Жомарт Тоқаев шараға қатысушыларға ілтипат білдіре отырып, өзінің өмір жолында Сингапурдың айрықша мәні бар екенін атап өтті.

«Мен көп жыл бұрын осы елде жас дипломат ретінде қызмет еттім. Осынау асқақ рухты мемлекеттің тамаша табыс жолынан жаңылмай келе жатқанын өз көзіммен көру үшін Сингапурға тағы да келгеніме қуаныштымын. Елдің негізін қалаушы Ли Куан Юдің көреген көшбасшылығымен жүргізілген Сингапурдағы әйгілі экономикалық өзгерістер, шын мәнінде, мемлекеттің іргесін нығайтудың және экономикалық өсімге қол жеткізудің жарқын үлгісіне айналды. Сіздердің еліңіз Қазақстанды даму мен өркендеу бағытында өзіндік жол таңдауға жігерлендіреді.

Расында, Сингапурда өткізген жылдарымда табандылық пен жаңашылдықты үйрендім. Бұл қасиеттер қазіргідей құбылмалы әлемде Қазақстанның келешегі туралы пайымымның қалыптасуына әсер етті», - деді Президент.

Мемлекет басшысы еліміздегі қоғамдық-саяси өзгерістер жөнінде айта келіп, «Әділетті Қазақстан» және Премьер-министр Лоуренс Вонг ұсынған «Алға, Сингапур» бағдарламаларының мақсаттары мен қағидаттары ұқсас екеніне назар аударды.

«Қос құжат та халықтың қамын бірінші орынға қояды және елдің игілігін әрбір азамат сезінуге тиіс деген қағидатты ұстанады. Ауқымды ұлттық трансформация – оңай үдеріс емес. Бірақ қанша қиын болса да, біз бұл стратегиялық бағытымыздан айнымаймыз. Былтыр экономикалық өсім 5,1 пайызға артты. Біз ЖІӨ мөлшерін 2029 жылға қарай екі есе, яғни 450 миллиард долларға дейін жеткізуге ниеттіміз. Осы асқақ мақсатқа жету үшін біз білім мен инновацияға негізделген заманауи экономиканың іргесін қалап, жыл сайын 6 пайыз өсімді қамтамасыз етуге тиіспіз. Біз Сингапур сияқты бизнес, қаржы, дарындылар мен инновация шоғырланатын сенімді орталыққа айналуға ұмтыламыз», – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда инвестициялық саясат және экономиканы әр-



тараптандыру бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде айтты.

Оның пікірінше, географиялық алшақтыққа, жер көлемі мен тарихындағы айырмашылықтарға қарамастан, Қазақстан мен Сингапурдың көптеген құндылықтары ортақ әрі ұқсас сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отыр.

«Биыл қаңтар айында Германияның

халықаралық қатынастар және қауіпсіздік институты алғаш рет Қазақстанды әлемнің орта державаларының санатына қосты. Сингапурлықтар өздерін кішкентай ел санайтынын жақсы білемін. Алайда, менің ойымша, Сингапурдың қаржылық және экономикалық ықпалы, стратегиялық тұрғыдан аса маңызды халықаралық теңіз жолдарының тоғысында орналасуы, 2024 жылғы Global Firepower есебі бойынша 145 елдің ішінде 30-орынға табан тіреуі бұл мемлекеттің орны әлдеқайда жоғары екенін көрсетеді. Бұған қоса, стратегиялық ой-сана мен тиімді дипломатия Сингапурды Шығыс пен Батыс арасындағы маңызды көпірге айналдырды», – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, өзара сыйластық пен ортақ мақсаттарға негізделген әріптестік қатынастарды нығайтуға және баршаға ортақ бейбіт әрі жарқын болашақ құру жолында күш біріктіруге шақырды.

Дәрістен кейін Қасым-Жомарт Тоқаев геосаяси қақтығыстарды реттеу, халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, орта державалардың рөлі, Қазақстан мен Сингапурдың ынтымақтастығын дамыту перспективасы туралы бірқатар сұраққа жауап берді.

Қазақстан Республикасының Сингапур Республикасындағы, Австралия Одағы мен Жаңа Зеландиядағы елшілігі



НАУЧНОЕ СООБЩЕСТВО В АЛМАТЫ ПРЕДЛОЖИЛО ВКЛЮЧИТЬ ЦИФРЫ В СПИСОК ВСЕМИРНОГО НАСЛЕДИЯ ЮНЕСКО

В Алматы под представительством общественного деятеля Олжаса Сулейменова прошла V Международная научная конференция «Археология цифр: Шумер и происхождения арифметики». Мероприятие проведено Международным Центром сближения культур под эгидой ЮНЕСКО.

Конференция направлена на исследование образного письменного знака иероглифа и его названия, что в дальнейшем позволит открыть для международного научного сообщества историю цифр и историческую взаимозависимость народов и культур.

В рамках мероприятия были обсуждены вопросы расширения границ культурного наследия, включения в него системы знаков и знаний, созданных народами, исторических свидетельств взаимозависимости и сближения культур, где важную роль играют историко-лингвистические исследования древних знаковых и языковых систем.

По итогам конференции были предложены цифры, как интеллектуальное наследие человечества, для включения в список всемирного культурного наследия.

ПОДЗЕМНЫЕ МЕЧЕТИ МАНГИСТАУ ПЛАНИРУЮТ ВКЛЮЧИТЬ В СПИСОК ЮНЕСКО


Началась подготовка номинационной документации для включения подземных мечетей Мангистау в список объектов наследия ЮНЕСКО.

«Комитет по культуре приступил к разработке номинационных документов для подземных мечетей Мангистау на 2024 год. В целом планируется подготовить документацию по памятникам Бекетата, Шопаната, Шакпаката, Караманата и Султан епе в рамках номинации подземных мечетей Мангистау», - говорится в ответе ведомства на запрос корреспондента агентства.

По данным МКИ, подготовка номинирующих документов требует большой работы в соответствии с требованиями ЮНЕСКО.

В частности, необходимо разработать проекты буферных зон для номинируемых объектов, выделить высшие общечеловеческие ценности объектов, предлагаемых в список ЮНЕСКО в связи с 10 критериями номинации, установленными ЮНЕСКО, разработать планы управления, провести предварительные мониторинговые работы. В дальнейшем планируется представить на международном пространстве архитектурные примеры средневековых мечетей и мавзолеев Казахстана (их последовательность будет определена), а также современные архитектурные произведения искусства (например, гостиница «Казахстан», каток «Медеу»).





5-Е ВСЕМИРНЫЕ ИГРЫ КОЧЕВНИКОВ В КАЗАХСТАНЕ ПРОЙДУТ ПОД ПАТРОНАЖЕМ ЮНЕСКО

5-е Всемирные Игры Кочевников, которые состоятся в Астане с 8 по 13 сентября 2024 года, получили патронаж ЮНЕСКО.

Всемирные Игры Кочевников (ВИК) являются крупнейшими международными спортивными состязаниями по этническим видам спорта. В основе соревнований – национальные игры исторически кочевых народов Центральной Азии.

По ориентировочным оценкам, в столицу республики прибудет не менее 2000 участников из более чем 85 стран. Программа включает в себя соревнования по 20 основным и 10 показательным видам спорта, таким как конные состязания, борьба, традиционная стрельба из лука и интеллектуальные игры. Ожидается участие не только спортсменов, но и представителей культуры и науки.

Данное событие играет важную роль в сохранении и развитии традиционных национальных видов спорта и культуры, а также способствует продвижению культурного разнообразия и диалога между государствами. В рамках программы планируются научные конференции и культурные мероприятия, направленные на популяризацию этнокультурного наследия.

Проведение ВИК содействует реализации инициативы ЮНЕСКО FitforLife, направленной на улучшение здоровья и благополучия через спорт, а также соответствует целям сохранения нематериального культурного наследия. Стоит отметить, что ВИК уже внесены в список нематериального культурного наследия ЮНЕСКО.

В рамках мероприятия Региональный Офис ЮНЕСКО в Алматы организует международную научно-практическую конференцию высокого уровня на тему роли женщин в спорте. Это событие станет важной частью культурной и научной программы состязаний, подчеркивая значимость гендерного равенства и инклюзии в спорте.

**У КАЗАХСТАНА ДОСТАТОЧНО
СОБСТВЕННЫХ СИЛ ЗАНЯТЬСЯ
ЭТИМ ВОПРОСОМ –
ПРЕДСТАВИТЕЛЬ ЮНЕСКО
О РЕСТАВРАЦИИ
МАВЗОЛЕЯ ЯСАВИ**

Во время презентации результатов регионального проекта «Коридоры наследия Шелкового пути в Центральной Азии – международные аспекты Европейского года культурного наследия» представитель ЮНЕСКО ответил на вопрос о реставрации мавзолея Ходжи Ахмеда Ясави в Туркестане, который входит в список всемирного наследия ЮНЕСКО.

Координатор проекта в региональном офисе ЮНЕСКО в Алматы Маджер Масанов, отвечая на вопрос, планируется ли со стороны ЮНЕСКО реставрация мавзолея Ясави, ответил следующее.

«В рамках проекта – нет. Я думаю, что у Казахстана достаточно собственных сил для того, чтобы заниматься этим вопросом. Уполномоченные органы к нам с таким вопросом не обращались, и переговоры мы не вели», - сказал Маджер Масанов.

Отметим, что мавзолей Ясави был внесен в список всемирного культурного наследия в 2003 году.

«Сегодня мавзолей является одним из самых значительных и хорошо сохранившихся сооружений той эпохи», - говорится на официальном сайте ЮНЕСКО.

*Международное информационное
агентство «Казинформ»*



ЛУННАЯ МИССИЯ ЮНЕСКО: СОХРАНЕНИЕ ЯЗЫКОВ И КУЛЬТУР ЧЕЛОВЕЧЕСТВА НА ЛУНЕ


ЮНЕСКО, в сотрудничестве с японской-компанией по исследованию Луны ispace. inc. и американской инновационной платформой Barrelhand, объявили о миссии по транспортировке и сохранению 275 различных языков и культурных ценностей на поверхности Луны.

Жазушының 100 жылдық мерейтойына орай өтіп жатқан түрлі іс-шаралар оның шығармашылығын насихаттаумен қатар, балалар әдебиетінің маңыздылығын арттыруға бағытталған. Жас жазушыларға да шабыт беріп, жаңа идеялар мен шығармашылық ізденістерге жол ашары анық.

Бердібек Соқпақбаевтың әдебиетке қосқан үлесі – мәңгілік. Оның шығармалары әр буын оқырмандарының жүрегінде, санасында өмір сүретін болады. Жазушының 100 жылдық мерейтойы – қазақ балалар әдебиетінің тарихында ерекше орын алатын оқиға, ол балалар әдебиетін дамыту бағытындағы жаңа бастамалардың негізі болып табылады. Жазушының шығармашылығы балалардың өсіп-өнуіне, білім алуына, адамгершілік құндылықтарды игеруіне ықпал ете бермек.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ҚАЗАҚТЫҢ ҚАБЫРҒАЛЫ ҚАЛАМГЕРІ БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВҚА ЕСКЕРТКІШ АШЫЛДЫ



Алматы облысының Райымбек ауданында қазақтың қабырғалы қаламгері Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдық мерейтойы жалғасып жатыр.

Нарынқол ауылындағы орталық саябақта жазушының ескерткіші ашылды. Мерейтойлық шаралар Сарыжаз бен Қарасаз ауылының ортасындағы жазық далада ұйымдасты-

рылған дала қызықтарына ұласты.

Қазаққа «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Өлгендер қайтып келмейді» сияқты 20-дан астам шығарма сыйлаған Бердібек Соқпақбаев қазақ әдебиетіндегі қайталанбас тұлға. Оның әр әңгімесі мен повесі классикалық туындыға айналғанын қолына қалам ұстаған ағайын мен оқырман қауым



жақсы біледі. 100 жылдық мерейтойға орай қаламгердің туған жері Нарынқолда еңселі ескерткіш орнатылды. Оны Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев мемлекет басшысының құттықтау сөзімен ашып берді.

«Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдық мерейтойы еліміз бойынша жоғары деңгейде аталып өтуде. Осы ретте бұл атаулы дата

өңірлік, мемлекеттік ауқымда ғана емес, ЮНЕСКО аясында да кеңінен тойланып жатыр. Бұл жазушының әлемдік деңгейде мойындалуының жарқын көрінісі. Президентіміз осы шараның маңызына баса мән беріп баршаңызға ыстық ықыласы мен жылы лебізін жолдады. Ұлтымызға рухани бағдар болатын осындай ұлы тұлғалардың есімін ұлықтау еңселі

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ БӘЙТЕРЕГІ
БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ – 100 ЖАСТА



елдік пен салихалы сабақтастықтың жарқын көрінісі», – деді Мәулен Әшімбаев.

Жазушының 100 жылдығына орай Нарынқолда республикалық ақындар айтысы өтіп, өнер мектебінің оқушылары салған суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Ол Соқпақбаев көтерген сан-түрлі тақырыптарға арналды. Республикалық ақындар айтысында Алматы облысының командасы жеңімпаз атанды.

«Бүгін енді Бердібек ағамыздың тұғыры бір мәңгілік ескерткіш халықтың көкейінде, жүрегінде сақталған ардақты азаматтың ескерткіші ашылып, үлкен ұлттық ойларға ұласатын шаралар өтіп жатыр. Мұның бәрі де осы сөз зергері шынайылықты серік еткен жазушының 100 жылдық мерейтойы. Тек қана Қазақстанда ғана емес, биыл ол Парижде ЮНЕСКО-ның шеңберінде аталып өтетін болып жатыр», – деді ҚР Парламенті Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіп.

Мерейтойлық шаралардың екінші күні қазақ эстрада жұлдыздарының концерттік бағдарламасы мен балуандар күресі, бәйге сияқты дала қызықтарына арналды. Жеңімпаздар темір тұлпарға ие болады. Бердібек Соқпақбаев өзінің өлмейтін, өшпейтін, қазақ әдебиетінің жауһарына айналған асқақ та биік, шынайы шығармалары арқылы мәңгі жасай бермек.

«ҚазАқпарат» Халықаралық ақпарат агенттігі

ТАУ ТҰЛҒАЛЫ ТАЛАНТ



НАҒАШЫБЕК ҚАПАЛБЕКҰЛЫ

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы

Қызыләскер бастауыш мектебінде оқып жүргенімде мектеп директоры Әбдірзақ Мамиев ағай мені кабинетіне шақырып алып:

– Сен кітапқа өте құмарсың. Бірақ хатқа түскеннің бәрін сапырып оқи беруге болмайды. Саған мынаны зерделеп қарап шығуға кеңес беремін, – деп қолыма бір кітапты ұстатты.

Әлгі ұстазым берген кітапты үйге келісімен оқи бастадым. Тұп-тура тау қойнауындағы аз түтінді біздің ауыл, ондағы таныс-бейтаныс жандар тіршілігі, тіпті мінез, іс-әрекеттері бірдей де күнделікті көріп жүрген адамдар...

Қандай қызық та қиын оқиғалар, қат-қабат тағдырлар... Ішіне тартып барады. Қызыға, құныға бір демде оқып шықтым.

Әбдірзақ ағайға кітапты қайта апарып бергенімде ол кісі менен мазмұнын сұрап шықты.

– Әп, бәрекелді! Бердібек Соқпақбаев деген жазушының бұл «Балалық шаққа саяхат» деген кітабы керемет! Биік таулардың құз-жартас бауырларынан жарып шығатын мөп-мөлдір бастаулар болады. Тұп-тұнық, тастай, ішсең жан сарайың ашылып кетеді! Міне, мына Бердібек ағаның бұл шығармасы да сондай ғажап туынды! Көресің, бұл жазушы әлі де талай-талай шығармалар жазып, сенімен мені ғана емес, бүкіл елімізді таң қалдыратын болады! – деген еді ұстазым кең маңдайын сипап қойып кітапты аялай ұстап.

Бердібек Соқпақбаев деген жазушымен алғаш осылай таныстым.

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ БӘЙТЕРЕГІ БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ – 100 ЖАСТА

Бұл бұдан аттай алпыс төрт жыл бұрын болған еді. Содан кейін бұл кісінің әр жазып шығарғанын іздеп жүріп оқитын оқырманына айналдым.

Ауылымыздағы кітапханада Нұрбике деген әпкем кітапханашы еді. Ылғи сол кісіден кітаптар алып оқимын.

– Бердібек Соқпақбаевтай балалар жанын нәзік түсінетін, оны көркемдеп жазатын жазушы өте сирек. Бұл кісі – бала мінезін, іс-әрекетін қаз-қалпында кестелейтін көркем сөздің хас шебері ғой! – деп «Менің атым Қожа» деген кітабын ұсынды.

Мен Соқпақбаев деген жазушыға іңкәр болдым, оның әр шығармасын қайта-қайта оқимын. Оқимын да таңқаламын. Алатау аясындағы Аспанқора тауының баурайындағы алақандай ғана ауылдағы қаршадай қара домалақ бала оның тұнық бастаудай шығармаларын құмарта оқып, нәр алып, қанаттанып, қайран қалып жүрді ғой!..

Шіркін, мен де Бердібек ағадай жазсам ғой деген ой кеудемде бүршік жарған еді-ау...

Тоғызыншы сыныпқа көшкенде бокс үйірмесіне қатысуға бел будым. Жамбыл мектебінің жанындағы интернатта жатып оқимын. Физкультура сабағын Жарас Төлегенов деген институтты жаңа бітіріп келген ұзын бойлы, артық қырым еті жоқ жанып тұрған жас жігіт береді. Ол келісімен түрлі спорт шараларын дүрілдетіп әкетті. Балалар гимнастика, зілтемір, волейбол, баскетбол сияқты үйірмелерге қатысып, алды аудан, облыстарға барып, жүлде алып, кеуде керіп жүрді. Әсіресе, ол өзі боксшы болғандықтан ұлдардың бәрі дерлік соған жапатармағай жазылуға ынтықты. Мен де сырттай қызыға қарап жүрдім де, нартәуекел деп осыған қатысуға бел будым.

Күздің маужыраған әсем кезі. Жарас аға бізді далаға алып шығып, жоталарды айналдыра жүгіртеді, сан түрлі қимылдар жасатады. Буланып, қызынып терлегенде боксшының қолғабын киігізіп, жұп-жұпқа бөліп, бокстаса бастаймыз. Ақ тер, көк тер болып жатқанымызда қап-қара шашын дудыратып артқа қайы-

рған, тор көзді шолақ жең жейделі кісі күнде келіп бізге қарап көп тұрады. Бірде ол жаттықтырушымыз Жарас ағамен сөйлесті. Жаттығуымыз біткен соң:

– Бұл кісі Бердібек Соқпақбаев деген жазушы ағаларың. Боксшы балалар жөнінде кітап жазбақшы екен. Жақында Жамбыл атамизды музейіне директор болып келіпті! – деп таныстырды.

– Оу, Жарас, өзіңе ғана айтқаным ғой. Балалар, бақытты болыңдар! – деп ыңғайсыздана жазушы аға тез-тез басып кетіп қалды.

Мә, мына тамашаны қараңыз! Сонау титтей бала кезімнен бері бір көруге ынтызар болып жүрген ең сүйікті жазушы ағай біздің ауылға келіпті!

Ептеп өлең жазатыным бар. «Қасқырлар үйірі қыспаққа алғанда» деген алғашқы әңгімемді тор көз дәптерге қайта көшіріп біраз күннен кейін музейге бардым.

Күз түсе Жамбыл ата бағы құлпырып кететіні-ай! Күн сіңген алқызыл қалың апорт алмаларын көтере алмай қайысқан алма ағаштардан уылжыған әдемі иісі бұрқырады. Кезінде ұлы ақын ата өзі тіккен нән биік ағаштар жолдың екі қапталында қош келдіңіздер деп күтіп алады.

Бердібек ағаны музей алдынан жолықтырдым.

– Қарашы, мына ағаштардағы құстар қалай ән салады, ал, таң құланиектенгенде бір бұлбұл сайрайды. Тамаша емес пе, ә?! – деп амандықтан соң құстар әлемі жайлы әңгімелеп кетті.

– Бұлардың үнін естіп, тыңдасаң, санаң ашылып, көңілің бүрлеп, ләззат аласың ғой. Жүр, қонақсың ғой, ішке кірейік, – деді.

Кабинетінде артық ештеңе жоқ, үстел үстінде 3-4 кітап жатыр. Менің соған көзім түскенін байқап:

– Орыс жазушыларының кітаптары ғой. Он тоғызыншы ғасыр оларға алтын ғасыр болды, әлемді мойындатқан ақын-жазушылар шықты. Әр кітапты аудармасы емес түпнұсқа тілінде оқығанға не жетсін! Мен Мәскеуде оқыдым ғой.

– Ал, келген шаруанды айт, – деп жымия қарап қойды. Асығыс-үсігіс өлеңдерімді,



жазған әңгімелерімді ұсындым.

– Мен де ақын болып, алғаш өлеңдер жинағымды шығарғанмын. Екі қазақтың бірі ұйқас құрастыра алады, бірақ нағыз ақындары өте сирек. Ал, мыналарыңды оқып қоямын, қолың тигенде келіп кетерсің, – деп жазғанымның бәрін алып қалды.

Екі күннен кейін келсем бақ ішінде алма ағаштарын суарып жүр екен.

– Күзде қандыра бір суарып қойсаң ерте көктемде бүрлеп, түрленіп гүлін ерте ашады, – деп аға қалың баққа сүйсіне қарады.

Кабинеті музеймен іргелес алғашқы кезде Жамбыл атамның өзі тұрған бөлек үйде. Соған кіріп, жазған дүниелерімді алып шықты.

Мавзелей алдындағы сәкіде отырып:

– Өлеңдерің қарабайыр, сурет жоқ. Ал, әңгімеңде желі бар, оқиға бар. Бірақ ертегі секілді. Ізденсең жазушы болайын деп тұрсың, қарағым, – деп қолжазбаларымды өзіме қайтарып берді.

Аудандық «Екпінді еңбек» газетіне жіберген дүниелерімнің бірі қайтпай жарияланып, «тілші бала» атанып, дүркіреп жүрген кездерім ғой.

– Тағы да жазғаның болса әкеп көрсетіп тұр, – деді жазушы ағам қоштасарда.

Бердібек Соқпақбаевтай тамаша жазушымен сырттай қалай танысқаным, кітаптарының шынайы өте құндылығы, пір санайтын жазушым екенін айтармын деп-ақ барғанмын. Бірақ оның бірін де айта алмай, артық сөйлеуге бата алмай қайтқан едім. Қайтадан ол кісіге барып жолығып тұруға жүрегім дауаламады.

Қысқы демалыста сонау төменгі құм ішінде қой бағып отыратын әке-шешеме барғанда осындай атақты жазушы ағаймен танысқанымды тәпіштеп айтып беріп едім:

– Жазушыны жайлауға шыққанда үйге шақыр. Бір-екі күн біздің жайлауда болып, үйден дәм татып кетсін, – деп қауқылдасып қалды.

Бірақ жазға салым Бердібек аға Алматыға басқа жұмысқа ауысып кетті деп естідік. Көп ұзамай жарық көрген «Он алты жасар чемпион» деген повесін бүкіл бала біткен жапатармағай таласа-тармаса оқып, тура

бізді жазыпты деп көсемсіп мақтанып жүрдік.

Жас ақын-жазушылардың республикалық кеңесіне шақырды. Аудандық газетте істеп жүрген кезім, әңгіме, очерктерім газеттерге шығып, таныла бастағанмын. Жазушылар одағында жас жазушылардың шығармаларын қарап, талқылау Тәкен Әлімқұлов пен Оралхан Бөкеевке тапсырылыпты. Бәріміздің алып келген шығармаларымызды жинап алып, екеуі тең бөліп алып, оқып талқылауға алып кетті.

Менің әңгімемді Тәкен аға оқыпты.

– «Көңіл» деген әңгімең ерекше ұнады. Сен қазір менімен бірге жүрші, – деп Тәкен Әлімқұлов ағай мені ертіп алып жаңадан ашылған «Жалын» журналының редакциясына ертіп апарды. Сол жерде Бердібек Соқпақбаев аға кездесе кетті. Екеуі бір-бірін қатты құрметтейді-ау, «Бәке», «Тәке» десіп қалды.

– Мына Жамбыл атасының баласын танимын ғой. Тұңғыш әңгімесін оқығам, – деді Бердібек аға ықыластана.

– Бұл жігіт нағыз жазушы болайын деп тұр, мына бір әңгімесі маған ерекше ұнады. Соны Тұманбайға берейіндеп едім, журналына бассын, – деп Тәкен аға қолындағы папкісін қысып қойды.

– Ол орнында жоқ көрінеді. Бөлім меңгерушісі Дулат Исабековке екеуміз бірге кіріп табыстайық, – деп Бердібек ағам қостап ап жөнелді.

Қарқарадай қазақтың екі жазушысы «Көңіл» атты әңгімемді көздерінше Дулатқа оқытып, келесі нөмерге беруге уәдесін алып бергенін қалай ұмытайын!

Бұл уақытта «Жұлдыз», «Жалын» журналына шығармаң шықса жазушы деген атаққа іліндің деп есептейді. Жақсылардың аялы алақаны, шалқар шарапаты деген осы емес пе!

Ол кездері мамыр айында біздің ауданда қой саны бір миллионнан асып жығылатын. Сақпан бітіп, қозы санағаннан кейін соң қойшылар слеті өтеді. Бұл – үлкен мереке.

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ БӘЙТЕРЕГІ БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ – 100 ЖАСТА

Сол жылғы слет Ақтерек ауылының жанында таулардың етегіндегі көкорай шалғында дүркіреп өтті. Балғабек Қыдырбекұлы мен Сейдахмет Бердіқұлов ағаларымыз Бердібек ағаны да арнайы шақырып ала келіпті. Үстіне жағасы жоқ сұр пиджак киген ол кісімен бәрі жапатармағай амандасып жатты. Бір киіз үйдегі меймандарды күту маған тапсырылған. Ағаларды кіргізіп қымыз беріп, сірне жегізіп жатқанда жиналысқа шақыру келді. Алқақотан отырған даладағы жиналыста озат қойшыларға сый-сияпат таратылды. Алматыдан келген әнші-күйшілер бүкіл Алатау алабын ән-күйге бөлеп, тамылжыта өнер көрсетті. Ұлттық ат спорты, балуандар күресі өтіп жатты.

Қаз-қатар әппақ жұмыртқадай тігілген киіз үйлер жанында қазан-қазан буы бұрқыраған қайнаған ет, сапырылған сары қымыз, арнайы әкелінген кілегейдей таңдайыңа жабысар бапты шұбат...

Қазақша киінген қызғалдақтай қыз-келіншектер құрақ ұшып иіліп қызмет етіп жүр.

Өзімдайындаған үйге жазушы-журналистерді алып кірдім. Шара-шара ет тартылды. Бердібек ағаның алдына жылқының шекесі қойылып, бата сұрадық. Әңгіме-дүкен қызып жүре бастағанда көрші үй қонаққа шақырды. Әр үйде аста-төк қайысқан дастархан. Жиырмадан аса үй тіккен совхоз, колхоз басшылары өздеріне шақырып, сый-сыяпатын көрсетіп жатты.

– Шіркін, анау аспанмен тілдескен таулардың арасындағы бір мөлдір бұлағы сылдыраған сайында жападан-жалғыз ғана тұрсам... Азық-түлікті вертолетпен анда-санда тастап кететін боса ғой... Тек тұма табиғатпен сырласып жеке қалсам, – деді бірде Бердібек аға.

– Осылай отыра береміз бе, сырттағы тамашаны тамашалайық, көктемгі даланы сағындық қой, – деп үш-төрт үйден кейін мазасы кетіп, тықырши бастады.

– Беке, сіз негізгі қонағымсыз. Бата беріп сіз бірге жүрмесеңіз болмайды, – деп Балғабек аға өтініп тұрып алды.

– Бекең тау баласы емес пе, биіктік пен кеңдікті аңсап тұрмесең пе! – деп Сейдахмет

аға жеңіл әзілге бұрды. Ақыры төрт-бес үйден кейін Бердібек аға:

– Мен кішкене көктемгі даланы аралап демалып келейінші. Сенменің жанымда бол, – деп мені алып, әзер сұранып шықты.

Қозы алудан аудан чемпионы болған Еңбек Ері Шопан Жандыбаевқа айтып, екі ерттелген атын алып, қырқаға қарай шығып кеттік.

– Қарашы, бекзат Алатау мырза көктемде қалай құлпырып, жайнап кетеді. Айналайын табиғат кіршіксіз, пәк ғажап қой! Міне, қанқызғалдақ парсы кілемдей бүкіл еңісте тербеліп, үлпілдеп тұр-ау... Одан жоғары беткейлерді жап-жасыл шалғын көмкерген. Анау арғы арқар таулар басын ақ шәлімен орап алған. Осындай әсем табиғатта өмір сүріп, ата-баба кәсібін ұстап жүрген қойшылар шынында да нағыз бақытты жандар емес пе! – деп жазушы ағам төңірекке сүйсіне көз тастап қордалы ой айтты. Атқа отырысы да мығым, кестелі сөздері де қандай десеңізші!..

Тау етегіндегі дөңес үстіне шығып жан-жаққа тамсана қарап тұрмыз. Жазушы ағаның айтқанынан кейін туған жер дидагына таңқала, бөлекше ерекше көзқараспен тебірене қараймын кеп.

Слет өтіп жатқан жерден біреу арда күреңді арқырата жорғалатып салып ұрып бізге жетіп келді.

– Үлкен үйде аудан, облыс басшылары Беке Сізді күтіп отыр, шақырып кел деп арнайы мені жіберді, – деді бірден алқына сөйлеп.

Жорғаға ілесіп салтанат болып жатқан ақ шаңқай киіз үйлер қатар-қатар тігілген той-мереке ауылына қайттық.

Слеттің абыр-дабырын, өнерпаздардың өнерін тамашалап, меймандар кешқұрымда ғана жолға жиналды.

Қайтар кезде Бердібек аға телефонымды жазып алып тұрып:

– Жазғаныңды неге көрмей жүрмін? – дегенде:

– Уақыт жоқ аға, осылай қалың жиыннан қол босамайды, – деп едім.

– Талантың бар, жазуың керек! – деп қоштасқан еді.

Шіліңгір шілденің көбелек қанаты күйіп түсетін аптабының бірінде Бердібек аға телефон шалды.

– Аңадағы слеттегі бал қымыз дәмі таңдайымнан кетер емес. Жөні келсе шоферіңнен бір бес литр беріп жіберсең... Үйге қонақтар келетін болды,–деп шаруасын айтты.

– Аға, ертең жеткізіп беремін, – деп хан жайлаудан арнайы бапталған қымыз алдырып, машина жүргізушісінен беріп жібердім.

Балалығым ба, шалалығым ба неге өзім апарып беріп, пір тұтатын ғажап жазушымен дидарласпадым. Неге? Әлі күнге дейін соған қатты өкінемін. Ары қарай да арнайы мына тұрған Алматыға іздеп барып, сәлем беріп, әңгімелесуге болар еді ғой. Туа біткен жа-сықтық мінез жібермей кегежем кері тартып тұрды ғой.

– Әттең-ай, әттең!..

Қарасазға қазақтың біртуар ақыны Мұқағали Мақатаевтың алпыс жылдық мерейтойына бардық. Музейі ашылып, салтанатты жиын өтті. Бүкіл Нарынқол өңірі Мұқағали жырымен, өр ақын рухымен теңселіп, тебіреніп тұрды. Қасымда осы Қарасаздың перзенті, өзімнің ұстазым, аудандағы бірнеше мектепте директор болған шежіре көңіл, дария бейілді Рахым Дәуітов ағайды ала барғанмын. Қасиетті ел, жер жайлы ол кісі құлақ құрышын қандырып талай әңгіме шертті.

Салтанат бітіп, жиналыс жүргізуші:

– Енді барлықтарыңызды Сарыжазда өтетін ат бәйгесіне шақырамыз,

– дегенде екпіндей Бердібек аға трибунаға шықты. Басшылар оған сөз бергісі келмей, елемеген ғой, сірә...

Жанымдай жақсы көретін қазақтың нар тұлғалы жазушысын әкім-қаралар жасқап, сөйлеткілері келмеді. Ашуланған ол кісі сөйлей бастап еді, микрофонды өшіріп тастады. Басқа жақтан радиодан ән төгілді. Ел тарай бастады, бірақ жазушы ағам қолын сермеп, сөйлеп жатыр. Бізге дауысы түк естілмейді.

– Қайран Бекең сонша неге шамырқанды екен? – деді қасымда тұрған Рахым ағай таңдана қарап. Бердібек аға қолын сермеп, біраз сөйледі де кілт тоқтап, ары қарай бұрылып кетіп қалды.

Әр шығармасын асыға күтетін ұлы талантты кім ренжітті, неге қапа болды екен? Бұл кісі сонша неге шамырқанды екен деп әлі ойлаймын.

Қазақ прозасының қайталанбас ғажап тұлғасы Бердібек Соқпақбаевты бұл соңғы мәрте көруім екен...

Биылғы жыл – Бердібек Соқпақбаев жылы. Б. Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай ЮНЕСКО әлемдік дәрежеде оның ғасырлық тойын атап өту жөнінде өте орынды шешім қабылдады.

Өмірінде титтей марапат, атақ алмаған оның ұланғайыр керемет еңбегін лайықты атап өтіп жатыр.

Өзім қызмет ететін ЮНЕСКО-ның халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығында Бердібек Соқпақбаев әлемін талдау, таразылау: зерттеу, зерделеу бағытында үлкен халықаралық конференция өткізу жөнінде ақылдастық.

ЮНЕСКО-да кезінде Парижде қызмет істеген, Қазақстанның Еңбек Ері, орталықтың бас директоры, көрнекті ақын, қайраткер Олжас Сүлейменов:

– Бердібек Соқпақбаев – қазақ әдебиетінде өзінше даңғыл жол салған ұлы жазушы. Оны өз биік дәрежесінде атап өтуіміз керек, – деп осы шараның жоспарын жасап, өткізуді маған тапсырды.

Түркияда «ТҮРКСОЙ» ұйымы тойды бастап кетті. Қазақ әдебиетінің классигі, жазушы Бердібек Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» романы түрік тілінде жарық көрді. Олар түрік тіліне аударып, кітабын шығарып Нарынқол мен Алматыда тұсауке-серін өткізді.

Б. Соқпақбаев осыдан дәл 100 жыл бұрын 15 қазанда Алматы облысы Нарынқол ауданында туған. Абай атындағы Қазақ Педагогикалық институтын, кейіннен Мәскеуде жоға-

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ БӘЙТЕРЕГІ БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ – 100 ЖАСТА

ры әдеби курсты бітірген. Алғаш 1950 жылы «Бұлақ» атты жыр жинағын шығарған. Ал «Менің атым Қожа» деген кітабін Қазақстанда баспай орысша тұңғыш рет Мәскеуде жарық көрген. Содан кейін ғана кітаптары шыға бастаған. Б.Соқпақбаев бала жанының бағбаны, жиырмадан астам балаларға арналған шығармалар жазды. «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Бозтөбеде бір қыз бар», «Қайдасың Гауһар» атты туындылары бірнеше мәрте басылды. «Өлгендер қайтып келмейді» атты романы үлкен резонанс туғызған еді. Бұл шығармалары көптеген тілдерге аударылып кітап болып шықты.

Ал, «Менің атым Қожа» фильмі (режиссері Абдолла Қарсақбаев, сценарий Бердібек Соқпақбаев) Францияның Канн қаласында өткен халықаралық фестивалінде үлкен жүлдеге ие болып, қазақ киносының даңқын

шығарды. Бұл көркем фильм әлі күнге дейін құндылығын жойған жоқ.

Ешқандай орден-медаль, атақ, марапат алмаса да Бердібек Соқпақбаевтың кітаптарына оқырмандар құштарлығы өте жоғары. Тілі таза, шұрайлы, құнарлы. Оқиғалары қою, нанымды, өмірден ойып алынған. Көркем туындылары бәрімізді тәнті етіп келеді. Өмірінде көрген қиын-қыспақтары, тағдырына кесепат жасағандар жайлы аңызға бергісіз әңгімелерді жіңішкелеп естіп келеміз. Бірақ ол кісі мойымады, еліне қайталанбас ғажап туындыларын сыйлады.

Ең бастысы артында ұлы дүниелері – кітаптары қалды.

Енді осындай ғасырлық мерейлі тойы кезінде ұсыныс-тілектерімізді де ортаға салуды жөн көрдік.

– «Өлгендер қайтып келмейді» романын алғаш көп қысқартып, кесіп-кесіп кітап шығарғанын білеміз. Енді сол қысқартқандарды қайта қосып, толықтырып шығарса ғой.

– Шықпай, жарық көрмей, оқырмандар қолына көпке дейін тимеген «Ергежейлілер елінде» атты повесін де кітап етіп шығаратын уақыт жетті емес пе?!

– Алматы мен Астанада Б.Соқпақбаевтың тұлғалы ескерткіші тұрса нұр үстіне нұр болар еді.

– Бір іргелі мәдениет мекемесіне есімін берген де жөн.

– Б.Соқпақбаев шығармаларынан спектакль дайындап, кинофильмдер түсіру де кезек күттірмес мәселе.

– «Бердібек әлемі» атты фотоальбом шығарып, өмір жолы жайлы деректі фильм түсіру де қажет-ақ.

Ұлы деген ұғым өте ардақты, алыптарға ғана берілетін атау. Біздер әрнәрсеге уақытында баға беріп отырсақ қой, шіркін! Міне, сол атауға нағыз лайықты тұлға Бердібек Соқпақбаевтай ұлы жазушы дер едік. Оған кейбіреулер қанша қызғанса да туындылары арқылы ұлылығын дәлелдеп кеткен тау тұлғалы тарлан қаламгер Бердібек Соқпақбаев есімі әлемді шарлап барады.



Енді осындай ғасырлық мерейлі тойы кезінде ұсыныс-тілектерімізді де ортаға салуды жөн көрдік.

– «Өлгендер қайтып келмейді» романын алғаш көп қысқартып, кесіп-кесіп кітап шығарғанын білеміз. Енді сол қысқартқандарды қайта қосып, толықтырып шығарса ғой.

– Шықпай, жарық көрмей, оқырмандар қолына көпке дейін тимеген «Ергежейлілер елінде» атты повесін де кітап етіп шығаратын уақыт жетті емес пе?!

– Алматы мен Астанада Б.Соқпақбаевтың тұлғалы ескерткіші тұрса нұр үстіне нұр болар еді.

– Бір іргелі мәдениет мекемесіне есімін берген де жөн.

– Б.Соқпақбаев шығармаларынан спектакль дайындап, кинофильмдер түсіру де кезек күттірмес мәселе.

– «Бердібек әлемі» атты фотоальбом шығарып, өмір жолы жайлы деректі фильм түсіру де қажет-ақ.

БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВТЫҢ «ӨЛГЕНДЕР ҚАЙТЫП КЕЛМЕЙДІ» РОМАНЫ – МӘҢГІЛІК ШЫҒАРМА



АЙЗАТ РАҚЫШ

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
жазушы, сыншы

Қазақ әдебиеті қорына өткен ғасырда қосылып, жаңа ғасырда жақұттай жарқырай түскен жазушы туындысы – «Өлгендер қайтып келмейді» романы. Мәңгіліктен енші алған бұл шығарманың құдіреті неде? Ең басты ғажабы – шығарма Ғабит Мүсірепов сөзімен айтқанда, «Соқыр көретіндей, саңырау еститіндей етіп жазылған». Бұл романда көкірек көзі қараңғы адамның кеудесіне нұр болып құйылатындай ғаламат күш бар. Ал көкірегі сәулелі жан оқыса, «мінезін түзеп», жаманын күзеп тастар қауқарға ие. Өлмес өмір кешу себебі – роман әдебиеттің басты парызын барынша атқарып отыр. Мұхтар Әуезов пікірі бәрімізге мәлім: «Әдебиеттің зор міндетінің бірі – елдің мінезін түзеу». Мінез түзеу міндеті қаламгердің әрбір сөз кестесінде жасырынып жатыр. Өте бейнелі сөз ойнатуынан кейбір сөйлемдерін қанатты сөз етіп алуға сұранып-ақ тұр. Мәселен: «Соғыс – біреуге соғыс, біреуге ырыс, көзі соқыр бақ», – деген сөйлемін қарай-

ық. Ауыр еңбек пен қайғыдан тұралаған жас бала мен жесірлердің басына қамшы үйірген Нұралы үшін ырыс болған соғыс қасіретін шебер жазушы бір-ақ сөйлемде сөйлеткен.

Жарты ғасырдан астам уақыт тамсана оқып, бас ала алмауымыздың және бір себебі – роман өз кезіндегі ғана емес, бұрын-соңғы бүкіл қазақ қоғамының тұтас тіршілігін шынайы, көркем суреттерімен оқырман көңіліне ақиқатымен қондыра білуінде. Тағы да ұлы Мұхтар Әуезовтің даналығына жүгінейік: «Қазақ әдебиетінің ішіне қазақ өмірін түгел суретімен алып кіру – әдебиеттің ендігі міндеті». Бердібек жазушы қаламы айналып өткен қазақ өмірін бұл романдан табу қиын. Ұлы Отан соғысы тартқызған қасірет, оты сөнген ошақтар, тірі жесір мен тірі жетімдер, атой салған шолақ белсенділер, басшылардың жемқорлығы, талантқа тұсау салушылар, домалақ арызды бұрқырататындар, баянсыз махаббат – романның тамырлы тақырыпта-

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ БӘЙТЕРЕГІ БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ – 100 ЖАСТА

ры. Қазақ қоғамының оңы мен терісін аударып-төңкеріп зерттеп жазуымен де туынды уақыт таразысынан басым түсіп тұр.

Аталған роман жазушының «менін» азаматтық тұрғыда қалыптасқан, тұлғалық сипатта сараланған, көркемдік дәрежеде дараланған түрде көрсетуімен де құнды болып табылады. Тахауи Ахтановтың жазушы қаламына тән осы құбылыс туралы мынадай пікірі ойға оралады: «Бердібек Соқпақбаев – бірінші жақпен жазуды мықтап меңгерген жазушы. Бердібектің «мені» маған қан-сөлі тамып тұрған өмір, бәріміз тіршілік етіп жүрген жер бетіндегі үлкенді-кішілі адамдардың әрекеті, болмаса қуаныш-күйініші болып көрінеді». Бердібек өз «менін» басты кейіпкер Еркін арқылы береді. Еркіннің өзге кейіпкерлермен сөз алмасуы, монологы арқылы романдағы автор бейнесі ашыла түседі. Туындыда автор барлық адам баласын тең көреді, солай болуын жанымен қалайды. Еркіннің: «Шіркін, жер бетінде тек түн ғана болса ғой. Біреудің міні, біреудің кемшілігі көрінбей қалатын еді», – деп армандайтын монологы осының дәлелі. Түрмеден шыққан Еркінді танымай, «Үйге қайыршы бала кіріп кетті» дейтін Ғалияның бір ауыз сөзі Еркін жүрегінде осы толғанысты тудырады. Автор үшін түн баласы адам бойындағы мінді жасырып, бәрін тең етіп көрсетуге күші жетерлік құдірет.

Романда мәңгіліктің оты жануының тағы бір себебі – адамдардың жан-дүниесіндегі қалтарыс-бұлтарыстар мейлінше терең суреттелген. Бұл орайда туынды психологиялық романның қасиеттеріне ие болады. «Соғысқа мен қатыспаған соң жеңіліп жатқандай» деп өрбитін бала қиялы өте сенімді суреттелген. Бұл соғысты әдемі суреттен, ғажайып фильмдерден ғана көріп жүрген таза, аңқау бала жанының көрінісі. Түрмеден шығып, Ғалия ауылына барғанда өлмекке ойы кеткен Еркіннің монологы бір жағы езу тартқызады, бір жағы ауыр ойға бастайды. Монолог «Қалай өлсем екен?» деп басталады. «Өлем! Өзімді жұрттың қоры санап жүре алмаймын. Жұрт ештеңе білмейтіндей, өлігіңді таба алмайтындай өлсең... Не істеймін? Өлем бе, әлде қоя тұрам ба?» деп сатираға сүйей жазылған дәл осы монолог адам жанының арпалысын өте нанымды бейнелейді. Мейірімсіз қоғам жайлы Еркіннің толғанысы мынадай: «Адам деп аталатындардың қалың ішінде тұрып біреуінен бір ауыз сөз естімегеніме одан бе-

тер зәр жұтып, боздаған үстіне боздадым». Еркінді боздатқан – қайырымсыз қоғам, зәр жұтқызыған – сол қоғамның мейірімнен ада кейбір өкілдері. Бұл ретте суреткер Адам атына психологиялық анықтама беріп тұрғандай сезіледі. Жазушы Адам деп мейірімді, қайырмыды, жүзі жұмсақ, сөзі жылы жандарды ғана атайтыны ақиқат.

Қайтып келмейтін өлгендерге сүбелі шығарма арнаған қаламгер бұл тағдырлы туындысы арқылы өзінің философиялық дәрежесін байқатады. Жазушы астарлаған өлгендер ұғымы қайтыс болған адамның қайтып келмейтіндігі туралы үстірт түсінік емес. Соғысқа кетіп, хабар-ошарсыз жоғалған Сәрсебек – тура мағынасында өлген адам. Оның оты сөнді, арманы орындаусыз қалды. Ал Еркіннің қолы жетпеген алғашқы махаббаты – өлген сезім, оны қанша мәпелесең де, тұңғыш бұр жарған шағындағыдай жайқалмайды. Соғыста хабарсыз кеткен күйеуін күтіп, зарыққан Қаншаның жүрегіндегі сезімі гүл сезім емес, өлген сезім. Роман соңында Ғалияның әйел бақытына ие бола алмай, Еркінге хат жазуы – өлген сезімін тірілтудің соңғы амалы, бірақ қураған сезім бәрібір көктемейді. Романдағы өлгендер – өмірде тауы шағылған, көктемі өткен, келмеске кеткен, өмірден өз уақытында енші ала алмаған пенделердің өкініші. Дәл осы қасиеті үшін Бердібек жазушыны ойшыл, философ қаламгер деп атауға болады.

Романдағы Еркін – типтік бейне. Ол бозбала шағын соғыс үзген күллі қазақ балаларының жиынтық бейнесі. Жазушы Еркінді сүттен ақ, судан таза періште етіп, нанымсыз суреттемейді. Көпшілігімізде кездесетін басты жағымды кейіпкерді типтендіруде оны мінсіз, кіршіксіз етіп суреттеу қателігі бұл жазушыда жоқ. Еркін өмірде адасады, күйеуі бар келіншекпен көңіл көтереді, арақ ішеді, ойланбай әрекет жасап, өзіне күн жарықта дұшпан тауып алады. Жағымды кейіпкерін шындық ауылынан алыс күйде жартыкештендіріп қоймай, өмірдің өзіндей сенімді, оқырман иланатындай кемшілік-артықшылығымен бейнелей білуі де – романның өміршеңдігін арттырып тұрған құнды қасиет.

«Өлгендер қайтып келмейді» – Бердібек Соқпақбаевтың жазушылық шеберлігінің шыңын, суреткерлік қарымының психологиялық, философиялық қырын, қазақ қоғамының бар сырын әйгілейтін толағай туынды.

БАЛА ЖАНЫНЫҢ БАҒБАНЫ

ЖАҒАГҮЛ САМЕТОВА

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, PhD доктор

Қазақтың көрнекті жазушысы Бердібек Соқпақбаев әдебиетте, әсіресе балалар әдебиеті жанрында жарқын із қалдырды. Оның балалар психологиясын терең түсінуге және балаларға деген шынайы сүйіспеншілікке толы шығармалары оның есімін өз замандастарына ғана емес қазақ оқырмандарының ұрпақтары үшін де танымалетті.

Оның шығармаларының басты ерекшелігі – әлемді баланың көзімен жеткізе білуінде. Оның кітаптары тек көңіл көтеріп қана қоймай, жас оқырмандарға достық, адалдық, еңбекқорлық, Отан мен отбасына деген сүйіспеншілік сияқты құндылықтарды үйретеді.

Мысалы, бәрімізге белгілі, ең танымал шығармаларының бірі – «Менің атым Қожа» повесі. Оқушының атынан жазылған бұл өмірбаяндық роман, ия балалар романы десек қателеспейміз, қарапайым баланың өмірі, оның

проблемалары, қателіктері мен қуаныштары туралы баяндайды. Бұл шығармадан көптеген балалар өздерін көреді, бұл кітапты өмірде өз орнын іздейтін жасөспірімдер үшін ерекше құнды етеді. Жазушы шығармалары адамгершілік бағдарларды қалыптастыруға көмектеседі, балаларды өзіне және жақындарына деген сенімін жоғалтпай қиындықтарды жеңуге үйретеді. Ол өзінің кітаптарында қателіктер мен сәтсіздіктер үмітсіздікке себеп емес, үйрену және өсу мүмкіндігі екенін жиі көрсетеді.

Оның шығармалары нағыз балаларға арналған шығармалар деп айтуымыздың басты себептері – әзілге және даналыққа толы, тіпті жеңіл қайғы да бар, оны балалар оңай сіңіреді және олардың тұлға ретінде дамуына көмектеседі. Бұл оның кітаптарын жас ұрпақты тәрбиелеудегі маңызды элемент етеді.

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ БӘЙТЕРЕГІ БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ – 100 ЖАСТА

Енді осы элементтердің бірнешеуіне тоқталсақ, қай тұрғыдан Бердібек Соқпақбаев – «балалар жанының бағбаны» екенін анықтасақ.

«Бала жанының бағбаны» метафорасы бақшадағы өсімдіктерге күтім жасайтын бағбан сияқты баланың ішкі әлемін ұқыппен және мұқият «тәрбиелейтін» адамның бейнесін білдіреді. Әдеби контексте бұл метафора өз шығармалары, сөздері мен мысалдары арқылы балалардың моральдық және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыратын, олардың өсуіне және дамуына көмектесетін, болашақ өмірінің негізін қалайтын жазушының немесе тәрбиешінің рөлін көрсетеді.

Біз үшін бұл «анықтама» Бердібек Соқпақбаевтың шығармашылығын бірнеше себептермен сипаттауға өте ыңғайлы келді:

1) Шығармаларының тәрбиелік әсері:

Бердібек Соқпақбаев өз кітаптарында балаларға қоршаған әлемді және өздерін түсінуге көмектесетін маңызды тақырыптарды қозғайды. Ол достық, адалдық, жауапкершілік, еңбекқорлық туралы – балаларда «тәрбиеленетін», олардың мінезін қалыптастыратын қасиеттер туралы айтады. Бағбан өсімдіктердің өсуіне қамқорлық жасайтыны сияқты, Б.Соқпақбаев өз шығармалары арқылы балалардың дамуына және жақсаруына көмектеседі.

2) Балалар психологиясын түсіну:

Жазушы балалардың ішкі әлемін, олардың тәжірибесі мен қорқынышын шебер бейнелейді. Ол өзкейіпкерлерін қателіктері үшін айыптамайды, бірақ оларды жеңу және үйрену жолдарын көрсетеді. Бұл әр өсімдікке шыдамдылықпен және мұқият қарайтын, оның өзіндік ерекшеліктері мен қажеттіліктерін түсінетін бағбанның көзқарасын еске түсіреді. Оның шығармаларының кейіпкерлері балаларға жақын өмірдегі қиындықтарға тап болады. Соқпақбаев өзіне деген сенімін жоғалтпай қиындықтарды қалай жеңуге болатынын көрсетеді, бұл балаларға әдеби мысалдар арқылы қолдауды сезінуге көмектеседі.

3) Рухани және моральдық тәлімгерлік:

Соқпақбаев жай әңгіме айтып қана қоймай, өз оқырмандарына тәлімгерлік етіп, бағыт-бағдар береді. Оның шығармаларында балаларға берік моральдық негіз қалыптастыруға көмектесетін терең өмірлік сабақтар бар. Жазушы, бағбан сияқты, балаларды әдебиет арқылы тәрбиелеу кезінде тұлғаның дамуын ұқыпты, өте мұқият қалыптастырады және бағыттайды.

4) Өзін-өзі жетілдіруге шабыт (мотивация):

Соқпақбаевтың кітаптары балаларды жақсылыққа ұмтылуға, жеке қасиеттерін дамытуға және өздеріне жоғары мақсаттар қоюға шақырады. Қиындықтарды жеңу және оның кейіпкерлерінің өсуі туралы әңгімелер арқылы балалар өзін-өзі жетілдіруге мотивация алады.

5) Мейірімділік:

Соқпақбаев өз шығармаларында адамдар арасындағы қарым-қатынаста мейірімділіктің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Мысалы, «Менің атым Қожа» шығармасында басты кейіпкер өмірдің қиын жағдайларына жиі тап болады, мұнда мейірімділік пен жанашырлық таныту маңызды болады. Автор мейірімділік қиындықтарды жеңуге, әлемді жақсартуға және достықты нығайтуға көмектесетінін атап көрсетеді. Балалар мұндай оқиғаларды оқи отырып, басқаларға жанашырлық танытуды, мұқтаж адамдарға көмектесуді және күнделікті өмірде жақсы істердің маңыздылығын түсінуді үйренеді.

6) Адалдық:

Адалдық – Соқпақбаев шығармашылығындағы басты тақырыптардың бірі. Оның кейіпкерлері шындық пен өтірік арасында таңдау жасау керек дилеммаларға тап болады. Мұндай жағдайларда жазушы адалдық әрқашан маңыздырақ екенін және айналасын дағылардың ішкі өсуі мен құрметіне әкелетінін көрсетеді. Кейіпкер алдау немесе шындықты жасыру жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін екенін түсініп, өз қателіктерінен сабақ алады. Бұл оқырмандарға, ісіресе балаларға, айналасындағыларға ғана емес, өздеріне де

адал болуға үйретеді.

7) Еңбекқорлық:

Еңбекқорлық пен табандылық та Соқпақбаевтың өз кейіпкерлері арқылы жоғары бағалайтын және насихаттайтын қасиеттері. Оның шығармаларында табысқа тек қажырлы еңбек арқылы жетуге болатындығы жиі айтылады. Мысалы, оның кітаптарындағы кейіпкерлер күш пен табандылықты қажет ететін міндеттерге тап болады және осы үдеріс арқылы олар күшейіп, дана болады. Балалар мұндай кейіпкерлер туралы оқи отырып, еңбектің маңыздылығын және олардың әрекеттері үшін жауапкершілікті түсінеді. Бұл оларға тәртіпті болуға және қиындықтарды жеңуге дайын болуға көмектеседі.

8) Өзгеге құрмет:

Соқпақбаевтың шығармаларында адамдар арасындағы қарым-қатынасқа ерекше көңіл бөлінеді. Оның кейіпкерлері ересектерді ғана емес, құрдастарын да құрметтеуге үйренеді. Автор басқа адамдарға, олардың пікірлері мен сезімдеріне құрмет үйлесімді қарым-қатынасқтың негізгі екенін көрсетеді. Ол өз кітаптарында балаларды басқала-раға мұқият болуға басқарларға зиян тигізуі мүмкін әрекеттерді жасамауға үйретеді. Бұл балаларда салауатты және құрметті қоғам құруға ықпал ететін маңызды әлеуметтік мінез-құлық нормаларын қалыптастырады.

9) Мәдени құндылықтарды сақтау:

Соқпақбаевтың шығармашылығы қазақ мәдениеті мен дәстүрімен тағыз байланысты. Оның шығармалары балаларға өз мәдениетін білуге және түсінуге, сондай-ақ ұлттық мақтаныш сезімін дамытуға көмектеседі. Соқпақбаевтың шығармашылығы қазақ мәдениеті мен дәстүрімен тығыз байланысты. Қазіргі балалар үшін қаламгер шығармалары қазақ мәдениеті мен тарихы туралы маңызды ақпарат көзі болып табылады, бұл олардың тамырларын білуге және ұлттық сананы қалыптастыруға көмектеседі. Оның кітаптары балаларды өз халқының мәдени және моральдық құндылықтармен таныстырады, бұл әсіресе

жаһандану жағдайында маңызды.

10) Тақырыптардың әмбебаптығы мен өзектілігі:

Соқпақбаевтың шығармалары кез келген уақытта өзекті тақырыптарды қозғайды. Достық, ата-аналармен қарам-қатынас, мектеп, өмірдегі алғашқы қиындықтар және моральдық таңдау – бұл тарихи кезеңге немесе мәдени контекстке қарамастан балаларды қызықтыратын мәңгілік мәселелер. Мысалы, «Менің атым Қожа» әңгімесінде 20 ғасырда немесе қазіргі заманда болсын, әр балаға жақын оқушының сезімдері мен тәжірибелері сипатталған.

Бердібек Соқпақбаев балалар жазушысы ғана емес – ол өзінің шығармалары арқылы жас ұрпаққа өмірлік маңызды құндылықтарды түсінуге, қиындықтарды жеңуге және дамытуға көмектескен дос және тәлімгер болды. Оның балалар аудиториясымен тағыз байланысты және олардың қажеттіліктерін терең түсінуі оның шығармашылығын балалардың дүниетанымын тәрбиелеу мен қалыптастырудың маңызды құралына айналдырды.

Бердібек Соқпақбаев баланың ішкі әлемін түсіну үшін сирек талантқа ие болды. Оның шығармаларында балалар жай ғана кейіпкерлер емес, олар тәжірибелері, эмоциялары мен ойлары бар тірі, күрделі тұлғалар. Оның кейіпкерлері – күнделікті қиындықтарға тап болатын қарапайым балалар: достарымен қақтығыстар, мектептегі проблемалар, ересектердің түсінбеушілігі. Жазушы олардың эмоцияларын шебер жеткізіп, оқиғаларды жас оқырмандарға жақын және түсінікті етеді.

Мысалы, арманшыл кейіпкер-бала жасөспірімдердің әдеттегі проблемаларына тап болады, кейде қателіктер жібереді, бірақ әрқашан оларды түзетуге және жақсартуға тырысады. Оның бейнесі арқылы Соқпақбаев балаларға қателесу қалыпты жағдай екенін көрсетеді, бірақ өз қателіктерінен сабақ алу және әрқашан жақсылыққа ұмтылу маңызды екенін ұғындырады.

Оның кейіпкерлері жақсылық пен жа-

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ БӘЙТЕРЕГІ БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ – 100 ЖАСТА

мандықты, шындық пен өтірікті, құрмет пен өзімшілдікті таңдауға тура келетін жағдайларды бастан кешіреді. Осындай мысалдар арқылы жазушы балаларды адал, мейірімді және еңбекқор болу қаншалықты маңызды екендігі туралы ойлауға итермелейді. Ол тәрбие мәселелеріне назар аударды, бұл процесте тек ата-аналар мен мұғалімдер ғана емес, сонымен бірге өз іс-әрекеттерін түсіну арқылы үйренетейін баланың өзі де маңызды екенін көрсетеді.

Қаламгер – балаларға қол жетімді және қызықты сюжеттер жасаудың шебері. Соқпақбаевтың шығармалары қарапайым және жанды тілдің, динамикалық сюжеттердің және әзіл-қалжыңның арқасында оқылады, бұл әңгімелерді балаларға тартымды етеді. Ол балалармен өзін түсінетін тілде, шамадан тыс моральсыз сөйлесе біледі, сондықтан оның кітаптарын жас оқырмандар арасында шынымен жақсы көреді. Оның шығармалары көңіл көтеріп қана қоймайды, сонамен қатар олардың балалар арасында танымал болуының негізгі факторларының бірі және мектеп бағдарламаларының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Балалар оның кейіпкерлерін өздері деп санайды, бұл Соқпақбаевтың кітаптарын әлемді және ондағы өз орныны оң қабылдауды қалыптастыру үшін ерекше құнды етеді.

Көптеген балалар үшін Соқпақбаев жазушы ғана емес, сонымен қатар кітаптары оларды өмірдің қиын сәттеріне бағыттаған тәлімгер болды. Оның жұмысы балаларға қиындықтардың соңы емес, өсу мен дамуға мүмкіндік беретініне сенімділік береді. Ол оқырмандарында оптимизмді, төзімділікті және өз күшін деген сенімділікті арттырды.

Қорытынды. Бердібек Соқпақбаев өзінің шығармашылығы арқылы балалармен бірге байланыс орнатып, олар үшін қызықты оқиғалардың авторы ғана емес, сонымен бірге оларға әлемді және өздерін жақсы түсінуге көмектесетін дос болды. Оның шығармалары балаларды тәрбиелеу үшін маңызды болып қала береді, оларды қиын жағдайларда

қолдайды және оларға берік адамгершілік бағдарларын қалыптастырады.

Бердібек Соқпақбаевтың шығармашылығы жас оқырмандардың жүрегінде жаңғырып, өмір сүруді жалғастыруда. Оның балалар әдебиетін дамытуға және бала тәрбиесіне қосқан үлесі оразан зор. Ол қамқор бағбан сияқты, балалардың жанын өсіруге және дамытуға көмектесті, оларды жақсылыққа, адалдыққа және өзара түсіністікке бағыттады.

Бүгінде оның кітаптары мектеп бағдарламаларының маңызды бөлігі екенін атап өттік, сондықтан да оның есімі нағыз балалар әдебиетінің символы болып қала береді.

«МЕНЯ ЗОВУТ КОЖА»: В АЛМА-АТЕ ПОЧТИЛИ ПАМЯТЬ КЛАССИКА КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ



В Алма-Ате состоялась встреча известных писателей, ученых, педагогов и журналистов, посвященная 100-летию классика казахской детской литературы Бердибека Сокпакабаева. Ее организовал Международный центр сближения культур под эгидой ЮНЕСКО, руководимый поэтом и общественным деятелем Олжасом Сулейменовым.

Писатель, поэт и сценарист Бердибек Сокпакабаев – автор многих повестей и рассказов. Самую большую известность

получила его повесть «Меня зовут Кожá» об озорном и шаловливом школьнике, всё время попадавшем в неприятные, но смешные ситуации. По этой книге кинорежиссер Абдулла Карсакбаев в 1963 году снял одноименный фильм, который был удостоен поощрительного диплома Международного кинофестиваля детских и юношеских фильмов в Каннах.

Бердибека Сокпакабаева всегда волновали проблемы воспитания детей. Его книги во многом автобиографичны.

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ БӘЙТЕРЕГІ БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ – 100 ЖАСТА



Заместитель директора по общим и организационным вопросам Международного Центра Сближения культур под эгидой ЮНЕСКО Ашимова Салтанат Алиякпаровна вместе с Самал Сокпакбаевой Бердибековной

«То, что пережито в детстве, не забывается никогда. Впечатления не скудеют, не охлаждаются. Они теплятся, как жар под слоем золы. Следует сдуть этот слой, и вспыхивает огонь!», – говорил писатель.

Сокпакбаев с 1952 года был членом Союза писателей Казахстана. Ещё при жизни его называли классиком казахской детской литературы.

Среди участников встречи была дочь Бердибека Сокпакбаева, Самал Сокпакбаева. Она поделилась воспоминаниями о своем знаменитом отце.

EurAsiaDaily

АҚЫННЫҢ 70 ЖЫЛДЫҚ БЕЛЕСІ: ҰЛЫҚБЕК ОРАЗБАЙҰЛЫ

29 сәуір күні қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасы, ақын, журналист және аудармашы Ұлықбек Оразбайұлы 70 жас мерейтойын атап өтті. Бұл кезең – өмірінің ерекше белесі, шығармашылық жолында жаңа жетістіктерге жетудің маңызды сатысы.

"Ұлықбек Оразбайұлы, сізді 70 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздің даналығыңыз, тәжірибеңіз және шығармашылық мұраңыз көпшілік үшін үлгі. Сізге зор денсаулық, бақыт және шығармашылық табыстар тілейміз!"

Ұлықбек Оразбайұлы – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, танымал ақын, журналист және Қазақстан Журналистика Академиясының академигі. Қазақстан Жастар Одағы сыйлығының, «Алаш» халықаралық әдеби сыйлығының және мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. Қазіргі уақытта ТҮРКСОЙ Жазушылар одағының төрағасы қызметін атқаруда.

Ақынның шығармашылық мұрасы бай және әр қырлы. Оның «Қанат қақты» (1974), «Жұлдыз жарығы» (1977), «Алтайдың алтын тамыры» (1979), «Ұлыстың ұлы күні» (1982), «Ақ керуен» (1985), «Жаратылыс» (1989), «Жүректегі жарылыстар» (1995), «Алтай асулары» (1988), «Заман-ай» (1999), «Киіз кітап» (2001) кітаптары; «Ахиллестің өкшесі» өлеңдер жинағы (2003); қазақ тіліндегі 5 томдық шығармалар жинағы (2006), «Ынтық зар» (2009), «Әбілхаят» (2009) туындылары әдебиетке елеулі үлес қосты. Сонымен қатар, «Семей-Невада» қозғалысының әнұраны «Заман-ай» әнінің сөздерін де жазған.

Ақынның шығармашылығы қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына зор үлес қосып келеді. Оның поэзиясы жүректерге жол тауып, рухани азық береді. Сіз жазған әрбір өлең мен мақала оқырмандарды ойландырып, шабыттандырады. Сіздің зерттеулеріңіз бен еңбектеріңіз жастарға өнеге, қоғамға әсер етеді.

Ұлықбек Оразбайұлының шығармалары бірнеше шет тілдеріне аударылған. Үнді, түрік, фин, алжир, украин, әзірбайжан, қырғыз, абхаз, монғол, саха-якут және басқа халықтардың ақындарының туындыларын қазақ тіліне аударған. Сонымен қатар, әлемдік классиктер – М.Лермонтов, А.Блок, Д.Кедрин, Н.Рубцов шығармаларын қазақ тіліне тәржімалауы да әдебиетімізді байытты.

"Ұлықбек Оразбайұлының 70 жылдық мерейтойы – тек жеке тұлғаның емес, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің үлкен белесі. Оның өмір жолы мен шығармашылығы алдағы уақытта да біз үшін шабыт көзі бола берсін! Ұлықбек Оразбайұлына шығармашылық табыстар, денсаулық және сәттілік тілейміз!"

ҰЛЫҚБЕК ЕСДӘУЛЕТ «АЛМАТЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ» АТАҒЫМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

*«Ауылымнан жастау кетіп,
Жеттім үлкен қалаға.
«Ұлы ақын Ұ. Есдәулетов!»
Деген арман санада»*

Ұлықбек Оразбайұлы



15 қыркүйек – Алматы қаласының туған күніне орай қалада «Алматы – біздің ортақ үйіміз» атты отбасылық фестиваль өткізілді. Фестиваль барысында қала әкімі Ерболат Досаев дәстүр бойынша қаланы дамытуға үлес қосқан азаматтарды «Алматы қаласының құрметті азаматы» атағымен марапаттады. Үздіктер қатарына Ұлықбек Оразбайұлы Есдәулет те кірді, бұл марапат Алматының мәдени өміріне қосқан зор үлесінің танылуы және рухани дамуына қосқан еңбегінің көрінісі.

БІЗ – ТҮРКІЛЕРМІЗ

*Біз - түркілерміз...
Біз - түркілерміз!
Көк аспандай жарқылдап, күркірерміз,
Көк аспанның бұлтындай сілкінерміз,
Көк бөріден туғанымыз рас болса,
Көк тәңірден қуат ап, бір түлерміз.
Кеудемізді билеген асқақ арман,
Тарихымыз дастан боп таста қалған,
Тірсегіміз тілінген кездерде де
Жан жүректі жерім жоқ жасқа малған.
Жұтып қойған ғасырлар өктем үнін,
Айға қарап ұлыған көк бөрімін.
Атқа мінсем кетемін аруақтанып,
Арасында желік бар ет-терінің.
Атқа мінсем кетемін айбаттанып,
Қылыш көрсем кетемін қайраттанып.
Ғасырлардың бетіне қалқып шыққан,
Біздің халық - бұ да бір қаймақ халық!
Намысымдай ешкімге таптатпаған,
Түркістанның күмбезі асқақтаған.
Бабаларым жатыр ғой бата беріп,
Аруақтар аманатын ақтап бағам.
Көк тәңірден көңілге нұр тілерміз,
Көк аспандай әлі де күркірерміз.
Көк бөрілі көк байрақ көкке шықса,
Қай дұшпанның алдында іркілерміз?
Біз - түркілерміз!
Біз - түркілерміз!!
Біз - түркілерміз!!!*

САУЛЕ ДОСЖАН: «БЫТЬ ЧАСТЬЮ ЭТОЙ ИСТОРИИ - ЗНАЧИТ НЕМНОЖКО БЫТЬ АЙТМАТОВЫМ И АУЭЗОВЫМ»



САУЛЕ ДОСЖАН

Поэтесса, писатель, заслуженный деятель Казахстана, лауреат международной литературной премии «Алаш», член Союза писателей Казахстана, Союза журналистов Казахстана и International Women's Writing Guild (IWWG)

Известная писательница и поэтесса Сауле Досжан стала победительницей третьего сезона конкурса Mecenat.kz за лучший роман о Казахстане. Ее произведение под названием «Древо жизни» («Өмір бәйтерегі») стало лучшим в народном голосовании на сайте конкурса. В качестве награды писательница получила не только общественное признание, но и 500 долларов в месяц пожизненно - именно в этом заключается уникальность литературной премии Mecenat.kz. В интервью газете «Литер» Сауле ДОСЖАН рассказала, как ее труд над глубоко символичным романом «Древо жизни» привел к победе в конкурсе, и как это достижение укрепило ее стремление поддерживать и вдохновлять женщин-писательниц в Казахстане.

«Этот роман – особенный»

– Сауле Мағазбекқызы, поздравляю Вас с победой в литературном конкурсе Mecenat.kz! Как ощущения?

– Я невероятно рада стать победительницей престижного казахстанского литературного конкурса «Меценат». Эта премия была создана для того, чтобы раскрыть новые таланты и вдохновить поколение писателей. Автор проекта Ерлан Аскарбеков однажды сказал в интервью, что верит: у нас есть не только свои Чингизы Айтматовы и Мухтары Ауэзовы, но и Маркесы, Шекспиры, Гете. Конкурс проводится уже третий год, и я стала третьей по счету победительницей. Это символично, ведь быть частью этой истории - значит немножко быть Айтматовым и Ауэзовым. Недавно со-



стоялось торжественное вручение премии, за которым последовал круглый стол. На нем обсуждались планы на будущее, планируются встречи с издателями, телевизионными и кинопродюсерами. Открываются широкие перспективы, и это, конечно, радует.

– Победу Вам принес Ваш седьмой роман под названием «Древо жизни» («Өмір бәйте-регі»). Как думаете, почему именно этот роман стал лучшим в народном голосовании?

– Я писала этот роман очень долго, возможно, потому что вложила в него все свое мастерство и опыт. У меня было внутреннее ощущение, что этот роман - особенный. Как только закончила его, сразу отправила на конкурс, и народное голосование показало, что у меня много читателей, которые поддерживают меня как писательницу. Эта победа стала для меня неожиданной. Хочу выразить огромную благодарность всем моим дорогим читателям, которые переживали за меня и голосовали.

Сакральное значение «степного паспорта»

– Говорят, семь – счастливое число! Насколько мне известно, роман Вы создавали в течение семи лет, и перечитывали его семь раз. Мне кажется, здесь можно наблюдать не-

кий символизм...

Спиридонова Валентина Григорьевна – это не просто выдающийся педагог, а человек, чья жизнь и работа оставили неизгладимый след в истории Каратальского района и

Казахстана. Её преданность делу образования и культуре, стремление к развитию и постоянное совершенствование делают её примером для подражания. Её история вдохновляет новое поколение учителей и студентов, показывая, что истинное призвание всегда находит путь к сердцам людей.

НАСТАВНИЧЕСТВО ВАЛЕНТИНЫ ГРИГОРЬЕВНЫ: СОЗДАНИЕ УСПЕШНЫХ ЛИЧНОСТЕЙ И БУДУЩЕГО

От педагогов и воспитанников, отмечающих её значимый вклад в их развитие

Валентина Григорьевна – педагог от Бога, человек, который стал для многих из нас



настоящим примером, наставником и вдохновителем. Главная её черта – это безграничная любовь к своему делу и своим ученикам. Она умеет зажечь сердца; её вера в каждого способна поднимать на ноги, давать крылья и помочь преодолеть любые трудности.

Валентина Григорьевна поддерживает в трудные моменты и радуется каждому успеху своих воспитанников. Её терпение и забота вдохновляют нас стремиться к новым вершинам. Она умеет увидеть в каждом из нас потенциал, даже когда мы сами в этом сомневаемся. Её мудрость и доброта делают её не только педагогом, но и другом, который всегда готов поддержать и помочь.

Каждый из нас запомнит её уроки, которые остаются с нами на всю жизнь. Она не просто учит, она формирует характер, воспитывает ценности и вдохновляет на достижения.

Спасибо тебе, наш любимый педагог, за то, что вы делаете для нас! Мы гордимся тем, что могли учиться у вас. Ваша работа – это настоящий дар, и мы уверены, что вы оставили неизгладимый след в наших сердцах.

ҰСТАЗ – ҰЛЫ ТҰЛҒА

*«Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға»*

Абай Құнанбайұлы



БАЯН АХМЕТҚЫЗЫ

Ардагер ұстаз,
Ыбырай Алтынсарин
медалінің иегері

Ұстаз – ұлағатты есім. Олар шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беріп, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ерекше еңбек етеді. Ұстаздың қоғамдағы рөлі тек білім беруімен шектелмейді, олар мәдени, моральдық және әлеуметтік дамуға зор ықпал етеді. Ұстаз – қоғам қалыптастырушы тұлға.

Осындай ұлы ұстаздардың бірі – Баян Ахметқызы. Ол «Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтын» филология мамандығы бойынша тәмамдап, ұзақ жылдар бойы шәкірттеріне білім берді. Баян апа бала тәрбиесіне көп көңіл бөлді және мұғалімнің басты мақсаты дұрыс тәрбие беру болуы керек деп санайды. Ол білім мен адамгершілік құндылықтарын сіңіру, азаматтық жауапкершілікті тәрбиелеу мақсатында үлкен еңбек

атқарды. Бүгінде зейнетте болса да, оның ізгі еңбегі мен шәкірттерінің жүрегіндегі жылы естеліктері мәңгілікке айналып, ұрпақтан-ұрпаққа жетуде.

«Мен ұстаз болдым, қазір үйде отырған әжемін. Көп жыл бойы бала тәрбиесімен айналыстым, қолымнан келгенше тәлім-тәрбие бердім. Тәрбие – бұл бір күнде болатын іс емес, ол жылдар бойы жалғасатын, ұрпақтан-ұрпаққа жететін сабақтастық. Алайда, өкінішке орай, қазір ұрпақтар сабақтастығынан айырылып барамыз. Еуропа мәдениетінің ықпалына тым беріліп, соның тәлім-тағылымын алуға тырыстық, ал қазақ мәдениетінің түп-тамырын ескермедік. Қазақ мәдениетінен артық мәдениет жоқ, себебі сәби дүниеге келгенде, ата-бабамыз бесікке тербете отырып, құлағына қазақи әндерді тыңдатып, ата-анаға деген көзқарасын қалыптастырады. Сүйіспеншілік сезімін дарытып, ана берген тәрбиені дамыта отырып, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Бесікке тербеліп, ананың әдемі дауысын естіп өскен ұрпақ дәрежеліктен, жамандықтан алшақ болады.

Қазір бала тәрбиесіне мән берілмейді, баланың қолына телефон ұстатады, олардың не көретінін бақыламайды. Соның нәтижесінде балалар агрессивті болып өседі.

Зейнетке шықсам да, немеремнің мектебіне барып, балалар мен ата-аналарға тәрбие сағаттарын өткіздім, қазір жасым да ұлғайды, сол үшін көп жүгіре бермеймін.

Бұрын Алматының қақ ортасында коммунистік партияның қылышынан қан тамған кезде, №86 Ғабит Мүсірепов атындағы қазақ орта мектебі құрылды. Ол кезде мектептер тек орыс тілінде ғана болатын, қазақ тілді мектептерді ашу қиынға соқты. Қазақ тілінің жанашырлары және ұстаздардың қолдауымен қазақ мектебі ашылды. Осы мектеп Қазақ мектебінің көшбасшысы болды, сосын ол көш жалғасып, қазақ мектептері ашыла бастады.

Қазіргі кезде мектеп ашу оңай, алайда бұрынғы қазақ мектептерін ашу өте қиын болатын. Ұстаздардың ұлттық намысы оянып, балаларға қазақ тілінде сабақ өткізіп, қазақша тәрбиеге жол ашылды. Мектепке жаңа

директор Оразай Мақсұт Құлмұхаммедұлы келгенде, көптеген бастамалар көтерілді. Сыныпта тақтаның екі жағына домбыра қою үрдісі енгізілді: «Бала домбыраны көріп, естіп өсуі керек». Мақсұт Құлмұхаммедұлы таңертең балаларды қарсы алып, қол беріп амандасқанда, олардың көздері жайнап, мектепке шабытпен келетіні ерекше болатын.

Балалар мектепке келе салып, ағаларын іздейтін. Директор жиналысқа қатысып келмей қалса, балалар көңілсізденіп: «Ағай жоқ қой» деп жүндері жығылып кететін. Міне, бір ауыз сөз – «Ассалаумағалейкум» деп қол беріп амандасу балаларға күш-жігер беретін, бұл да тарихтың бір бөлігі.

Егер қазақи тәрбие мектептерде кеңінен насихатталса, қылмыстар азайып, отбасына және отанына деген көзқарастар өзгерер еді. Мектеп қабырғасындағы тәрбие мен ұстаздардың балаларға берген тәрбиесі өте маңызды. Ұстаз тек білім берумен шектелмей, балаларға көңіл бөлуі тиіс. Ұстаз бала үшін ұлы тұлға болуы керек. Бала ұстаздан үлгі алуы қажет» – деп Баян Ахметқызы өз тәжірибесімен бөлісті.

Баян апаның пікірі мен тәжірибесі бүгінгі күнде де өзекті. Ол қазақ мәдениетінің құндылықтарын ұрпаққа жеткізуге және ұлттық тәрбие беруге ұмтылып келеді. Білім мен тәрбие – қоғамды дамытудағы негізгі элементтер. Ұстаздардың тәрбиесі мен үлгі-өнегесі балалардың дұрыс бағытта дамуына айтарлықтай әсер етеді. Қазақ мәдениетіне және ұлттық құндылықтарға құрметпен қарау – біздің қоғамымыздың дамуына оң әсер ететін фактор.

МЕКТЕП – БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ ОШАҒЫ



**ЖУМАБЕКОВА
АЛМА
АЛТЫНХАНҚЫЗЫ**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылдың 1 қыркүйек күні «Әділетті мемлекет. Бір тұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы жайлы хабарлады.

«Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды» – деді Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдауында.

«Жайлы мектеп» – жаңа заманда білім беру жүйесінің сапасы мен қолжетімділігі. Бүгінгі таңда мектептер ауылда да, қалада да бірыңғай стандарт бойынша салынып, оқушыларға заманауи және ыңғайлы оқу ортасын ұсыну бағытында тың жобалар жүзеге

асырылуда. Бастауыш және жоғары сынып оқушыларының оқуы үшін бөлек блоктар ұйымдастырылып, әр блокта оқу кабинеттері, дәретханалар және спорт залдары қамтылған.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бейнебақылау, дыбыстық хабарлау және басқа да күшейтілген қауіпсіздік шаралары енгізілуде. Оқушылардың оқу құралдарын сақтауға, ауыстырып киетін киімге арналған жеке шкафтар, сондай-ақ шығармашылық дамыту мен демалуға арналған арнайы орындар қарастырылған.

Мектептерде физика, химия, биология және робототехника пәндері бойынша заманауи кабинеттермен жабдықталады, онда touch-экрандар мен жылдамдығы жоғары интернетке қолжетімділік қамтамасыз етіледі. Ерекше білім алуды қажет ететін балалар



үшін де тиісті жағдайлар жасалып, инклюзивті білім беру принциптері жүзеге асырылады.

Жайлы мектеп идеологиясы оқушыларға сабақ оқуда жайлы және қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Бұл оқу процесіне қызығушылықты арттыру үшін жайлы кабинеттер, заманауи технологиялар, эмоционалдық қолдау және салауатты өмір салтын насихаттау маңызды. Нәтижесінде, оқушылар оқу кезінде өздерін жайлы сезінеді.

Мұндай мектептер – тек білім берудің орны емес, балалардың шығармашылық, рухани және физикалық дамуына қолдау көрсететін, жаңа буынның сапалы әрі заманауи білім алуына мүмкіндік беретін алаң.

«Жайлы мектеп» жобасы аясында 2024 жылдың қыркүйек айында Астана қаласындағы № 101 орта мектебі өз жұмысын бастады. Мектеп директоры – Алма Алтынханқызы.

Жұмабекова Алма Алтынханқызы – жоғары білікті педагог, білім беру саласында елеулі үлес қосып келе жатқан кәсіби көшбасшы. Қарағанды мемлекеттік университетін математика мамандығы бойынша тәмамдап, прак-

тикалық психология және мемлекеттік басқару салаларында білім алған.

Жұмабекова Алма Алтынханқызы білім мен ғылым саласындағы белсенді педагог ретінде үздіктер қатарына кіріп, өзінің кәсіби біліктілігімен ерекшеленеді. Оның еңбегі Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің грамоталарымен, «Ыбырай Алтынсарин» белгісімен және «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» нағарадаларымен жоғары бағаланған. Алма Алтынханқызының жетістіктері оның білім беру саласындағы ынтасы мен кәсіби маман ретіндегі көшбасшылығын айқын көрсетеді.

Алма Алтынханқызы шығармашылыққа бейім, жаңашылдыққа ашық және кәсіби құзыреттілігімен жастардың болашағына оң әсер етуде. Кәсіби көшбасшы-директор ретінде білім сапасын көтерумен қатар, оқушыларды бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптастыруға да үлкен үлес қосуда. Алма ханымның басшылығымен білім беру мекемесі жан-жақты дамыған және табысты азаматтарды тәрбиелейтін ортаға айналып келеді.

**Құрметті
ҰСТАЗДАР!**

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Ұстаздық жолы - үлкен жауапкершілік пен шынайы жанқиярлықты талап ететін қасиетті қызмет. Сіздер - білім мен тәрбие шамшырақтары, қоғамымыздың берік іргетасысыздар. Сіздердің әрбір ұмтылыстарыңыз бен ізгі істеріңіз ұлт болашағын тәрбиелеуге, өскелең ұрпақтың жарқын болашағын қалыптастыруға бағытталған.

Бүгінгі жастардың табысты, білікті азамат болуына қосып жатқан үлестеріңіз өлшеусіз. Шәкірттерге деген шексіз қамқорлықтарыңыз бен қажырлы еңбектеріңіз үшін шын жүректен ризашылығымызды білдіреміз.

Сіздерге зор денсаулық, кәсіби табыстар, қажымас қайрат және шабыт тілейміз. Жас ұрпаққа берген біліміңіз бен тәрбиеңіздің жемісін көріп, талай биіктерді бағындыра беріңіздер!

Мерекелеріңіз құтты болсын!

III МЕЖДУНАРОДНАЯ ЛЕТНЯЯ ШКОЛА ДЛЯ ПЕДАГОГОВ СТРАН ЕВРАЗИИ



В Алма-Ате 10 сентября открылась третья Международная летняя школа для педагогов стран Евразии. Тема мероприятия – «Качество образования и сближение культур: теория и практика развития обществ знаний». Форум проводит Международный центр сближения культур (МЦСК) под эгидой ЮНЕСКО, руководимый казахстанским поэтом и общественным деятелем Олжасом Сулейменовым.

В условиях глобализации прогресс любой страны зависит от новых поколений. Поэтому одним из условий, которое государство ставит перед образованием, является формирование личности, владеющей навыками и знаниями межкультурного диалога, направленного на сближение культур.

Проведением Международной летней школы МЦСК формирует взаимодействие ученого, педагога-новатора с педагогами разных образовательных уровней с тем, чтобы эффективные коммуникации позволили выстроить сотрудничество и повысить качество образовательного процесса через развитие диалоговой платформы по обмену знаниями и сближению культур.

Как отмечал Олжас Сулейменов, «культура – это, прежде всего, знание. Знания необходимы для развития культур, а развитие необходимо для их сближения. Сближение культур ведет к миру».

Деятельность Международной летней школы направлена на укоренение в мышлении людей принципов, лежащих в основе миролюбивой политики Казахстана и мандата ЮНЕСКО, которые являются краеугольным камнем мирного, равноправного и уважительного сосуществования различных общностей людей, вне зависимости от их расовой, этнической или религиозной идентичности, как на национальном, так и на глобальном уровнях. Сближение культур неразрывно связано с построением обществ знаний.

В рамках работы школы в течение трех дней будет проведен ряд интерактивных лекций, мастер-классов, тренингов, обмен опытом между спикерами и участниками, поддержаны партнерские инициативы между педагогами и учеными. Спикерами выступят эксперты сектора социальных и гуманитарных наук ЮНЕСКО, ведущие международные, казахстанские ученые и педагоги, заинтересованные в развитии образования.



«Смысл жизни человека в том, чтобы продолжать свою линию жизни на Земле, а если тебе дано помочь еще кому-то, то постарайся это сделать».

«Искусство не знает границ. Во все времена и во всех странах оно служило идеалам добра, любви, справедливости, утверждало высокие нравственные ценности».

Человек, можно сказать, модель нации. По каждому из нас судят о целом народе, таков феномен обобщающего восприятия. Стань мастером – и твой народ уважаем. Вот формула патриотизма, которая всем доступна...

Хочешь быть сыном гордого и честного народа – будь гордым и честным.

И пусть каждого мучает честлюбивый вопрос: а мы какой оставим след в человечестве? Что мы успеем сделать? Успеем сказать всю правду, которую сумели прозреть, сможем ли сделать сознание человека хоть чуточку зорче, поможем хотя бы на шаг подвинуть его к идеалу свободы и равенства, или за многоумными скучными разговорами уйдет то Слово, в котором нуждались люди...

Каждому человеку важно знать о результатах его труда. Признание писателя, его популярность – это результат его работы. Если твою книгу читают, если она вызывает интерес, значит, ты не зря называешься писателем. Наша жизнь – это постоянное взаимодействие с читателем, потому что книга начинает жить лишь тогда, когда обретает своего читателя.

Мы – раскинувшаяся на громадном пространстве страна, нация, которая подвергается воздействию всех культур. Не надо этого бояться. Надо использовать это во благо. И мы можем использовать, если будем, наконец, действовать по принципу: осваивать чужое, не теряя своего.

ОЛЖАС СУЛЕЙМЕНОВ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ

5-ші ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ

АСТАНА 2024



5th
**WORLD
NOMAD
GAMES**
ASTANA 2024

5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ



ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР

ОЙЫНДАРЫ – этникалық спорт түрлерінен өткізілетін халықаралық спорт жарыстары. Жарыстар Орталық Азияның тарихи көшпелі халықтарының ұлттық ойындарына негізделген. ДКО адамзат өркениетінің мұрасы ретінде этноспорттық және этномәдени қозғалысты дамытуға бағытталған.

Дүниежүзілік көшпенділер ойындары ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне кіреді.

ОЙЫНДАР ТАРИХЫ

Алғаш рет Қырғыз Республикасында ойластырылып, жүзеге асырылған халықаралық спорттық шара әлемдік мәртебеге ие болып, барған сайын, Еуразия кеңістігін ғана емес,

басқа да көптеген елдерді қамтып, кең аудиторияның назарын аударды. Дүниежүзілік ойындарды өткізу құқығының Қазақстанға берілуімен ойындарды өткізетін елдердің тізімі де кеңейді.

Дүниежүзілік көшпенділер ойындары алғаш рет Қырғызстанда өтті. Чолпон-Ата қаласы халықаралық жарыстарды үш рет қабылдады:

2014 жылы – 19 елден 10 спорт түрінен 583 спортшы.

2016 жылы – 62 елден 26 спорт түрінен 1 200 спортшы.

2018 жылы – 82 елден 37 спорт түрінен 2 000 спортшы.

4-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары 2022 жылы Түркияның Изник қаласында



өткізілді. 102 елден 13 спорт түрінен 3 000 спортшы.

ӨТКІЗІЛУ КҮНДЕРІ ӨТКІЗІЛЕТІН ОРНЫ:

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы
Ойындар 2024 жылғы 8–14 қыркүйек
аралығында өткізіледі.

Қыркүйек айы – жазғы жайлаудан қысқы қонысқа көшудің аяқталуын білдіретін мерекеге сілтеме. Дәстүр бойынша, адамдар және киіз үйлер, мүлік тиелген жануарлар керуенінің жолы салт-дәстүрлер, ойындар мен жарыстар өткізілетін жаңа қоныста аяқталатын.

ҚАТЫСУШЫЛАР

Көшпенділер ойындарына бірінші кезекте халқы көшпелілер өркениетінің мұрагерлері болып табылатын елдер қатысады. Ал, Астанада өтетін Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына әлемнің түкпір-түкпірінен, соның ішінде көшпенді емес елдерден де командалар қатысады деп жоспарлануда.

Бүгінде ДКО ұлттық спорт түрлерінен әлемдегі ең ірі жарыс болып табылады. Шамамен болжам бойынша, Астана қаласына 7 күнге созылатын жарыстарға 100-ден астам елден 4000-ға жуық қатысушы келеді.

ДКО спорт бағдарламасына қатысуға өтінімдер 2024 жылғы 15 шілдеге дейін берілуі керек.

Мәдени және ғылыми бағдарламаларға, сондай-ақ көрнекі спорт бағдарламасына қатысуға өтінімдер 2024 жылғы 1 ақпанға, ал ғылыми бағдарламаға 2024 жылғы 1 сәуірге дейін қабылданады.

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ

ДКО ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. ДКО-ны тиімді дайындау және өткізу мақсатында Қазақстан Республикасы Вице-Премьер-Министрінің төрағалығымен ДКО ұйымдастыру комитеті құрылды. Ұйымдастыру комитетінің құрамына мемлекеттік өкілетті органдардың басшылары, облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар әкімдіктерінің басшылары, ұлттық компаниялардың, кәсіпорындардың, қоғамдық ұйымдардың басшылары кірді.

Ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігімен «Астана 2024» ДКО дайындау және өткізу жөніндегі Дирекция құрылды. Дирекцияның функциялары «Қазспортинвест» АҚ-на жүктелді.

ДКО Дирекциясының ұсынысы бойын-



ша Ұйымдастыру комитетімен Астана 2024, ДКО туралы Ереже бекітілді. Ережеде спорт командаларының ДКО-ға қатысу шарттары егжей-тегжейлі көрсетілген. ДКО туралы Ереже барлық мүдделі ұлттық ұйымдарға (қауымдастықтарға, федерацияларға, одақтарға, клубтарға) жіберіледі және Астана 2024, 5-ші ДКО-ға қатысуға ресми шақыру болып табылады.

ОЙЫНДАРДЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

Астана 2024 ДКО инфрақұрылымын қалыптастыру үшін Ойындарға қатысатын нысандардың барынша көп саны бір сызық бойымен орналасқан «сызықтық» құрылғының ең қолайлы қағидаты қолданылды.

5-ші ДКО инфрақұрылымына «Астана Арена» стадионы, «Қазанат» ипподромы, Ж.Үшкөпиров атындағы Жекпе-жек сарайы, «Алау» мұз сарайы, «Qazaqstan» жеңіл атлетика спорт кешені, «Думан» кешені сияқты елордалық нысан кірді.

«Қазанат» ипподромы мен Этноауыл аумағында ат жарысы, дәстүрлі садақ ату және құс салудың ұлттық түрлерінен жарыстар, ат үстіндегі сайыстар бойынша жарыстар өткізіледі. Ж.Үшкөпиров атындағы Жекпе-жек сарайы мен «Алау» мұз сарайында ұлт-

тық күрес түрлерінен, жекпе-жек түрлерінен және халық ойындарынан жарыстар, «Думан» кешенінде дәстүрлі зияткерлік ойындар бойынша жарыстар өткізіледі. Qazaqstan жеңіл атлетика спорт кешенінде ДКО Аккредиттеу және Жабдықтау орталықтары орналасады.

Қазанат ипподромының оңтүстік-батыс жағындағы іргелес 10 га аумақта орналасқан «Көшпенділер ғаламы» этноауылы ДКО мәдени бағдарламасын жүзеге асыруда негізгі алаңға айналады, сондай-ақ, мәдени бағдарлама Астана қаласының әртүрлі нысандарында (алаңдарда, саябақтарда, басқа да қоғамдық орындарда, театрларда, концерт залдарында, кинотеатрларда, мұражайларда, көрме павильондарында және т.б.) өткізіледі.

Ойындардың ғылыми бағдарламасының іс-шаралары Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайында өткізіледі.

Қонақтарды орналастыру үшін Астана 2024 ДКО инфрақұрылымына кіретін спорт нысандарына жақын орналасқан 23-ке жуық қонақ үйі бар.

ОЙЫНДАРДЫҢ АШЫЛУ ЖӘНЕ ЖАБЫЛУ РӘСІМДЕРІ

Ежелгі Олимпиада ойындарынан бері ашылу рәсімі Ойындардың ажырамас бөлігі



болып табылады. Ірі халықаралық спорт форумдарының дәстүрлеріне сүйене отырып, Көшпенділер ойындарындағы ең мәнді және жарқын оқиғалар ойындардың ашылу және жабылу рәсімдері болып табылады. Театрландырылған көріністер арқылы қабылдаушы елдің мәдени мұрасы, мемлекет дамуының маңызды белестері, музыкалық-хореографиялық мәдениет жауһарларының қойылымы паш етіледі.

Қатысушы елдердің командалары алфавиттік тәртіп бойынша бөлек топтармен, салтанатты маршпен жүріп өтеді. Ашылу рәсімі міндетті түрде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын және Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының туын өткізу және көтеру тәртібін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын және Дүниежүзілік көшпенділер әнұранын орындауды қамтиды.

Ойындардың ашылғанын ресми түрде жариялайтын Мемлекет басшысының сөзі Ашылу салтанатының шарықтау шегі болмақ.

5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының жабылу рәсімі «Қазанат» орталық ипподромында өткізілетін көкпар турнирінің финалист командаларының финалдық ойыны бітісімен іле өткізіледі. Қатысушылар шеруі Ойындар кезінде бір отбасындай болып үлгірген спортшылардың ынтымақтастығын білдіретін бір ортақ команда форматында өтеді.

СПОРТ БАҒДАРЛАМАСЫ

Астана қаласының ең үздік спорт алаңдарында 20 жарыстық және 10 көрнекі спорт түрінен жарыстар өткізіледі. Олардың қатарында ат жарысы, ұлттық күрес түрлері, дәстүрлі зияткерлік ойындар, жекпе-жектен жарыстар, дәстүрлі садақ ату, құс салудың ұлттық түрлері, ат үстіндегі сайыстар, халық ойындары, сондай-ақ этникалық спорт түрлерінен көрсетілім қойылымдары бар.

Ойындарда 110 медальдар жиынтығы сарапқа салынады.

МӘДЕНИ БАҒДАРЛАМА ЖӘНЕ «КӨШПЕНДІЛЕР ҒАЛАМЫ» ЭТНОАУЫЛЫ

Ойындардың ашылу рәсімінен бір күн бұрын Этноауылдың ашылуы өтеді. Этноауыл Қазанат ипподромына іргелес аумақта, шамамен 10 гектар жерде орналасады.

Бұл күні «Астана – көшпелілердің астанасы» атты жарқын театрландырылған қойылым көрсетіледі. Шараға ДКО-ға келген шетелдік қонақтар мен халықаралық спорт ұйымдарының басшылары қатысады.

Этноауылдың бірегей концерттік алаңында күн сайын мәдени шаралар өткізіледі. Соның ішінде Қазақстанның үздік қолөнершілерінің ең ірі көрме-жәрмеңкесі және шеберлер өз қолөнерінің қыр-сырымен бөлісетін шеберлік сабақтары болады. Еліміздің жетекші және бастаушы айтыскерлері қатысатын дәстүрлі «Айтыс» ақындар мүшәйрасы Этноауылдағы мәдени бағдарламаның ажырамайтын құрамдас бөлігі болмақ.

«Көшпенділер ғаламы» фестивалі мәдениет әлеміндегі заманауи үрдістерді көрсетеді.

Іс-шаралар бағдарламасында этноауылдың ең кішкентай қонақтарына көп көңіл бөлінеді, олар көптеген ойын-сауық және танымдық ойын алаңдары мен этникалық стильдегі аттракциондарды тамашалайды. Сондай-ақ Этноауылда сән көрсетілімі өтетін подиум ұйымдастырылады. Этникалық сән фестивалі аясында этникалық киімдердің түрлі үлгілері, оның ішінде осы трендтің көшбасшысы – Global Nomads үлгілері ұсынылады.

Сондай-ақ, ДКО мәдени бағдарламасында кинофестиваль өткізу де қарастырылған.

Этноауылда жыртқыш құстарды салудан жарыстар және ұлттық күрес түрлерінен көрнекі қойылымдары өткізіледі. Ұлттық тағамдар фестивалі қазақ халқының қонақжайлылығы мен ақкөңілдігін паш етеді. Мұнда шеберлік сабақтары өткізіліп, әрбір келуші тамақ пен сусын дайындауға қатыса алады. Ұйымдастырушылар Этноауылда жоспарлаған барлық іс-шаралар басты мақсатқа қол жеткізуге бағытталған – мәдени мұраны, ұлттық құндылықтарды насихаттау, олардың ұлттық брендті болып табылатын Қазақстан халқының бай тарихы мен мәдениетін насихаттау.

«БІРЛІК КЕРУЕНІ» («КАРАВАН ЕДИНСТВА»)

Дәстүр бойынша, Олимпиада, Азия және Дүниежүзілік Универсиада сияқты заманауи ірі спорттық жарыстардың барлығына дерлік пішіні жағынан әртүрлі, бірақ мазмұны біркелкі Алау Эстафетасы міндетті түрде кіреді.

Алғашқы үш Көшпенділер ойындарында басты қасиетті нышан және негізгі элемент Су болды.

Ойындар қарсаңында Қазақстанның барлық облыс орталықтарында және республикалық маңызы бар қалаларында әсерлі театрландырылған іс-шара өткізу барысында жергілікті қасиетті бұлақтардың бірінен Дүниежүзілік ойындардың Ашылу рәсіміне апарылатын Су алынады. Аймақтың орталық көшелерінен өтіп, орталық алаңда құрметке ие болған керуен Қазақстанның астанасына аттанады. Өңірдің дәстүрі мен стилінде безендірілген «Керуен» құрамында Су толты-

рылған ыдыспен бірге Астанаға Ойындардың мәдени бағдарламасына қатысатын шығармашылық топтар келеді. Сонымен қатар, керуендер өңірлерден Астанаға қажетті мөлшерде киіз үй, ыдыс-аяқ, «Көшпенділер ғаламы» этноауылын ұйымдастыруға қажеттінің барлығын әкеледі. Ойындардың ашылу күні құрамында еліміздің барлық аймақтарының атынан келген, қолына қасиетті Су толтырылған Торсық ұстаған батырлар бар керуен Ойындардың ашылу рәсімі өтетін жерге жарқын шерумен аттанады. Қасиетті көздерден алынған Су ДКО ашылу рәсімінің шарықтау шегінің маңызды құрамдас бөлігі болмақ.

ҒЫЛЫМИ БАҒДАРЛАМА

5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары қарсаңында Ұлттық мұражайда этносportты дамытудың түрлі аспектілері зерттелетін халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізіледі. Олардың ішінде этносportшыларды дайындау әдістері, этносportты дамыту келешегі, этносportтағы халықаралық ережелерді стандарттау және қабылдау және т.б. Сондай-ақ сарапшылар көшпелілікті, оның өркениеттік рөлін, сондай-ақ қазіргі әлемдегі неонomadтардың мағынасын зерттеуге назар аударады.

ОЙЫНДАРДЫҢ АЙДЕНТИКАСЫ

Астанадағы 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары «Ұлы дала дүбірі» ұранымен өтеді.

Ресми логотипке айдентиканың маңызды элементі – күн шуақты шабандоз кіреді. Ол Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының барлық логотиптерінде болған. Логотипте қою қызыл түсті элементтер қолданылады. Бұл түс ақық дейтін жартылай асыл тастың қарапайымдылығы мен әсемдігін бейнелейді. Ақық өзінің қызыл реңкімен қан мен отқа ұқсайды және өмірлік энергиямен, жүрекпен және күнмен ассоциацияланады. Қамшы, белбеу және дәстүрлі зергерлік бұйымдар сияқты тұрмыстық заттар ақықтың күңгірт түстерімен безендірілген.

Логотиптің мәтіндік бөлігі VIII-X ғасырлардағы руникалық түркі жазуына стильденген қаріппен жасалған.

THE WORLD NOMAD GAMES: CAPTURING A SENSE OF THE GREAT STEPPE



The 5th World Nomad Games, set to be hosted in Astana from September 8-13, is Central Asia's largest national sports competition and, complemented by unique cultural and scientific programs, attracts participants and spectators from throughout the world. As reported by TCA, there is a distinctive festive fizz in the air as the city prepares to welcome visitors, with streets, shopping centers, public spaces and even buses already festooned with flags and colorful decorations.

AblaiKondybaev, the Deputy Head of the Directorate responsible for preparing and organizing the 5th World Nomad Games, spoke to The Times of Central Asia about how the event allows visitors to experience the spirit of the Great Steppe.

- The geographical scope of the Nomad Games is steadily expanding worldwide. How

many countries will participate this year and how many tourists and spectators are expected to attend?

- The Games have a ten-year history. Having originated in Kyrgyzstan in 2014, they have since been held three times in the Kyrgyz city of Cholpon-Ata and on the shores of Lake Issyk-Kul. Over the relatively short period since it began, the event has grown dramatically. The first Games attracted participants from 19 countries mainly from Central Asia where there is a historic nomadic culture, whereas the 4th Nomad Games hosted by Iznik, Turkey, in 2022, saw athletes competing from 81 countries.

It's very interesting to track the geography of engagement. In previous Games, for example, countries such as New Zealand and Madagascar participated. Superficially, they have nothing to do with nomadic culture, yet

consider themselves descendants of nomads. Such things bring us closer together; in the distant past, all humanity was nomadic. To date, we have received applications for participation from 89 countries to compete in this year's event.

The Nomadic Games are a new and interesting phenomenon, offering unique and highly engaging spectacular sports, unfamiliar and exotic to European and Western audiences. As such, the Games are becoming increasingly popular abroad. Today's geographical representation of athletes is expansive, with countries including Venezuela, Ireland, Gambia, and Brunei participating for the first time. For ten years, countries from literally all continents have joined the event and perhaps in the future, we will reach a point where interest in our national sports is on a par with the Olympics or soccer championships.

- Is it significant that the month of September was chosen for the Games?

- Absolutely. September is when nomads traditionally celebrate the completion of the migration with their caravan of yurts and animals from their summer to winter camp with a toi; an event comprising feasts, rituals, games and competitions.

- Which competitions generate the most excitement amongst spectators: Horse racing, archery, wrestling?

- Nomadic life is directly related to horses, and year on year we observe how people who know nothing about steppe culture are particularly fascinated by our equestrian sports. Always spectacular and challenging, they take the audience's breath away. But to single out some separate competitions is very difficult; they are all interesting. Each is unique, and each has its audience and fans. Nevertheless, according to ticket sales, it is obvious that horse races – baige – are extremely popular.

Kazakhs have long held horse races at major events and competitions. We have seven courses in the program. Three are flat races, similar to those held worldwide and in particular, in England, Arab countries and Japan. The other four, Kunan baige, Alaman baige, Top baige, and Yshkyrbaige, are traditional nomadic



Ablay Kondybayev, the Deputy Head of the Directorate responsible for preparing and organizing the 5th World Nomad Games

races over different distances and terrains. There are also equestrian team competitions, the most famous of which are Kokpar and Kokboru; traditional games akin to polo played with sheep or goat carcasses. Long popular among Turkic people, especially in Central Asia, these fast and furious competitions attract record numbers of spectators. According to forecasts, the finals of Kokpar and Kokboru will be held between Kazakhstan and Kyrgyzstan.

I should also mention Zhamby Atu, a mesmerizing and highly skilled competition involving horseback archery traditionally played by warriors on festive occasions. Other riding events include Audaryspak and Tehre Ilu, in which the rider must pick up a bag of coins whilst on the gallop.

Equestrian events aside, the Games feature traditional wrestling events – Kazakh Kuresi, Kyrgyz Alysh, as well as Tatar and Uzbek forms of the sport – alongside contests of strength and power, such as weightlifting sports developed in Scandinavian countries, and, of course, competitions in traditional archery. Competitions in hunting with birds of prey, are always of great interest and in high demand amongst foreign guests.

Another sport which never fails to delight audiences is Arkan tartys, an emotionally charged tug-of-war, and Asyk Atu, a game of dice; both familiar to everyone's childhoods. Intellectual sports also feature, but unfortunately, chess tournaments and board



games such as Togyzkumalak from Kazakhstan, Owari from West Africa, and Mangala from Turkey, are not open to spectators.

- What distinguishes the Nomad Games from traditional sporting competitions and how do they impact on interest in Kazakhstan and nomadic culture?

- Thanks to the Games, ethno-sports are developing all over the world. The World Nomadic Games contribute to the establishment of common rules of competitions historically conceived in nomadic countries. One of our key tasks is to systematize the rules and adjust the details to reach a common understanding and give impetus for further development. Of course, first and foremost is attracting spectators. Given the high volume expected from Kazakhstan and Central Asian regions and because travel agencies, as in the UK, sold out tickets for the Games within six months, we anticipate audience numbers to reach 100,000. This figure will also be swelled by the recent announcement that Kazakhstan's most famous singer, DimashKudaibergenov will perform at the Games on 13-14 September.

- What can you tell us about the activities offered by the ethno-aul, created within the framework of the Games on a ten-hectare site close to the Kazanat hippodrome?

- The Games consist of three areas – sport, culture, and science. The ethno-aul is the main site for cultural events, which follows the concept that the Nomad Games includes participation by of all Kazakhstan's regions to allow visitors to immerse themselves in the the country's heritage.

The ethno-aul will be launched on the first day of the Games with Shattykkerueni, a grand parade showcasing the cultural heritage of the Kazakh people, and thereafter, host evening performances by artistic ethno-collectives, concerts, regional competitions of aytys (folk poetry), exhibitions of unique work by some 200 master craftspeople, fairs and bazaars selling souvenirs and jewelry, masterclasses for visitors, children's playgrounds, and of course, national cuisine. General admission is free.

Special attention is being paid to the younger generation, as one of the goals of the Games is to pass on traditions and revive national sports and national culture. We can already see a growing interest amongst young people in archery. Equestrian sports have become particularly popular, and to meet demand clubs are opening in Almaty and Astana. Reduced rates have been set for children attending the Games and to further develop sport amongst young people, we have signed a memorandum with UNICEF on several areas of cooperation.

- What level of service awaits participants and tourists alike?

- We are currently putting the finishing touches in place. I think that everyone who attends the opening ceremony at the Astana Arena will be pleasantly surprised by the work of Kazakh producers and directors and moreover, get a true sense of our country's hospitality and an authentic experience the nomadic spirit.

timesca.com

UNESCO GENERAL CONFERENCE PRESIDENT HIGHLIGHTS WORLD NOMAD GAMES' ROLE IN PROMOTING PEACE AND HERITAGE



*Simona-Mirela Miculescu,
President of the General
Conference of UNESCO*

The President of the 42nd session of the United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization (UNESCO)'s General Conference and Romanian Ambassador, Simona Mirela Miculescu, has stressed the importance of the World Nomad Games in promoting peace and preserving cultural heritage worldwide in an interview with The Astana Times.

NOMAD GAMES – MAJESTIC EVENT

Miculescu has attended the opening ceremony of the fifth World Nomad Games, which began in Astana on Sept. 8 with a spectacular show celebrating the rich heritage and enduring spirit of nomadic people.

“Congratulations for the way Kazakhstan started – in a majestic way – this competition. At the opening ceremony it was a feast in terms

of culture and civilization and inspiration. So it was a wonderful start, which tells a lot about the values of the nomadic civilization, and they were present on the stage plentifully,” said Miculescu.

According to her, UNESCO has always supported the World Nomad Games, as they embody values deeply cherished by the organization. Hosting events such as the World Nomad Games is also one way to spread peace and promote cultural heritage around the globe.

“That is why UNESCO has been supporting and will always support the World Nomad Games, because they embody values very dear to UNESCO. Exactly the essence of the mission of UNESCO: building peace in the minds of men and women while preserving and promoting cultural heritage and traditions. So it is a perfect



The Astana Times reporter Aibarshyn Akhmetkali during the interview with Simona-Mirela Miculescu, President of the General Conference of UNESCO

synergy between objectives,” said Miculescu.

“It’s also not by chance that the Director General of UNESCO granted the high patronage to this edition of the games. It’s not by chance that the World Nomad Games became unanimously part of UNESCO’s Intangible Cultural Heritage. So there are a lot of examples telling you how much UNESCO has been supporting this, and I know that the regional office of UNESCO, based in Almaty, is a constant and very reliable partner of the Kazakh authorities. So this beautiful synergy actually is present all the time, and not

only in this area but in all the areas that are of UNESCO’s competence: culture, education, heritage, arts, science, communication and information,” Miculescu added.

Heritage might be the best way to foster dialogue among cultures and the growing popularity of the World Nomad Games might be a testament to that.

“I think that the fact that you had this year 89 countries, including countries who don’t have nomadic population – this tells a lot about how these World Nomad Games, and especially the cultural values that they represent, resonate with ever more countries around the globe. When I say globe, I mean I was really impressed to see Barbados, for instance, or you know, countries that you don’t expect to see on the stage and in such a parade of participating countries,” said Miculescu.

“This is also something very important for UNESCO, because UNESCO is a global organization, so the more the merrier. The more members or the more countries join, it is even better because these sound moral values of the nomadic civilization are spreading,” she added.

astanatimes.com

“That is why UNESCO has been supporting and will always support the World Nomad Games, because they embody values very dear to UNESCO. Exactly the essence of the mission of UNESCO: building peace in the minds of men and women while preserving and promoting cultural heritage and traditions. So it is a perfect synergy between objectives,” said Miculescu.



КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНА ҚАНДАЙ ҰЛТТЫҚ ОЙЫН ТҮРЛЕРІ КІРЕДІ?



Көшпенділер ойындардың спорттық бағдарламасына қандай спорт түрлері кіреді? Көшпенділер ойындары ат жарысы, ұлттық күрес түрлері, дәстүрлі зияткерлік ойындар, жекпе-жектен жарыстар, дәстүрлі садақ ату, құс салудың ұлттық түрлері, ат үстіндегі сайыстар, халық ойындары сияқты сайыстарды қамтиды. Солардың кейбіріне жеке-жеке тоқталып өтсек.

АСЫҚ АТУ

Асық ату – қазақ халқының ежелден келе жатқан, өте кең тараған ұлттық ойын түрлерінің бірі. Ойынның басты объектісі де, құралы да – асық. Балалар арасында кең тараған ойын ептілікке, мергендікке, ұқыптылыққа, сергектікке баулайтын тәрбиенің көзі. Көшпенділер ойындарында Асық атудан жарыс Қазақстан Республикасының «Асық ату» федерациясының ережесіне сәйкес өткізіледі.

Әйелдер «Бесасықтан» сайысқа түседі.



ОРДО

Ордо – қырғыздардың ұлттық ойыны. Қырғыздың «ордо» сөзі «хан сарайы», «хан ордасы» деген мағынада қолданылады. Ойынның басты шарты – сол хан сарайын қорғау. Ойыншылар сол хан ордасын қорғау үшін түрлі тактика қолданып, жаудан құтқарудың амалын ойластырады. Көшпенділердің бұл ойыны кезінде хандық билік құрған шақтарда пайда болған деседі. Яғни, сызылған шеңбер ішіндегі орда әскери карта іспеттес.

Ойын шартын спортшы Саят Қизат былай түсіндіреді:

«Диаметрі 12 метрлік шеңбер сызылады. Оның ортасына хан ордасы (тиын) орналас-тырылады. 68 асық қойылады. Қой-ешкінің асықтары қолданылады. Бірақ қырғыздардың малы көбінде таулы аймақта жайылатындықтан асықтары да ірі, арқардікіндей болып келеді. Әр командада 7 ойыншыдан болады. Тағы бір қосымша ойыншы қарастырылады. Әр команда кезегімен 6 метрлік қашықтықтан ортадағы асықтарды қолдағы сақа асықпен

соғу немесе шерту арқылы шеңбердің сыртына шығаруға әрекет етуге тиіс».



АРҚАН ТАРТЫС

Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында арқан тартыстан сайыс Tugof War International Federation (халықаралық арқан тарту федерациясы) ережелері бойынша өткізіледі.

Арқан тартыс екі салмақ дәрежесі бойынша өтеді:

* Ерлер – 720 келіге дейін.

* Әйелдер – 560 келіге дейін.



БӘЙГЕ

Бәйге – ұлттық спорт ойындарының бір түрі. Ат спортының бұл түрі түркі тектес басқа халықтарда да бар. Мысалы, Бәйге өзбектерде «пайга», қырғыздарда «чабыш» деп аталады.

Ат жарыстың ара қашықтыққа, жылқы тұқымына қарай мынандай түрлері ұйымдас-тырылады:

* Құнан бәйге (11 шақырым);

* Аламан бәйге (25 шақырым);

* Топ бәйге (18 шақырым);

- * Ұшқыр бәйге (1600 м, 2400 м, 3200 м);
- * Жорға жарыс.



КӨКПАР

Көкпар – көшпелілердің байырғы заманнан бері келе жатқан ғұрыптық-жауынгерлік ойын өнері.

Көкпар жігіттердің күш-жігерін, төзімділігін, батылдығы мен ептілігін, ат үстінде мығым отыруын қалыптастырады. Сонымен қатар Көкпар – аттың қалай бапталып үйретілгенін, жүйріктігін де сынайтын спорт.

Жеңіс өз шеңберіне ең көп серке (нақпішін) тастаған командаға беріледі. Серкенің (нақпішін) салмағы 30-33 келіден аспауы керек.

Көшпенділер ойындарында Көкпар Қазақстан Республикасының «Көкпар» федерациясының ережелері бойынша өткізіледі.



АУДАРЫСПАҚ

Аударыспақ – спортшыдан үлкен ептілікті, күштілікті, төзімділік пен батылдықты талап ететін қазақтың ұлттық спортының бір түрі. Бұл ойында екі салт атты бір-бірін аттан аударып алуға тырысады.

Аударыспаққа тәртіп бойынша ат үстінде-

гі айқасты жақсы меңгерген, тиянақты дайындығы бар спортшылар ғана қатынаса алады.

Бірінші аты аталған палуан аударыспақ алаңына қызыл белбеумен, екіншісі көк белбеумен шығады.

Жарыстар ерлер арасында өткізіледі.

Салмақ категориялары: 60 келіге дейін; 70 келіге дейін; 80 келіге дейін; 90 келіге дейін; 100 келіге дейін; + 100 келі.



ТЕҢГЕ ІЛУ


Теңге ілуде спортшы аз уақыт ішінде барлық теңгені ілуі қажет.

Теңге ілу сайысы 3 бөлімнен тұрады:

- * бесбелес;
- * қос құлаш;
- * жеті құт.

Теңге ілу ұзындығы 150 м, ені 20 м болатын арнайы жабдықталған алаңда өткізіледі.

Жарыстар республикалық «Теңге ілу» федерациясының ережесіне сәйкес өткізіледі.



ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

Күрес қолмен аяқтан ұстамай, тік тұрып жүргізіледі. Жерде немесе жатып күресуге болмайды. Қазақ күресінде ерікті түрде

киімнен, белбеуден, қол мен денеден бір немесе екі қолмен ұстап, лақтыруға болады.

Күрестің ұзақтығы:

* Ерлер арасында – 5 минут, белдесу – 1 минут.

* Әйелдер арасында – 4 минут, белдесу – 1 минут.

Ерлер: +18 жас 55 келіге дейін, 60 келіге дейін, 66 келіге дейін, 74 келіге дейін, 82 келіге дейін, 90 келіге дейін, 100 келіге дейін.

Әйелдер арасында +18 жас: 48 келіге дейін, 52 келіге, 56 келіге дейін, 60 келіге дейін, 65 келіге дейін, 70 келіге дейін, 77 келіге дейін, +77 келі.

Жарыстар Qazaq Kuresi Қауымдастығының ережелері бойынша өткізіледі.



АШЫРТМАЛЫ АБА ГЮРЕШИ

Ашыртмалы аба гюреши – түрік күресінің дәстүрлі түрлерінің бірі. Жарысқа ерлер қатысады. «Ашыртмалы аба гюреши» Ұлттық түрік федерациясының ережесі бойынша өтеді.

КУРАШ

Кураш – өзбек күресі. Курашта жатып күресуге тыйым салынады. Тек тік тұрып күресуге болады және тек лақтыру мен аяқтан қағуға рұқсат етіледі. Жарысқа ерлер де әйелдер де қатыса алады.

Ерлер салмақ дәрежелері: 60 келіге дейін, 66 келіге дейін, 73 келіге дейін, 81 келіге дейін, 100 келіден жоғары.

Әйелдер салмақ дәрежелері: 57 келіге дейін, 70 келіге дейін, 87 келіге дейін.

Күрестің ұзақтығы:

* Ерлер арасында – 5 минут.

* Әйелдер арасында – 3 минут.



КӨК БӨРІ

Көк бөрі – Қырғыз халқының жауынгерлік ат спорты өнері. Серкеге иелік еткен шабандоз оны қарсы команданың қазандығына салуы керек.



АЛЫШ

Алыш – қырғыздардың ұлттық белбеу күресі. Әр балуанның мақсаты – белбеуін жібермей, қарсыласын жауырыңға жығу. Жарыстар ерлер арасында классикалық стильде, әйелдер арасында еркін өтеді.

Салмақ дәрежелері:

Ерлер арасында (классикалық стиль): 60 келіге дейін, 70 келіге дейін, 80 келіге дейін, 90 келіге дейін, 100 келіге дейін, +100 келі;

Әйелдер арасында (еркін): 55 келіге дейін, 60 келіге дейін, 65 келіге дейін, 70 келіге дейін, 75 келіге дейін, +75 келіге дейін.

МАС-РЕСТЛИНГ

Мас-рестлинг (таяқ тартыс) – Ресейдің солтүстік халықтарының ұлттық спорт түрі. Мас-рестлингте қарсыластар бір-біріне қарама-қарсы отырып, аяқтарын оның шетіне қойылған тақтайға тіреп, екі қолымен таяқ-

шаны ұстайды. Жеңіске жету үшін спортшы қарсыласының қолынан таяқты жұлып алуы немесе оны таяқпен бірге өз жағына тартуы керек. Кездесу бір балуанның екі жеңісіне дейін созылады.

Жарыстар ерлер мен әйелдер арасында өткізіледі.

Салмақ дәрежелері:

* Ерлер арасында: 65 келіге дейін, 70 келіге дейін, 80 келіге дейін, 90 келіге дейін, 105 келіге дейін;

* Әйелдер арасында: 55 келіге дейін, 65 келіге дейін, 75 келіге дейін.



АЛЫПТАР САЙЫСЫ

Алыптар сайысы ерлер арасында өткізіледі.

Салмақ категориясы: 90 келіден жоғары.

Жарыстар 5 түр бойынша өткізіледі:

* 100 келі тасты көтеріп, оны 10 метрге жылжыту;

* 100 келілік қаппен отырып тұру;

* 10 келілік найзаны оң немесе сол қолмен 10 метр қашықтықта тұрған нысанаға лақтыру;

* 130 келілік бөренені иығына салып, отырып тұру;

* салмағы 200 кг арбаны 10 метрге сүйреу.



ТОҒЫЗ ҚҰМАЛАҚ

Тоғызқұмалақ – мыңдаған жылдық тарихы бар, қазіргі уақытта әлемге әйгілі зияткерлік ойындардың ішінде ерекше маңызға ие ата-бабамыздан қалған асыл мұраларымыздың бірі. Республикамыздың әр түкпірінен табылған, тасқа қашалып қалдырылған тоғызқұмалақ тақтасының бейнелері де ойынның өте ертеде пайда болғанынан хабар береді.

Ойын «Тоғызқұмалақ тақтасы» деп аталатын арнаулы тақтада ойналады. Ойында шар тәріздес құмалақтар пайдаланылады. Бұл тақта тең екі бөлікке бөлінген он сегіз тік және екі көлденең отаулардан тұрады. Тең екі бөліктің әрқайсысында 9-дан отау және бір-бірден қазан болады.

Бұл қазанға әр ойыншы ұтып алған құмалақтарын жинайды. Әр ойыншының қазаны өз бөлігінде емес, қарсыласының жағында орналасады. Отаулардың рет сандары 1-ден 9-ға дейін белгіленіп, солдан оңға қарай орналасқан. Ойын басында әр отауға 9-дан құмалақтар салынады, яғни ойын басталар кезде әр ойыншының жағында 81-ден құмалақтары болып, ойынға жалпы 162 құмалақ қатысады.



МАНГАЛА

Мангала түрік халқының зияткерлік ойыны. Екі адам ойнайды. Ойын тақтасында екі қатарда орналасқан алты бірдей шұңқырша болады, олар бірге 12 кішкентай шұңқырша құрайды, сонымен қатар, ойыншылардың тастарды жинайтын үлкен жинақтаушы сақтау шұңқыршалары болады. «Мангала» ойыны 48 таспен ойналады.

ОВАРИ

Овари – Батыс Африка халықтарының зияткерлік ойыны. Оны екі адам ойнайды. Ойын тақтасында екі қатарда орналасқан алты бірдей шұңқырша болады, олар бірге 12 кішкентай шұңқыршаларды құрайды, сонымен қатар, ойыншыларда тастарды жинайтын үлкен жинақтаушы сақтау шұңқыршалар болады. Овари ойыны 48 шармен ойналады.

ЖАМБЫ АТУ

Жамбы атудың ерекшелігі – құйғыта шапқан ат үстінде отырып, санаулы секундтар аралығында өте шапшаңдықпен және дәлдікпен садақ ату. Ат үстінен садақ ату – әлемнің көптеген елдерінде кең тараған мергендік өнердің бірі. Қазір осы спорт түрінен республикалық, халықаралық, дүниежүзілік жарыстар тұрақты өткізіліп тұрады. Бізді осы спорт түрімен шұғылдануға қатты қызықтыратыны – мергендік бәсекелерде үздік атану, Әлемдік, халықаралық жарыстарға қатысып, Қазақстан мемлекетінің намысын қорғауға ұмтылу.

Дәстүрлі ат үстінде садақ ату жарысы 4 стильде өткізіледі:

- * корей стилі;
- * түркі стилі;
- * венгр стилі;
- * қазақ стилі.

Жарыс жолының ұзындығы – 100м, ені 3м.



ДӘСТҮРЛІ САДАҚ АТУ

Дәстүрлі садақ ату – ерлер арасында және әйелдер арасында өткізіледі. Дәстүрлі садақ ату жарыстары мына қашықтықтарда өткізіледі:

* 30 м – қазақ нысана жамбысы (әйелдер мен ерлер);

* 60м (әйелдер) 70м (ерлер) – түріктің пут нысанасы;

* қалқан нысанасы (50 м. әйелдер 60 м. ерлер);

* командалық жамбы – 30 м (команда құрамы 3 ер, 2 әйел).



ҚҰСБЕГІЛІК

«Құсбегілік» ұлттық спорт түрінен жарыстар бүркіт, қаршыға және сұңқар атты үш түр бойынша өтеді.

Сұңқар салуда сұңқардың ұшу жылдамдығы оны жемге жіберу арқылы бағаланады.

Бүркіт салуда қатысушылар бүркіттерін екі жаттығуда сынайды: құсты қолға шақыру (қолға шақыру) және жемге (шырға салу).

Қаршыға салуда қаршығаның ұшу жылдамдығы оны жемге жіберу арқылы бағаланады.

Көшпенділер ойындарында білек пен жүрек, ақыл мен қайрат, қырағылық пен ептілік сынға түседі. Сайыс болғанымен де ел мен елді жақындастырып, көшпелі халықтардың ғасырлардан келе жатқан дәстүрі мен тұрмыс салтын дәріптейді, ұлттық болмысын танытады.

kaz.nur.kz

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ V ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫНА ҚАТЫСТЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев шет мемлекеттерден келген мәртебелі меймандармен және жұртшылықпен бірге V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының салтанатты ашылу рәсімін тамашалады. «Астана Арена» стадионында өткен шараға Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров,

Түрікменстан Халк Маслахатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедов, Татарстан Республикасының Раисы Рустам Минниханов, Саха Республикасының басшысы Айсен Николаев, Моңғолияның бұрынғы президенті Энхбаяр Намбарын, Дүниежүзілік этноспорт конфедерациясының президенті Біләл Ердоған, сондай-ақ ЮНЕ-




СКО, АӨШК, БҰҰ Дүниежүзілік туризм ұйымы, Түркі мемлекеттері ұйымы, ТҮРКСОЙ, Түркі инвестициялық қоры, Түркі мемлекеттерінің Парламенттік ассамблеясы, Ислам спорт қауымдастығы, Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымының басшылары, Еуропа Одағының Орталық Азиядағы арнайы өкілі және басқа да ресми тұлғалар қатысты. Дүбірлі доданың ашылу салтанатында қазақ жерін мекен ететін түрлі этнос өкілдерінің балалары Қазақстан Республикасының Туын алып шықты. Бұдан кейін еліміздің Әнұраны шырқалды. Қалыптасқан дәстүр бойынша жарысқа қатысушы мемлекеттер спортшыларының шеруі өтті. Биылғы Көшпенділер ойындарына Азиядан, Еуропадан, Солтүстік және Оңтүстік Америкадан, Африкадан, сондай-ақ Австралиядан спортшылар келді. Салтанатты жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы сөз сөйлеп, әлемдік ауқымда өтіп жатқан айрықша маңызды іс-шараға қатысу үшін Қазақстанға





келген бауырлас мемлекеттердің басшыларына, мәртебелі меймандарға және спортшыларға шынайы алғысын жеткізді. Президент көшпенділер өркениеті дүниежүзі тарихында өшпес із қалдырған өркениет екенін айрықша атап өтті. – Ұлы дала көшпенділері ежелден байтақ Еуразияны мекен еткен. Олар жаһандық даму үдерісіне түбегейлі өзгеріс әкелді, сол замандағы озық технологияның иесі болды. Көшпенділер бес мың жыл бұрын жылқыны қолға үйретті. Дүниені дүбірлеткен салт аттылар мәдениетін қалыптастырды. Қуатты қару-жарақ пен ғажайып зергерлік бұйымдар жасап шығарды. Сақ дәуірінің Алтын адамдары – соның айқын дәлелі. Қазақ жерінен әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи сынды ғұламалар шыққан. Олар ілім-ғылымның дамуына орасан зор үлес қосты. Біздің бабаларымыз алып мемлекеттер құрды, үлкен қалалар салды. Ұлы далада Отырар, Түркістан, Тараз, Сарайшық сияқты сәулетті шаһарлар бой көтерді. Көшпенді жұрт батыс пен шығысқа көпір болып, түрлі мәдениеттің жақындауына әсер етті. Осы жерде ежелгі Ғұн империясы, одан соң Түрік қағанаты салтанат құрды. Олардың даңқты жолын Алтын Орда мен Қазақ хандығы жалғастырды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы Көшпенділер ойыны бабалар



аманат еткен қастерлі мұраны көздің қарашығындай сақтап, жас буынға табыстау мақсатынан туған бірегей жоба екенін айтты. – Он жыл бұрын осы жарысты алғаш ұйымдастырған қырғыз бауырларға алғыс айтамын. Бұл – ұлттық спорт түрлерінен өтетін әлемдегі ең ірі дода. Оны Көшпенділер олимпиадасы деуге болады. Бұл ойындар дала өркениетін жер жаһанға паш етеді. Спорт – өзара құрмет пен сыйластық символы. Спорттың басты миссиясы – халықтар достығын нығайту. Қазақстан бүкіл әлемге бейбітшілік пен келісім мекені ретінде танымал. Елімізде түрлі этнос өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Біз алыс-жақын шетелдің бәрімен тығыз байланыс орнаттық. Басқа мемлекеттер де өзара достық қатынаста болғанын қалаймыз. Сон-

дықтан Көшпенділер ойындары ынтымағымызды бекемдей түспек, – деді Президент. Төрткүл дүниені жайлаған көшпенділер өркениетінің бай мәдениеті мен тағылымды тарихын, салт-дәстүрін паш етіп, адамзат баласын ортақ үйіміз – Жер ананы сақтауға үндеген ашылу салтанаты бірнеше эпизодқа ұласты. Сонымен қатар салтанатты жиында V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын ұйымдастыру комитетінің төрағасы Роман Скляр, Дүниежүзілік этноспорт конфедерациясының президенті Біләл Ердоған сөз сөйледі.

worldnomadgames.kz

V ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНА АҚМОЛА ОБЛЫСЫ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ ҚАТЫСТЫ



V ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНА АҚМОЛА ОБЛЫСЫ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ ҚАТЫСТЫ

V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясында «Қазанат» ипподромының жанында 7 қыркүйек күні «Көшпенділер ғаламы» қазақ ауылы ашылды. Киіз үйде Ақмола облысының «Көшпенді елдің этномәдениеті» атты көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде Абылай ханның «Мерсақинасы», шоқпары мен қанжары, қола дәуіріне жататын артефакттар, жеті қазынамыз, күміс әшекей бұйымдар, ер және әйел адамдардың көне киімдері, сондай-ақ атабабамыздың тұрмысқа пайдаланған қолөнер туындылары халық назарына ұсынылды. Ақмола облысының бас киіз үйінде күн сайын Шахмет Құсайынов атындағы Қазақ музыкалық-драма театрының театр-

ландырылған қойылымдары, атап айтқанда «Бесікке салу», «Шашу» және «Бата беру» дәстүрлері ұсынылды. Сонымен қатар, киіз үйлер жанында облыстың үздік халықтық фольклорлық ансамбльдерінің концерттік бағдарламалары күн сайын өткізілді. Этноауыл аумағында күн сайын «Шығыс базары» қолөнершілер жәрмеңкесі жұмыс істеді, оған Ақмола облысының сәндік-қолданбалы өнерінің үздік 10 шебері қатысты. 10 қыркүйек күні «Көшпенділер әлемі» этноауылының салтанатты ашылуы өтті. Салтанатты шеруде бірліктің нышанына айналған «Тайқазанға» Ақмола облысының делегациясы қатысты. Делегация құрамында еңбек сіңірген мәдениет қайраткерлері, спортшылар, қоғам қайраткерлері, «Батырлар» мен «Елшілер», сондай-ақ қазақ музыкалық-драма театрының артистері, Ш.Хусаинова, «Көкшетау» мәдениет сарайының халықтық хореографиялық ан-

самблдері, ақын және жазушы Алмас Темірбай, Қазақстанның еңбек сіңірген артистері Бисара Мәкенова мен Тойған Изим болды.

**5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР
ОЙЫНДАРЫ: АҚМОЛА ОБЛЫСЫ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҰЖЫМДАРЫНЫҢ
КОНЦЕРТІ КӨРЕРМЕН КӨҢІЛІНЕН ШЫҚТЫ**

Мыңдаған көрермендер мен қатысушылар, дүниежүзілік көшпенділер ойындарының жанкүйерлері Ақмола облысының шығармашылық ұжымдарының керемет концерттік бағдарламасының куәсі болды. Ақмола облысының 700-ден астам қатысушысы «Думанды дала» салтанатты концерттік бағдарламасына қатысты. Үздік хореографиялық ансамбльдердің қа-



тысуымен «Арайлы Ақмола» музыкалық-хореографиялық композициясы: 50 жылдық тарихы бар «Көкшетау» халықтық би ансамблі, жетекшісі-«Мәдениет қайраткері» Мадина Тлеулина, 25 жылдық тарихы бар «Он алтын қыз» халықтық би ансамблі, жетекшісі-Мадина Досмағамбетова, «Тұмар»



халықтық заманауи би ансамблі, жетекшісі - Томирис Жанспаева, Қосшы қаласы мен Целиноград ауданының 500 жас домбырашыларының бірлескен ансамблі. Мерекелік бағдарламаға көрнекті мәдениет қайраткерлері: К.Күмісбеков атындағы Қазақ халық аспаптар оркестрі, көркемдік жетекші және бас дирижері Жанат Рашит, «Мәдениет саласының үздігі» Руслан Қойшыбаев, «Гәкку» би ансамблі, жетекшісі «Мәдениет саласының үздігі» Гүлмира Ордабаева және жиынтық хоры, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртістері Салтанат Ахметова, Жамиля Жарқымбаева, «Мәдениет саласының үздігі» Валерия Болиева, Эльмира Төлеубаева, Талғат Галеев, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары Бауыржан Нұрмұхан, Зәмзәгүл Смағұл, Диана Алтай, Серікболсын Бекмолдин, Аякөз Қалмағанбетова, Ринат Нұрмұхан, Бекұлан Ерболатұлы, Бауыржан Балтин, Саят Бабаев, Айнабек Оразалы, «Ұланғасыр» квартеті, мәдени бағдарламаның режиссерлық тобы «Мәдениет саласының үздіктері» Әлия Құрманова және Нүргүл Шәйкенова. Мәдени бағдарламаның жүргізушілері «Мәдениет саласының үздігі» Қалдырбаев Тохтарбек пен Қылышбаева Алтынай қазақ тілінде және Әмина Қайратова ағылшын тілінде жүргізді. Өнерпаздардың өнеріне тәнті болған залдағы көрермендер орындарынан тұрып қошемет көрсетті. «S'klass production» қоюшы-сценаристі және V дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясындағы мәдени бағдарламалардың режиссері Сажида Саитова Ақмола облысының шығармашылық ұжымдарының концерттік бағдарламасынан алған әсерімен бөлісіп жылы лебізін білдірді. «5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында Ақмола облысының шығармашылық ұжымдарының орындауындағы ән-шашуы, ұлттық – салт дәстүрімізді насихаттайтын театрландырылған қойлымдары және ұлттық бұйымдардың көрмесіне тәнті болдым. Осындай ауқымды шарада мыңға жуық ұжымның басын қосып, жоғары деңгейде өнер көрсету кәсіби шеберлікті талап етеді», - деді Сажида Саитова.

<http://adyrna.kz/>

5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНДА АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН МӘДЕНИЕТІ ҰЛЫҚТАЛДЫ



Дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясында құрылған «Көшпенділер Әлемі» этноауылында Алматы облысының 3 киіз үйі тігілді. Қазақ үйлердің бірінде өлкеміздің туристік орындары: Есік қаласынан табылған «Алтын адам», Көлсай, Қайыңды көлдері, Шарын шатқалы, Қапшағай су қоймасы туралы ақпарат берілді.

Одан кейінгі киіз үйде облыс музейлерінің қатысуымен «Көшпенділер ғаламаты» атты көрме ұйымдастырылды. Мұнда қола

дәуіріне жататын артефакттардан бастап Таңбалы тас петроглифтері, Сақ мәдениетінің бірегей жәдігерлері және өңір аумағынан табылған түрлі бұйымдар халық назарына ұсынылды.

Ал үшінші киіз үйде көпшілікке облыстың тарихи тұлғалары таныстырылды. Мұнда Жамбыл Жабаяев, Дінмұхамед Қонаев, Бердібек Соқпақбаев және Мұқағали Мақатаев сынды қайталанбас өңір тумаларының жеке заттары, жәдігерлері көрсетілді.



Оған қоса Алматы облысының этнографиялық бұйымдар көрмесі қойылды.

Шараның алғашқы күндері Алматы облысының аймағына ҚР Президенті Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебаев, ҚР Президентінің көмекшісі Руслан Желдібай, ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов және Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек бастаған бірнеше делегация арнайы келді.

«Біздің аймаққа ҚР Парламентінің Се-

нат депутаты Жанболат Әкебайұлы, ҚР Парламентінің Мәжіліс депутаттары Жанарбек Садықанұлы және Ринат Рифхатұлы, сондай-ақ Алматы облыстық мәслихат төрағасы Қуат Сұлтанұлы бастаған ел ағалары келді. Киіз үйлерді аралап, өз бағасын берді. Қонақтар легі үзілмей, ыстық ықыласпен келіп-жатыр. Бұл шараның жоғары деңгейде өтуіне ел болып атсалыстық. Бәріміздің мақсатымыз – ұлт мәдениетін кеңінен насихаттап, ерекше тұстарын таныту», – деді Алматы облыстық



мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Данияр Алиев.

Бұған қоса Алматы облысының өнерпаздары көшпенділер ойындарының бас сахнасында жиналған жұртқа еліміздің төл өнерін паш етті. 8-қыркүйек күні ұйымдастырылған гала концертте «Қобыз сарыны», «Құлансаз», «Сазген» және «Үшқоңыр» фольклорлы-этнографиялық ансамблдері, «Құлансаз» би ансамблі, «Топжарған» өнерпаздары, «Ақжауын» камералық оркестрі өнер көрсетті. Сонымен қатар, өңірдің елге танымал Рамазан Стамғазы, Ұлжан Айнақұлова, Қанат, Айткүл

Құдайбергеновтер, Медет Орынбаев, Өміркүл Айниязов сынды тағы да басқа әншілері ән шырқады. Ұлттық аспаптардың ерекше үні әуелеп, қазақ ән және би өнері дәріптелген концертті 1500-ге жуық көрермен тамашалады.

Айта кетейік, аталмыш шарада Алматы облысының тарихы, мәдениеті мен спорттық жетістіктерін таныстыру жұмыстарына 300-ден аса адам қатысуда.

alatauaraiy.kz

«АЗ и Я» КИІЗ ҮЙІ: 5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНЫҢ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫ



2024 жылдың 7-13 қыркүйек аралығында Қазақстанда өткен 5-ші Дүниежүзілік Көшпенділер ойындары қазақ халқының мәдениеті мен ұлттық дәстүрлерін әлемге танытатын маңызды оқиға болды. Бұл іс-шара көшпенділердің бай мәдениетін жаңғыртып, олардың өмір салтын, спорттық ойындарын және рухани құндылықтарын көрсетуге бағытталған. Бұл ауқымды шара аясында ЮНЕСКО қамқорлығындағы «Мәдениеттерді жақындастыру орталығы» өзінің ерекше киіз үйін тігіп, оған «АЗ и Я» деген атау берді. Киіз үйдің атауы көрнекті ақын және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің әйгілі еңбегіне негізделген. «АЗ и Я» кітабы – екі мәдениеттің өзара ықпалдастығын танытатын, түркі және славян халықтарының тарихи-

мәдени байланыстарын ашатын терең еңбек.

Киіз үйдің «АЗ и Я» деп аталуының маңызы
«АЗ и Я» кітабы – Олжас Сүлейменовтің 1975 жылы жарық көрген еңбегі, онда автор «Слово о полку Игореве» шығармасына тың көзқараспен қарайды. Олжас Сүлейменов шығарманы тек орыс тілді емес, қос тілді, яғни орыс және түркі мәдениетінің бірлестігі ретінде қарастырады. Ол шығармада кездесетін көптеген сөздер мен тіркестердің түп-тамыры түркі тілдерінен шыққанын дәлелдеуге тырысады. «АЗ» және «Я» сөздері орыс алфавитінің бірінші және соңғы әріптері болғандықтан, кітап атауы арқылы Олжас Омарұлы батыс пен шығыс мәдениетінің басынан соңына дейін бірлігін көрсеткісі келді. Бұл туынды қазақ



және жалпы түркі халықтарының мәдениеті мен тарихын әлемге танытуда маңызды рөл атқарды. Сондықтан, киіз үйдің «АЗ и Я» деп аталуы Олжас Сүлейменовтің батыс пен шығыс мәдени диалогын насихаттаған еңбегінің символы ретінде таңдалды, ол екі мәдениеттің өзара ықпалдастығын көрсетіп, мәдениетаралық қарым-қатынасты тереңдете түседі.

«АЗ и Я» киіз үйіндегі көрме: Қазақтың ұлттық мұрасы мен мәдениетаралық диалог «АЗ и Я» киіз үйінде ерекше көрме ұйымдастырылды. Бұл көрмеде ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұра тізіміне енген қазақтың ұлттық құндылықтары таныстырылды. Көрме бағдарламасында ұлттық ойындар, дәстүрлер, музыка және Олжас Сүлейменовтің шығармашылығы ұсынылды. Келушілер домбыра мен қобыз күйлерін тыңдап, айтыс өнері, асық ойыны, ортеке өнері және Наурыз мейрамымен тереңірек таныса алды. Сонымен қатар Осман архивтерінен алынған «Письмена и степи: Турецкие архивы и наследие кочевников» атты көрме және «Бозоқ» музей-қорығынан дәрістер де ұйымдастырылды. Адамзаттың материалдық емес мәдени мұра-

сының репрезентативтік тізіміне қазақ мәдениетінің бірнеше маңызды элементтері енгізілген. Олардың қатарында «Дәстүрлі домбыралық күйлерді орындау өнері», «Қазақша күрес», «Асық ойыны», «Қазақ жылқышыларының дәстүрлі көктемгі мерекелік жоралғылары», «Ортеке – қазақтың дәстүрлі музыкалық-қуыршақ өнері» бар. Сонымен қатар, кейбір мәдени мұра элементтері бірнеше елдерге ортақ болып табылады. Оларға «Киіз үй жасаудың дәстүрлі білімі мен дағдылары», «Айтыс – суырып салмалық өнер», «Наурыз мейрамы», «Жұқа нанды жасау және бөлісу мәдениеті: қатырма нан», «Қорқыт ата мұрасы», «Тоғызқұмалақ ойыны», «Сұңқармен аң аулау» және «Қожанасыр туралы дәстүрлі әңгімелер мен әзілдер» жатады. Көрменің алғашқы күні Олжас Сүлейменовтің «Арғымақ» өлеңімен басталды, ол қазақ мәдениетінің терең тамырларын көрсетеді. Филалдың бас ғылыми қызметкері, саяси ғылымдарының докторы Арын Амангелдіұлы мен аға ғылыми қызметкер, әдебиеттанушы, PhD Бекзат Болатжанұлы «Олжас Сүлейменовтің мұрасы Қазақстанның «жұмсақ күші» ретінде» тақырыбында дәріс оқыды. Көрменің



рухани атмосферасын Қожай Ұлар мырзаның домбырада қазақтың ұлттық күйлерін орындап, ән шырқап, қонақтарға сыйлаған ерекше әсері толықтырды. Оның өнері көрермендерді қазақ музыкасының сұлулығымен баурап алды. Сондай-ақ, көрмеде Қазақстан мен Моңғолия жазушылар одағының мүшесі, журналист, ақын, ҚР Мәдениет қайраткері Егеухан Мұқамәдиқызы мен ҚР Ұлттық музейі Мәдени мұра ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері Айжан Сатжанқызы «Көшпелі халықтар мәдениетіндегі киіз үйдің қасиетті мәні» туралы дәрістер оқыды, киіз үйдің қазақ мәдениетіндегі маңызын түсінуге мүмкіндік берді. Көрме аясында TURKTAV қорының Осман архивтерінен алынған «Письмена и степи: Турецкие архивы и наследие кочевников» атты сирек басылымдар, фотосуреттер мен карталар көрмеге қойылды. Олардың қатарында 1716 жылы жазылған хаты, Түркі халықтарының Ұлы көшінің картасы мен Айша бибі кесенесінің фотосуреті сынды құнды деректер болды. «Спорттың құндылықтарды тәрбиелеудегі және тұлға қалыптастырудағы маңызды рөлі». Этнограф Тәттігүл Ерсайынқызы асық,

тоғызқұмалақ және қазақша күрес жайлы дәріс оқып, олардың тәрбиелік маңызын атап өтті. Ол сондай-ақ, жеке асық коллекциясын көрермендерге ұсынып, оларды дұрыс тазалау және күтім жасау жолдарымен бөлісті. Бұл ойындар жастарға отансүйгіштік және ынтымақтастық сияқты қасиеттерді сіңіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жас күйші, республикалық және халықаралық конкурстардың лауреаты Ақжусан Иманғазықызы күйдің тәрбиелік мәні мен ұлттық өнерді сақтаудағы рөлін баяндап, домбырада өнер көрсетті. «Қобыз – әлемнің дауысы». Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, композитор әрі қобызшы Әлқуат Қазақбаевтың шәкірттері қобыз, жетіген және домбырада Абайдың «Көзімнің қарасы», Ә.Қазақбаевтың «Қобыз сарыны», Н.Тілендінің «Аққу» күйлерін және басқа да шығармаларды шеберлікпен орындады. Мемлекет және қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, әрі жазушы Мырзатай Жолдасбековтың жеке домбыра коллекциясы көрмеге қойылды. Бұдан бөлек, атақты қобызшы әрі композитор Әлқуат Қазақбаевтың жеке коллекциясынан қазақ және түркі халықтарының музыкалық



аспаптары, сондай-ақ атақты шебер Қанат Қазақбаевтың қолынан шыққан туындылар да көрермен назарына ұсынылды. Көрме барысында «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымының халық әншісі әрі Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Құмарбек Өкенұлы қазақ музыкасының тарихы мен байлығы туралы сөз қозғайды. Ол домбырада орындаған ұлттық күйлер мен әндер арқылы көрермендерді рухани нәрлендіріп, қазақ мәдениетінің терең әрі бай әлемін паш етті. Қобыз бен домбыраның күйлері өнердің шынайы сұлулығын сезінуге мүмкіндік беріп, халықтық музыканың терең маңызын ашты. Дәріс бағдарламасы ТҮРКСОЙ Жазушылар одағының төрағасы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері әрі ақын Ұлықбек Оразбайұлының сөзімен жалғасты. Ұлықбек Оразбайұлы ЮНЕСКО-ның қызметі мен мәдениет, өнер және ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтті.

«Наурыз – жаңару, мейірімділік және бірлік мерекесі». Ш.Уәлиханов атындағы Жамбыл облыстық әмбебап ғылыми кітапха-

насының меңгерушісі Мөлдір Нұржанқызы қазақ халқының ең ежелгі мерекелерінің бірі – Наурыздың мәні мен маңызын жайлы дәріс оқыды. Бұл дәріс Наурыз мерекесінің тек жаңару мен бірліктің белгісі ғана емес, сонымен қатар мейірімділік, қайырымдылық, және ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін шара екенін көрсетті. Көрермендер Наурыз көже мен қатырма нанның даярлану тарихы, олардың мағынасы туралы қызықты ақпараттармен танысып, арнайы дайындалған қатырма наннан дәм татты. Бұл сәт мерекенің шынайы дәмін сезіндіре отырып, халқымыздың ұлттық тағамдарының құндылығын танытты. Көрменің атмосфера-сын жас домбырашы Альмерек Қыдырбайдың домбырада ойнаған әуендері толықтырып, көрермендерді серпілтті. Қазақ музыкасының сазды әуендері жұртшылықтың көңіл-күйін көтеріп, мерекенің ерекше сән-салтанатын сезінуге мүмкіндік берді.

«Қазақ мәдениетінің дәстүрлері: Сұңқармен аң аулау және атбегілік жоралғылар». Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі Мәдени мұра ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері Нұрлыбек Нұрланұлы



«Сұңқармен аң аулаудың ерекшеліктері» тақырыбында дәріс оқыды. Ол дәрісінде қазақ халқының саятшылық мәдениетінің терең тамырларын, сұңқармен аң аулаудың тәсілдері мен дәстүрлерінің тарихи және мәдени маңыздылығын кеңінен баяндады. Нұрлыбек Нұрланұлы аңшылықтың қазақ мәдениетіндегі орны мен сұңқардың рөлін айрықша атап өтіп, бұл дәстүрдің халқымыздың табиғатпен байланысын және рухани әлемін қалай байытатынын түсіндірді. Шоқан Уәлиханов атындағы Жамбыл облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының қызметкері Анель Нұрланқызы «Көктемгі атбегілік жоралғылар» тақырыбында сөз сөйлеп, жылқылардың далаға үйретілу тарихы мен көшпелі халықтар үшін мәдени маңызын талқылады. Ол қазақ мәдениетіндегі жылқының орны, дәстүрлі тұрмыстағы рөлі, сонымен қатар, жылқы өсірудің әлеуметтік, экономикалық және рухани аспектілеріне егжей-тегжейлі тоқталды. Қонақтар ер-тұрман жабдықтары мен қамшылардың түрлерімен танысып, қазақ халқының атбегілік дәстүрімен тереңірек танысты. Сонымен қатар, қазақтың дәстүрлі сусындарының бірі – қымыздан дәм

татып, ұлттық мәдениеттің дәмін сезінді. Қымыздың дәмі мен артықшылықтарын талқылап, қазақтың ұлттық тағамдары мен сусындарының байлығына тәнті болды. Бұл сәт қатысушыларға тек білім ғана емес, сонымен қатар, қазақ халқының мәдениетіне терең үңілу, ұлттық құндылықтарды бағалау мен дәріптеу мүмкіндігін сыйлады.

«Қожанасыр мен Ортеке өнері: Қазақ мәдениетінің қазыналары». «А3 и Я» киіз үйінде Қожанасыр жайлы дәріс оқылды. Дәріс барысында халық ауыз әдебиетінің көрнекті өкілі Қожанасырдың орны мен рөлі тереңінен талқыланды. Қожанасыр бейнесі арқылы қазақ мәдениеті, тәрбиелік құндылықтар, оның даналығы мен әзілдері, сондай-ақ қоғамды тәрбиелеудегі маңызы кеңінен баяндалды. Келушілер Қожанасырдың тек күлдіргі кейіпкер емес, өмірлік сабақ беретін, даналықты насихаттайтын тұлға екенін түсінді. Оның күлкілі, бірақ терең мағыналы әзілдері арқылы қазақ халқының рухани дүниетанымының бір бөлігімен танысуға мүмкіндік алды. Бағдарламаның маңызды бөлігі ретінде «Ортеке өнері» туралы дәріс өткізілді. Дәріс барысында Ортеке қуыршақ өнерінің қазақ мәдени-



етіндегі орны, тарихи қалыптасуы және көркемдік ерекшеліктері жан-жақты түсіндірілді. Ортеке – қазақтың музыкалық және фольклорлық мұрасының бірегей бөлігі, ол халықтың рухани әлемін айқындайтын өнер түрі. Қонақтар Ортеке қуыршағының шеберлікпен орындалған қозғалыстарына куә болып, қазақ халқының бай фольклорлық мұрасымен жақын танысу мүмкіндігін алды. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы «Елорданың тарихы Бозоқтан басталады» атты дәрісін ұсынды. Спикерлер ежелгі Бозоқ қаласының маңызды орталық болғанын және оның Қазақстан астанасының қалыптасуындағы рөлін кеңінен баяндап, қалашықтың археологиялық құндылығы туралы қызықты деректермен бөлісті. Келушілер ел тарихындағы Бозоқтың орны мен маңызын тереңірек түсінуге мүмкіндік алды. Көрменің соңғы күні ЮНЕСКО-ның негізгі бағыттары, ұйымның мақсаты мен міндеттері туралы кеңінен ақпарат берілді. Көрме қонақтары қазақ мәдени мұрасымен танысып, киіз үйдің жабылу рәсімін дәстүрлі түрде атап өтті. Бұл рәсім ұлттық рухты сақтау мен мәдениетаралық диалогты жалғастырудың маңыз-

дылығын көрсетті. Қорытынды күннің тағы бір ерекше шарасы – Олжас Сүлейменовтің шығармашылығына арналған викторина өтті. Қатысушылар ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы сұрақтарға жауап беріп, жеңімпаздарға Олжас Сүлейменовтің кітаптары сыйға тартылды. Бұл шара қатысушылардың қазақ әдебиетіне деген қызығушылығын арттырып, көрмені мәдени және танымдық тұрғыдан байыта түсті. Бағдарлама аясында әр келген қонаққа киіз үйдің мән-маңызын тереңінен ашу үшін экскурсиялар ұйымдастырылды. Шараға арнайы шақырылған Алматы облысы Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейінің меңгерушісі Мейіржан Мусабиев, Алматы облыстық орталық әмбебап кітапханасының ғылыми қызметкері Алғабек Хамитұлы, ЕҰУ-нің белсенді студенті Аружан Арынқызы және орталығымыздың қызметкерлері қазақ, ағылшын, орыс, француз, неміс және түрік тілдерінде экскурсиялар жүргізді. Қызметкерлер материалдық емес мәдени мұра тізімі мен танымал ақын, жазушы Олжас Сүлейменов туралы жан-жақты ақпарат беріп, қонақтарға терең түсінікпен таныстырды. Экскурсия барысында қатысушылар ұлттық әдебиетіміздің байлығын, сондай-ақ



мәдениетіміздің негізін құрайтын құндылықтарды сезініп, ұлттық болмысымызды жаңа қырынан бағалай алды. Мұндай интерактивті тәжірибелер қатысушылардың қазақ мәдениетіне деген қызығушылығын арттырып, ұлттық мұрамыздың маңыздылығын терең түсінулеріне жол ашты.

2024 жылғы 5-ші Дүниежүзілік Көшпенділер ойындары аясында «Аз и Я» киіз үйі ерекше мәртебелі қонақтарды қарсы алды. Олардың қатарында Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы Сейітова Күміс Қарсақбайқызы, ТҮРКСОЙ ұйымының Бас хатшысы Раев Султан Акимұлы, ТҮРКСОЙ Жазушылар одағының төрағасы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері әрі ақын Есдәулет Ұлықбек Оразбайұлы, Қазақстан Республикасының Материалдық емес мәдени мұра жөніндегі ұлттық комитеті төрағасының орынбасары Музафаров Рустам Рахимович, ЮНЕСКО ICHCAP бас директоры Kim Jisung, ЮНЕСКО ICHCAP Стратегиялық даму бөлімінің директоры Kim Deoksoon, TURKTAV Түркі тарихы мен мәдениеті қорының басшысы Омер

Низаметтин Айкурт пен атқарушы директоры, ғалым Лахаева Әсел Төреханқызы іс-шараға қатысып, оның маңыздылығын арттырды. Осы беделді қонақтардың «Аз и Я» киіз үйіне келуі мәдениетаралық диалогты нығайту мен ұлттық құндылықтарды дәріптеуге елеулі ықпал етті. Келген қонақтар көрмені тамашалап, қазақ мәдениетінің терең мәні мен байлығын жоғары бағалады. Киіз үйде өткен іс-шаралар мәдениетаралық байланыстарды күшейту және түркі халықтарының мәдени мұрасын халықаралық деңгейде танытуға арналған маңызды алаңға айналды.

«Аз и Я» киіз үйінің тағы бір ерекшелігі – көне түркі руна алфавиті туралы таныстыру жұмыстарының жүргізілуі. Қонақтарға руна жазуының тарихы мен маңызы, сондай-ақ, оның мәдениетіміздегі рөлі туралы ақпарат ұсынылды. Арнайы дайындалған кружкалар мен қағаз беттеріне өз есімдерін немесе қалаған сөздерін руна жазбаларымен жазу үшін шеберлік сағаттары ұйымдастырылды. Бұл шараға арнайы суретшілер шақырылып, қонақтардың таңдауына сәйкес руна жазулары шеберлікпен орындалды. Суретшілердің әрбір сызығы мен әрбір символы руна жазбаларының терең мәнін жеткізіп, қонақтарға



ерекше әсер қалдырды. Қонақтарымыз руна жазуын үйреніп, шығармашылық қабілеттерін ашуға мүмкіндік алды. Осындай шеберлік сағаттары арқылы біз ата-бабаларымызбен және қазіргі ұрпақтар арасындағы байланыстыратын мықты көпір құра алдық. Бұл шара қатысушыларға өз тарихымен танысуға, ұлттық мұрамызды тереңінен ұғынуға мүмкіндік беріп, өткен мен бүгіннің арасындағы терең байланысты сезінуге көмектесті. Сонымен қа-

тар, қазақтың тарихында мәңгілік із қалдырған 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарынан қалған естелік ретінде де сақталды.

5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ: МӘДЕНИЕТ ПЕН РУХАНИЯТТЫ ҰЛЫҚТАҒАН ЭТНОАУЫЛДАҒЫ ЕРЕКШЕ ШАРАЛАР



АЛҒАБЕК ХАМИТҰЛЫ

Алматы облыстық орталық әмбебап
кітапханасының қызметкері

7-13 қыркүйек күндері астанада 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтті. 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясында апта бойы 21 спорт түрінен сайыстар, «Көшпенділер ғаламы» этноауылында мәдени шаралар, ғылыми бағдарлама шеңберінде «Көшпенділер: тарих, білім, сабақтар» атты ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды. Дүбірлі додаға 89 мемлекеттен 2500-ге жуық спортшы қатысты. «Қазанат» ипподромы маңындағы этноауылда 100-ден аса мәдени іс-шара ұйымдастырылды. Еліміздің барлық өңірінен жиналған өнерпаздар күнделікті концерттер, ауылшаруашылығы жәрмеңкелерін,

көрме, айтыс сайысын өткізді. Сондай-ақ, UNESCO, UNICEF, Alageum киіз үйлері тігілді. Соның ішінде UNESCO қамқорлығындағы Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығының Астанадағы филиалының директоры Үмітхан Дәуренбекқызының бастама-сымен «Аз и Я» атты киіз үй тігіліп, Қазақстанның халық жазушысы Олжас Сүлейменовтің шығармашылығымен және дүниежүзілік материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енген Қазақстанның 13 элементімен таныстырдық. «Аз и Я» киіз үйіне ЮНЕСКО ICHCAP бас директоры Kim Jisung, ЮНЕСКО ICHCAP Стратегиялық даму бөлімінің директоры Kim Deoksoon болды. Олармен бірге Қазақстан



Республикасының Материалдық емес мәдени мұра жөніндегі ұлттық комитеті төрағасының орынбасары Рустам Рахымұлы Мұзафаров қонақта болып, мәдени мұралармен таныстырдым. Сондай-ақ біздің шарамызды көруге ҚР МСМ Мәдениет комитетінің төрағасы Сейітова Күміс Қарсақбайқызы келіп, осындай руха-

ни бастамалардың тағы да жалғаса беру керектігін тілге тиек етті. Этноауылға келген әрбір қонақ біздің киіз үйімізге келіп, Олжас Сүлейменовтің шығармашылығымен етене танысып, көшпенділер ойында руханияты көтеретін, келген қонақтарды кітапқа қызықтыратын осындай киіз үй тігілгеніне ризашылықтарын білдірді. Осы жеті күнге созылған мәдени шарада мен үлкен тәжірибе жинадым. Шетелден келген қонақтарға өз мәдениетіміз бен тарих, салт-дәстүрімізді кеңінен насихаттап, таныстыру жолында өзімнің аз да болсын еңбегімді сіңіргеніме өте қуаныштымын. Алматы облыстық орталық әмбебап кітапханасының директоры міндетін атқарушы Гуля Жалимханқызына және ЮНЕСКО қамқорлығындағы «Мәдениеттерді жақындастыру орталығы» мемлекеттік музейі «Қазақстан мәдениетінің зерттеу институты» директоры, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайарткері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мұналбаева Үмітхан Дәуренбекқызына алғысым шексіз.

ИГРЫ КОЧЕВНИКОВ: ВОССОЕДИНЕНИЕ КУЛЬТУР И НАСЛЕДИЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ



Игры кочевников – воссоединение потомков предков людей Центральной Азии. Пятые Всемирные игры кочевников прошли с 7 по 13 сентября и стали одним из самых глобальных и обсуждаемых событий не только в Астане и Казахстане, но и в соседних странах, а также в других развитых странах мира. Это мероприятие планировалось не один год. Было

организовано около тысячи юрт от разных организаций, осуществлен сбор участников, волонтеров, артистов и просто зрителей. Главными точками стали ипподром «Казанат», «Астана Арена» и другие места. Открытие игр прошло на «Астана Арена». Министерство культуры и информации, при поддержке партнеров, организовало шикарное открытие игр с участием национальных и международных звезд эстрады, танцев и представителей шоу-бизнеса.

Я была независимым волонтером-переводчиком в юрте «АЗ и Я» от организации «Центр сближения культур» Казахстана. Эта юрта находилась на ипподроме «Казанат» в этноауле Всемирных игр кочевников. Наша юрта презентовала 13 нематериальных культурных наследий Казахстана и была посвящена творчеству Олжаса Сулейменова. Каждый день был особенным и насыщенным. Особенно высокая занятость была во время лекций от приглашенных спикеров – профессоров и сотрудников разных музеев. Были лекции о кочевниках и кочевом образе жизни, а также о экспонатах, представленных в самой юрте.

Одним из наиболее впечатляющих событий стало проведение розыгрыша книг Олжаса Сулейменова в конце дня закрытия игр кочевников. Но самой приятной и удивительной деталью нашей юрты для меня оказался мастер-класс по руническому письменности. Специально приглашенные профессиональные художники расписывали кружки по индивидуальному заказу гостей. Самое оригинальное в этом было то, что клиент мог сделать роспись своего имени на руническом. Данная акция явля-

ется непосредственной презентацией нашей юрты, так как в казахском языке до кириллицы и арабского алфавита наши предки использовали рунический алфавит. Я и многие историки верим, что рунический алфавит содержит в себе энергию и историю нашего народа.

Но самое интересное: роспись покрывалась специальным лаком, и после полного высыхания роспись на кружке становилась несмываемой. Само мероприятие прошло на высоком уровне. Полиция, военные, дежурные медицинские работники и волонтеры держали ухо остро и руку на пульсе. Были юрты от разных кафе и ресторанов. Мне очень понравилось данное мероприятие и его организация. Очень надеюсь, что и другие смогли насладиться этой атмосферой и духом наших предков – кочевников.

*Аружан Орсариева
Независимый волонтер-переводчик
юрты «Аз и Я»*

5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ...

*Күллі әлем көз тігіп отырған
5-ші Дүниежүзілік Көшпенділер
ойындарының алғашқы даярлығы мен ашылуы салтанатынан
фоторепортаж ұсынып отырмыз.*



Тайқазан - түгел түркінің ортақ жәдігері





«Көк тудың желбірегені, жаныма қуат береді»





Жұмыр жер бетінде қазақтың қызындай көрікті жан жоқ...



Алты алашқа атымызды әйгілеген «Алтын адам»



5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ АЯҚТАЛДЫ

8-13 қыркүйек күндері Қазақстан астанасында 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтті. 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясында апта бойы 21 спорт түрінен сайыстар, «Көшпенділер ғаламы» этноауылында мәдени шаралар, ғылыми бағдарлама шеңберінде «Көшпенділер: тарих, білім, сабақтар» атты ғылыми-практикалық коференция ұйымдастырылды. Дүбірлі додаға 89 мемлекеттен 2500-ге жуық спортшы қатысты.

«Қазанат» ипподромы маңындағы этноауылда 100-ден аса мәдени іс-шара ұйымдастырылды. Еліміздің барлық өңірінен жиналған өнерпаздар күнделікті концерттер, ауылшаруашылығы жәрмеңкелерін, көрме, айтыс сайысын өткізді. Белгілі фотожурналист Джимми Нельсон киіз үй ішінен фотостудия құрды. Сондай-ақ, UNESCO, UNICEF, Alageum киіз үйлері тігілді.

21 спорт түрі қамтылған сайыстар алты күн бойы 6 түрлі нысанда өтті: «Қазанат» ипподромы, «Арғымақ» спорт алаңы, этноауыл, Ж. Үшкемпіров атындағы жекпе-жек сарайы, «Алау» мұз сарайы. 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын ұйымдастыру дирекциясы әдепкіде, этносportтың 21 түрі бойынша 97 медаль жиынтығы сарапқа салынады деп жариялаған болатын. Шетелдік құрамалардың өтініші бойынша жарыс барысында дәстүрлі садақ атудан қосымша “пұт”, “қалқан” және “жамбы” нысаналары бойынша қыздар сайысы қосылып, медаль жиынтығы 100-ге жетті. Қазақстан спортшылары 112 медальмен көш бастады. Оның 43-і алтын, 32-і күміс және 37-сі қола жүлде.

Екінші орынды Қырғызстан ойыншылары еншіледі. Қырғыз спортшыларының қоржынына 65 медаль түсті. Оның 19-ы алтын, 21-ң күміс және 25-і қола медаль.

Медаль саны бойынша үшінші орынды Ресей спортшылары иеленді. 12 алтын, 12 күміс және 25 қола – жалпы 49 медаль жеңіп алды.

Ойындарға қатысушылардың көбі – Қазақстандықтар. Елімізден 195, Қырғызстаннан 172, Ресейден 144 спортшы қатысты.

Қатысушылар мен қонақтарға 1600-ге жуық волонтер көмектесіп жүрді.

Бүгін Этноауылда өткен жабылу рәсіміне спортшылар қатысты. Оларды 1000-ға жуық волонтер мен этноауыл қонақтары қошеметпен қарсы алды. Жиында Дүниежүзілік этносprot конфедерациясының президенті Нежмеддин Біләл Ердоған, Қазақстанның Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов, Қырғызстан Республикасының Мәдениет, ақпарат, спорт және жастар саясаты министрі Алтынбек Мақсұтов, 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын дайындау және өткізу дирекциясының жетекшісі Наиль Нұров сөз сөйледі.

6-шы Дүниежүзілік көшпенділер ойындары Қырғызстанда өтеді. Бұл туралы Нежмеддин Біләл Ердоған салтанатты жиын барысында хабарлады. Ол көшпенділер ойындары Қырғызстанға оралатынын айтып, Алтынбек Мақсұтовқа ДКО символы – торсықты табыстады.

worldnomadgames.kz

**Қазақстан спортшылары
112 медальмен көш
бастады. Оның 43-і
алтын, 32-і күміс және 37-
сі қола жүлде.**



**6-шы Дүниежүзілік
көшпенділер ойындары
Қырғызстанда өтеді.**

5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

Ойындарда жалпы саны 33 елдің спортшысы медаль иеленді.

Жер-жаһанның 90-ға жуық мемлекетінен келген 2500-ге тарта спортшы бір аптаға жуық көшпенді халықтардың төл спортынан сынға түсіп, 97 медаль жиынтығын сарапқа салды. Осы орайда Туризм және спорт министрлігі көшпенділер Олимпиадасында тіркелген қызықты деректерді ұсынды.

Қазақстан қоржынында қанша жүлде бар?

Алты күнгі аламанда Ұлттық құрама спортшылары 43 алтын, 32 күміс, 37 қола (жалпы 112 медаль) жүлде олжалап, жалпыкомандалық есепте бірінші орынға ие болды. Ойындарда жалпы саны 33 елдің спортшысы медаль иеленді. Жүлде алған мемлекеттер қатарында мұхиттың арғы бетінен келген Канада мен Мексика өкілдері де бар.

Қазақ күресіне қанша спортшы қатысты?

Дүбірлі дода аясында төл күресімізден өткен жарысқа әлемнің 44 елінен 294 палуан бақ сынады. Бұл – қазақ күресінің дүниежүзі бойынша қарқынды дамып келе жатқанының айқын көрінісі. Жүлде алған елдер қатарында көрші мемлекеттерден бөлек, Еуропа палуандары да бар. Атап айтқанда, қазақ күресінен белдесулерде Италия, Польша, Мажарстан, Нидерланд спортшылары жүлдеге қол жеткізді.

Жанкүйері ерекше көп болған спорт түрі

5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында ең көп көрермен көкпар мен көкбөрі жарыстарына келді. "Қазанат" ипподромында өткен екі сайыстың да финалдық бәсекесін 20 мың (әр финалға 10 000 көрермен келді)

жанкүйер тамашалады.

Ең көп спортшы алып келген елдер

Қазақстан құрамасының спортшыларын есепке алмағанда, биылғы ойындарға ең көп спортшыны Қырғызстан құрамасы қосты – 172 спортшы.

Ойындарға қатысқан ең жас спортшы - Хамза Амангелді. Аламан бәйгеде бақ сынаған Хамза небәрі 10 жаста.

Ең егде спортшы – 80 жастағы испаниялық Соледад Хименес Каррион. Ол дәстүрлі садақ ату сайысында өнер көрсетті.

Ойындарға қанша ерікті жұмылдырылды?

Спортшылар мен делегация өкілдеріне 1600 волонтер көмек көрсетті. Оның ішінде 20 шетелдік ерікті бар.

5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қанша жылқы қатысты?

Көшпенділер ойындарында көп спорт түрі жылқылардың көмегімен ойналатын болған соң, биылғы додаға жалпы саны 499 бас жылқы қатысты. Оның ішінде 100 бас Ұлттық құраманың жылқысы, Ойындарды ұйымдастыру дирекциясы жылқысыз келген өзге елдердің қатысушылары үшін 300 бас жылқы жалға алған. Сондай-ақ, Қырғыз Республикасы – 91, Өзбекстан Республикасы – 8 бас жылқы әкелді.

Сонымен қатар жарыстарға 41 құс қатысты. Оның ішінде 9 бас ұлттық құрамға, 8 бас Қырғызстан Республикасына тиесілі. 24 бас құсты өзге елдер үшін Құсбегілік федерациясы ұсынды.

inbusiness.kz

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ V ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНА АТСАЛЫСҚАН АЗАМАТТАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРМЕН МАРАПАТТАДЫ



2 ҚАЗАН

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Астана қаласында өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының жүлдегерлері, олардың жаттықтырушылары, сондай-ақ халықаралық спорт шарасын ұйымдастыруға және өткізуге ерекше үлес қосқан азаматтар мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Атап айтқанда, 1 адам «Парасат» орденінің және 7 азамат «Құрмет» орденінің кавалері атанды. «Ерен еңбегі үшін» медалі 85, ал «Шапағат» медалі 5 адамға берілді.

akorda.kz

Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов өзінің Facebook парақшасында:

«Бүгін Ақордада Көшпенділер ойындарын қорытындылайтын шара өтіп, әріптестеріміз – ұлттық спорт федерация басшылары марапатталып, алғысқа бөленді. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жарлығымен бекітілген Мемлекеттік наградаларды Президент көмекшісі Руслан Сұлтанұлы Желдібай табыстап, Президенттің ыстық лебізін жеткізді.

Көшпенділер ойындары әлем қызығушылығын тудырған мәдени және идологиялық маңызы жоғары халықаралық дода болды.

Ұлттық спортымызды кеңінен насихаттай отырып, әлем қауымдастығы алдында көшпенділер өркениетінің бір бөлшегі екенімізді, мақтан тұтатын ұлттық спортымыз бар екенін көрсете білдік.

Осындай айтулы шараға ат салысқан барша әріптестеріме шын жүректен алғысымды айта отырып, ұлтқа қызмет жолында еңбегімізді еселей түсейік демекпін!».

МАЗМҰНЫ

МИЛЛИАРДЫ ИНВЕСТИЦИИ И ГОРОД МЕЧТЫ: ЧТО ПРЕЗИДЕНТ ОБСУЖДАЛ В СИНГАПУРЕ	10
ИНТЕГРАЦИЯ И ДОВЕРИЕ: ЭКСПЕРТ О ВИЗИТЕ ПРЕЗИДЕНТА КОРЕИ В КАЗАХСТАН	15
ӘЛЕМ НАЗАРЫН АСТАНАҒА АУДАРҒАН ҰЙЫМ	19
АҚПАРАТТАР АҒЫМЫ: ҒЫЛЫМ	28
АҚПАРАТТАР АҒЫМЫ: МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ	33
АҚПАРАТТАР АҒЫМЫ: БІЛІМ	38
30 ЛЕТ НЕУДОВЛЕТВОРЕННОГО ОЖИДАНИЯ И ОШИБОК – В КАКИХ УСЛОВИЯХ НАЧАЛОСЬ ПРЕЗИДЕНТСТВО КАСЫМ-ЖОМАРТА ТОКАЕВА	43
АСТАНАДА ТҮРІКМЕН АҚЫНЫ МАҚТЫМҚҰЛЫ ПЫРАҒЫНЫҢ ЕСКЕРТКІШІ АШЫЛДЫ	61
ЦИФРЫ КАК ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЕ НАСЛЕДИЕ ЧЕЛОВЕЧЕСТВА	69
НАЦИОНАЛЬНЫЙ МУЗЕЙ КАЗАХСТАНА ОТМЕЧАЕТ 10-ЛЕТНИЙ ЮБИЛЕЙ	74
КНИГА – НАЦИОНАЛЬНОЕ ДОСТОЯНИЕ	77
Арын Орсариев ЕЩЕ РАЗ О КНИГАХ И ЧТЕНИИ	84
МЕРЕКЕ ҚҰЛКЕНОВ: ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ БҰРЫНҒЫ БЕДЕЛІН ҚАЙТАРҒЫМЫЗ КЕЛЕДІ	87
БЕЙБІТШІЛІК ЖӘНЕ КЕЛІСІМ КЕРУЕНІ: АСТАНА ҚАЛАСЫНДА ТАҚЫРЫПТЫҚ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТТІ	93
Shomishbay Sariyev MONOLOGUE OF THE POET (TO THE GREAT MAGZHAN)	96
2024'S KURULTAI: A UNIQUE EVENT TO COMMEMORATE THE ANCESTORS	97
«Я БЫ ХОТЕЛ, ЧТОБЫ МНОГИЕ ЛЮДИ ЗНАЛИ, ЧТО У КАЗАХОВ И ВЕНГРОВ ОБЩАЯ ИСТОРИЯ» – АНДРАШ БИРО	99
ТҮРІК МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ 34 ӘРІПТЕН ТҰРАТЫН ОРТАҚ ӘЛІПБИИ ҚАБЫЛДАНДЫ	105

КАК ВЫГЛЯДЕЛО КАЗАХСКОЕ ГОСУДАРСТВО В ТЕЧЕНИЕ 600 ЛЕТ НА СТАРИННЫХ КАРТАХ МИРА	107
Ертай Біләл «МҰТЫЛҒАН КІМ? МҰТЫЛҒАН НЕ?..»	116
БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ БӘЙТЕРЕГІ БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ – 100 ЖАСТА	121
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ҚАЗАҚТЫҢ ҚАБЫРҒАЛЫ ҚАЛАМҒЕРІ БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВҚА ЕСКЕРТКІШ ҚОЙЫЛДЫ	122
Нағашыбек Қапалбекұлы ТАУ ТҰЛҒАЛЫ ТАЛАНТ	125
Айзат Рақыш БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВТЫҢ «ӨЛГЕНДЕР ҚАЙТЫП КЕЛМЕЙДІ» РОМАНЫ – МӘҢГІЛІК ШЫҒАРМА	131
Жаңагүл Саметова БАЛА ЖАНЫНЫҢ БАҒБАНЫ	133
«МЕНЯ ЗОВУТ КОЖА»: В АЛМА-АТЕ ПОЧТИЛИ ПАМЯТЬ КЛАССИКА КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ	137
АҚЫННЫҢ 70 ЖЫЛДЫҚ БЕЛЕСІ: ҰЛЫҚБЕК ОРАЗБАЙҰЛЫ	139
САУЛЕ ДОСЖАН: «БЫТЬ ЧАСТЬЮ ЭТОЙ ИСТОРИИ - ЗНАЧИТ НЕМНОЖКО БЫТЬ АЙТМАТОВЫМ И АУЭЗОВЫМ»	141
Сәуле Досжан «ӨМІР БӘЙТЕРЕГІ» РОМАНЫ	144
НЕЗАВИСИМАЯ БРИТАНСКАЯ ШКОЛА ARDINGLY COLLEGE ОТКРЫВАЕТ ФИЛИАЛ В КАЗАХСТАНЕ	147
ИВАН САУЭР ВОШЕЛ В СПИСОК FORBES	150
ОРОО «КАЗАХИ ОМСКА»: СОХРАНЕНИЕ КУЛЬТУРЫ И ПРИВЛЕЧЕНИЕ МОЛОДЕЖИ	151
ДАРИЯ ДЖУМАГЕЛЬДИНОВА: ЖИЗНЬ, ПОЛНАЯ СЛОВ И ВДОХНОВЕНИЯ	153
Марал Таженова СКАЗКА О ДРЕВНЕМ ПАВЛОДАРЕ	155
КӘСІПКЕР ҚҰНЫ 20 МЛН ДОЛЛАР ТҰРАТЫН АКТИВТЕРІН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАЛАЛАРҒА БЕРДІ	159
СПИРИДОНОВА ВАЛЕНТИНА ГРИГОРЬЕВНА: ПОЧЕТНЫЙ ГРАЖДАНИН КАРАТАЛЬСКОГО РАЙОНА	161

ҰСТАЗ – ҰЛЫ ТҰЛҒА	166
МЕКТЕП – БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ ОШАҒЫ	168
III МЕЖДУНАРОДНАЯ ЛЕТНЯЯ ШКОЛА ДЛЯ ПЕДАГОГОВ СТРАН ЕВРАЗИИ	171
5-ШІ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ	173
THE WORLD NOMAD GAMES: CAPTURING A SENSE OF THE GREAT STEPPE	179
UNESCO GENERAL CONFERENCE PRESIDENT HIGHLIGHTS WORLD NOMAD GAMES' ROLE IN PROMOTING PEACE AND HERITAGE	182
КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫН АҚАНДАЙ ҰЛТТЫҚ ОЙЫН ТҮРЛЕРІ КІРЕДІ?	184
МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ V ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫНА ҚАТЫСТЫ	190
V ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНА АҚМОЛА ОБЛЫСЫ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ ҚАТЫСТЫ	194
5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНДА АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН МӘДЕНИЕТІ ҰЛЫҚТАЛДЫ	196
«АЗ И Я» КИІЗ ҮЙІ: 5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНЫҢ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫ	199
5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ АЯҚТАЛДЫ	216
5-ШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР	217
МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ V ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНА АТСАЛЫСҚАН АЗАМАТТАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРМЕН МАРАПАТТАДЫ	218